

84(5Қаз=4Жам)

Ә 55

Совет Әлімқұлов

Таңдамалы

Тараз - 1998ж.

84(Е қаз = 42 қаз)
255

Совет Әлімқұлов

Таңдамалы

Оқу залы

Аудандық
орталық кітапхана
NR 8393

Тараз - 1998 жыл

Совет Әлімқұлов
Тандамалы. Тараз. Жамбыл облыстық баспаханасы, -
1998 ж. 213-бет.

Белгілі қаламгер, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Совет Әлімқұловтың бұл таңдамалы өлеңдер жинағына ақынның көзі тірісінде жарық көрген он кітабынан оқырман жүрегінен орын алар жыр жолдары іріктеліп алынды.

"Сөз патшасының" сөлін сорып, өлең-өнердің мұхитында малтыған ақын Совет кез келген тақырыпта қалам тартқан. Сондықтан кітап үлкен-кіші оқырманның бәріне ортақ.

Құрастырушы - Бақытжан Советұлы Әлімқұлов.

Жауапты редакторы - Болат Жаппарұлы.

Кітапқа демеушілік жасаған -
Жамбыл аудандық әкіматы.
Аудан әкімі
Әбдінұр Әбілдаұлы Асылбековке
алғыс айтамыз!



АСҚАН АҚЫН
(Совет Әлімқұлов туралы азғана сөз)

Мен өзінен бұрын Советтің сөзін таныдым. 1962 жылы көктемде, Қазақ Мемлекеттік университетінің студенті кезімде, "Балдырған" журналында "Қарындасым бар менің" атты бір өлең жарияланды. Өлең керемет қарапайым, шыншыл, өмірдің өзінен ойып алынған.

*"Апам жоқта бөлмені
Қоятұғын тазалап,
Білгісі келіп әрнені
Сұрайтұғын мазалап,
Қарындасым бар менің".*

Балаларға арналған шығармаларды біраз оқып, оны-мұныны біліп қалған, ептеп қалам тарта бастаған маған мына өлең керемет ұнады. Талантты ақынның жазғаны-ау деп ойладым.

Қателеспеппін. Сол жылы жазда Советтің өзімен де таныстым. Содан Совет бұл дүниеден озғанша досша сыйласып, қаламдасша қауышып жүрдік. Совет Әлімқұлов досына қоң етін кесіп беретін мырза, адамға жақсылықтан басқа ойламайтын ақкөңіл, жалғанды жалпағынан басып жүре беретін мәрт жігіт еді.

Ол ат жалын тартып мініп, жақсы-жаманмен аралас-құралас өмір кешкен түс түрлі шектеулер аз болмайтын заман еді. Совет өзінің адам көңілін қалдырмас биязы мінезімен де, тамаша талантымен де көп нәрсені елең қылмайтын, шектеулерді мойындамайтын. Момынның ісін құдай жемейді. Сөкең ешқандай пысықайдан кем болған жоқ. Өзі сүйіп, сыйлаған Сарасы, ізін басқан, жолын қуған балалары-қыздары қалды артында. Қазір Сара бәйбіше Советің немерелерін тәрбиелеп отыр. Бұл - бақыт! Басты бақыт!

Ал, ақынның тағы бір бақыты - артында сөз қалдыру. Совет бұл бақыттан кенде емес. Ол - көзі тірісінде 10 кітабы баспадан жарық көрген үлкен ақын, майталман көсемсөзші.

"Тұңғыш кітап", "Өрімтал", "Күн көсем" кітаптары Советті нағыз балалар ақыны дегізген болатын. Ал, "Қол айна", "Сыбызғы", "Ықылас", "Ораласың ба, көктемім?" жинақтары оны тамаша лирик ақын ретінде танытты.

Лирикалық өлеңдері мен балладалары топтасқан "Ораласың ба, көктемім?" Советтің қызығы мен қиындығы мол қаламгерлік жолда маңдай терін аянбай төгіп, ұдайы ізденіп, еңбектеніп жүретінін қалың оқырманға анық байқатып еді. Ақынның өз дауысы, өзіне тән қолтаңбасы, поэзиялық көркемдік тәсілдерді қолдану әдісі анық аңғарылатын бұл жинақ Қазақстан Жазушылар Одағының жыл қорытындысына арналған жиналысында жоғары бағаланған болатын. Бұл әділ баға еді. Жинақтағы әр шығарма оқырман жүрегін биязылығымен сыршылдығымен, нәзік сезімталдығымен баурайды. Ақын - ақкөңіл, әсірленгіш, өмірді, оның сан түрлі бояу-бедерін, сан қырлы сырларын тануға құштар. Ол табиғаттың әсемдігі мен сұлулығын, жүрек шымырлатар ыстық сезімдерді шынайы бедерлейді. Туған жер, табиғат, достық, адамдардың бір-бірімен сыйластығы - Совет поэзиясының басты тақырыбы. Ақын кіндік қаны тамған жердің өз ұлына үлкен сенім артқанын, сол сенім үдесінен шығу - асқан абырой, борыш екендігін тебірене өлеңге қосады, ой бөліседі, сырласады. Лирикалық кейіпкерлерінің бойынан адамгершілікке толы асыл қасиеттерді, әр сезімді, жігерлілік пен құлшынысты сезінсең, сөйтесің де онымен бірге қуанып, бірге толғанасың.

*"Ораласың ба, көктемім,
Қанағат емес жеткенім.
Көкірегімде от демің,
Өкінішім де көп менің".*

Осы бір шумақтан-ақ Совет Әлімқұловтың тұңғыш тереңдігі аңғарылмай ма? Суреткер жүрегі мазасыз, ақын арманы биік. Ақын Совет жеткенін қанағат тұтпай, көп өкінішімен өмірден өтіп кетті.

Бір жақсысы ол бұл сөзді айтқанға дейін де, айтқаннан кейін де көп-көп жыр жазды. Соның біразының басы қосылған мына жинақ қолдарыңызға тиіп отыр, құрметті оқырман!

Біз осы жинақты құрастырып, шығарып отырған азаматтарға рахмет айтсақ болар!

*Әлдихан Қалдыбаев,
Қазақстан Жазушылар одағы
"басқармасының мүшесі."*

АҚЫНЫН АРДАҚТАҒАН БІЗДІҢ ХАЛЫҚ

Кез келген ұлтты, халықты әлемге әйгілі ететін оның өнері, тілі, діні. Бұл ретте сөз өнерінің өкілдері - ақын, жазушы, жыршылардың орны бөлек. Кешегі әлем таныған Әуезов, 150 жылдық мерекесі ЮНЕСКО шеңберінде аталып өткен Абай, жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған Жамбыл - иісі қазақтың мақтаны. Одан арғы-бергіде де мақтан етер марқасқалар баршылық. Оған шүкір дейік.

Ал, енді республика көлемінде танымал ақын, КСРО Жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі Совет Әлімқұлов - біздің мақтанышымыз. Республикаға танымал болса да, меншіктеп айтатын себебіміз Совет Әлімқұлов біздің ауданымызда баспасөз саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған. Оның шығармашылық шыңға шыққан кезі де сол жылдар.

Сәкеңмен үзенгілес қызмет атқарып жүріп, оның журналистік шеберлігіне талай төнті болғанбыз. Ал, ақын Совет азғана ғұмырында артында он өлеңдер жинағын мұраға қалдырып кеткен.

Ешкім ажалға араша тұра алмайды, осыдан алты жыл бұрын дүниеден өткен Совет Әлімқұлов биыл 60 жасқа толар еді. Амал нешік, тағдыр солай.

Өлі риза болмай, тірі байымайды. Өтпелі кезеңнің қиындықтары қылбұрау салса да, оның өлмес мұрасынан таңдамалы жинақ шығаруға мақсат еттік. Оның бағасын оқырман қауым бере жатар. Ең бастысы марқұмның өруағы риза болғай! Қашан да ақынын ардақтаған халықпыз ғой.

*Әбдінұр Асылбеков,
Жамбыл ауданының әкімі.*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӘР ТАСЫ ҚЫМБАТ МАҒАН

СӘЛЕМ, ТУҒАН АУЫЛЫМ

Жаныма жайлау, өріс кең,
Сәлем, туған ауылым.
Тай-кұлындай тебіскен,
Сәлем, туған бауырым.

Мақсатыма ниеттес,
Сәлем, жұртым, бәріңе.
Ақ жаныма тілектес,
Сәлем, жас пен көріңе.

Құшағын жайған қуанып,
Сәлем, әже, ағалар.
Алдымнан шыққан гүл алып,
Сәлем, жеңге, аналар.

Сыймай кетті, кім білер,
Қуанышым қойныма.
Сәлем, сәлем, інілер,
Асылыңдар мойныма.

АУЫЛЫМ

Мен үшін ыстық бауырын,
Мерейі үстем ұясын.
Қай жақта жүрсем, ауылым,
Жаныма жалын құясын.

Жолға шықсам мойнымда,
Топырағыңнан тұмарым.
Жатпай жайлау-қойыңда,
Тарқамайды құмарым.

Сендегі ыстық көзіме
Бетегелі белес көп.
Шакырады өзіне,
Гүлді жота елестеп.

Шақырады тауың да,
Шақырады күздар да.
Жалаң аяқ жауында
Бірге ойнаған қыздар да...

Көп жер көрдім өмірде
Саған жеткен жоқ бәрі.
Қайда жүрсем көңілде,
жанады ауыл оттары.

АУЫЛҒА КЕЛГЕНДЕ

I.
Ауылды шықтым аралап,
Түгендеп үлкен-кішіні.
Бүгінде гүлдеп бар алап,
Өзгерген көрік-пішіні.

Шатырлы үйлер көбейіп,
Жайыпты өркен сәнді ағаш,
Дегендей әнді төгейік,
Сайрайды сан құс, сандуғаш.

Кеңіпті жолы, өрісі,
Түзеліп көше тіз қатар,
Шалынбайды көзге көбісі,
Кешегі жастың біз қатар.

Артыма ұстап қолымды,
Көшеге шықтым аяңдап.
Кешегі өткен жолымды,
Еске алдым бір сәт аялдап.

Сені де сол сәт еске алып,
Төгілтім дейсің өлеңді.
Өзіңнен басқа ой бос қалып,
Жүрегім нұрға бөленді.

Ашылып қанша сыр беті,
Жолықтым бала кезіме.
Сол шақтың небір суреті,

Елестеп өтті көзіме.

Қызыққа баттым не керек,
Сен өттің кенет жүгіріп.
Ұстамақ болып көбелек,
Отыра қалдың жүгініп.

Көбелек біткен қырмызы,
Гүлдерден гүлге жүр қонып.
Шаттықтан жайнап нұр жүзің,
Сен-дағы кеттің гүл болып.

Жанардан кетті жас парлап,
Бұлдырап алды лайланып.
Сен ұштың кенет аспандап,
Бармақтай құсқа айналып.

Айналып басым тым қатты,
Көз алдым жатты тұтасып.
Сен қағып тез-тез қанатты,
Көрінбей кеттің бұлт асып...

II.

Қос терек, кеше біз еккен,
Қалыпты өсіп, биіктеп.
Сары шалға оны күзеткен,
Қол бердім басты иіп кеп.

Мұныма қартым сүйсініп,
Алғысын айтып, көптен көп.
Күрсінді кенет түйіліп,
- Гүлжаһан бізден кеткен,- деп.

- Естігем,- дедім елжіреп,
Бакытты болсын өмірде.
Сақалы аппақ желбіреп,
Үндемей қалды шал мүлде.

- Қызық қой тағдыр тегінде,
Кеткендей бізде есесі.

Гүлжаным үшке келгенде,
Дүниеден қайтты шешесі.

Деді де қартым күрсінді,
Көз тастап алыс жыраққа.
Жүрегінің әлсіз дүрсілі,
Естіліп тұрды құлаққа.

- Бәрін де, ата, білем ғой,
Талайдан тату көршіміз.
Бермесін баса кілең ой,
Қажымай алға өршіңіз.

Ұшпай ма құс боп қыз деген,
Он сегіз жаста қағынып.
Бақытына жетсе іздеген,
Қайтесіз жасып, қамығып.

- Рас қой, балам, мұнымды,
Оғаш та санап жүрерсің,
Әйтсе де ауыр мұнымды,
Балалы болсаң білерсің.

Ойменен бір сәт барласа,
Тірліктің көп қой шатағы.
Екі жас онды болмаса,
Алдымен бізге батады.

Өмірдің ащы тұзы көп,
Түсіне алса Гүлжаным.
Ері ұрысса, иттің қызы деп
Мен үшін қайғы, бұл жалын.

Демессің, балам, мұны айып,
Қыз беріп бұрын көрген кім.
Түсіме Гүлжан мұңайып,
жабығып жүрем енген күн.

Біз болсақ шөгіп барамыз,
Қинай да түсёр бұл жанды.

Ұрмай ма күйеу баламыз,
Ішіп кеп кейде Гүлжанды.

Шықпайды ойдан бәрісі,
Осының бәрі кім үшін.
Баланың ағат әр ісі,
Алады әке тынышын.

III.

...Менің де бүгін балам бар,
Менің де бүгін бар қызым.
Оларды ойлап алаңдар,
Әкелік кешпес парызым.

Менде де бүгін күдік көп,
Ойларға неше батамын.
Ер жетіп ұлым жігіт боп,
Гүлдеуін тілеп жатамын.

Тілеймін көптен дара мен,
Қызымның тұрмыс құруын.
Аңсаймын күйеу баламмен,
Жарасып келіп тұруын.

Мен-дағы бүгін күні-түн,
таппаймын тыным тепеңдеп.
Ұл-қызым - күткен үмітім,
Бақытты болса екен деп!

ЛУГОВОЙЫМ

Луговойым, қашан да жадымдасың,
Тіршілігім, тынысым, қанымдасың.
Сен менің қасиетті анамсың ғой,
Қандай бала анасын сағынбасын!

Луговойым, ой сана, көңілдесің,
Қалай жырым сен үшін төгілмесін!
Арқаланаң сен менің әкемсің ғой,
Жүрегімнің сондықтан төріндесін.

Луговойым, мен озған жарыстасың,
Берген бата маған жұрт алғыстасың.
Луговойым, кіндігім кескен жерім,
Ар-ұят пен мендегі намыстасың.

Луговойым, назқоңыр өнімдесің,
Жеміс салса, еңбегім дәніндесің.
Луговойым, киелі туған жерім,
Қуаныштың мендегі бәріндесің.

*Луговой қазір Құланды болып аталады.

* * *

Өзіңді ылғи көргенде,
Өрт болып іштей маздаймын.
Қасыңа таяу келгенде,
Жынданып кете жаздаймын.

Сен десем қоя береді,
Кеудемде жанып лаулап күн.
Шындығын айтсам керегі,
Ғашықпын деуден аулақпын.

Жолықпай қалсам бір-ақ күн,
Жабығам тауым шағылып.
Үніңдей ерке бұлақтың,
Күлкінді қалам сағынып.

Жалт ете қалар жұлдыздай,
Көзіңді қалам сағынып.
Кеудемде шөгіп күн қызбай,
Өзіңді қалам сағынып.

Біле алмай жүрмін мол ұғып,
Сиқырлы сенде не күш бар.
Күн сайын саған жолығып,
Тұруға жаным тым құштар.

Өтінем ғафу тағы да,

Әлдилеп жырмен тербетсем.
Түспейме қылау арыма,
Сезімге еріп мен кетсем.

Мен болып саған тіл қатсын,
Майталман шешен, көсем жыр.
Қол жетпес маған қымбатсын,
Тілегім мұңсыз есен жүр.

* * *

Асыр салып төрінде,
Луговой мен Меркенің.
Еркін өскен өмірде,
Бірімін мен еркенің.

Луговойда тудым да,
Меркеде өсіп ер жеттім.
Жастай арман қудым да,
Жыр бесігін тербеттім.

Луговой- Мерке мен үшін,
Қос ана ыстық төсі кең.
Аузыма тосып жемісін,
Мойнына салып өсірген.

Луговой- Мерке өмірде
Мен үшін алтын босаға.
Жүрсем де қайда көңілде,
Тұрады қатар қос ана.

ҚАРАСУ

Қарасуым Луговойға әр беріп,
Жататұғын төсін керіп, бөлденіп.
Терінде оның жүзетұғын қос ақку,
Түйістіріп тұмсықтарын сәнденіп.

Жаға толы жабайы алма, жас өрік,
Біз жатушы ек көк майсаны төсеніп.
Ақ балтырын суға малып бір шетте,

Ән салатын бойжеткендер шаш өріп.

Қанаттары су-су етіп ақ ала,
Қиулайтын қонбай ұшып шағала.
Қармақ салып қалытқыдан көз алмай,
Бір топ бала отыратын жағада.

Қарасуым кейде тентек тулайтын,
Алға қарай мың бүктеліп зулайтын.
Жиегінде сынсып өскен тал қайың,
Сыпсың желге қосылып кеп шулайтын.

Сол күндегі қайда кеткен ажарың,
Неге ерте тарқаған той, базарың.
Дүниеде болмағандай Қарасу,
Саған тіпті салмайды жұрт назарың.

Мен үшін жоқ артық өзен өзіндей,
Сені көрсем тұра алмаймын езілмей.
Ат жалынан кеше асатын, Қарасу,
Жалтырайсың бүгін жылға көзіндей...

МЕН ТУҒАН ҮЙ

Әркімнің туған үйі өзіне ыстық,
Өзіне ыстық, көңілі көзіне ыстық.
Көргенде, туған үйім, көк түтінің,
Бойымды орап алды сезім ыстық.

Бұл үйі- қатал тағдыр, қатал ардың,
Бұл үйі- тараған ақ баталардың.
Бұл үйі- өсіп-өнген бұтақтары
Кешегі ақсақалды аталардың.

Базары тармақтайтын дара тұнған.
Бұл үйде әкем тұрған, анам тұрған.
Бұл үйде асыр салып төрт балапан.
Кең дүние көгіне қанат ұрған.

Туған үй еді маған Кремльдей,

Тұратын есігі ашық тиек ілмей.
Бүгін қалдым алдында жүдеу тартып,
Бұрынғыдай жарқылдап күле кірмей.

Көңіл қатты құлазып, күйреп, тоңып.
Кеудемде тұрды өкініш- түйнек қорып.
Мен үшін артық еді туған үйдің,
Сатылмай-ақ жатқаны үймек болып.

ДАЛА

Төсінде асыр салған бала көктем,
Па, шіркін, сұлу еді дала неткен!
Көшіп келе жатқандай жасыл жота,
Қызғалдағын көтеріп жалау еткен.

О, дала, саф ауанды жан аңсаған,
(Елжіреп үлкен тоят қарау саған)
Көз жасындай мөлдір шық түседі аунап,
Жапырақтан, көк шалғын балаусадан.

Сияқты тіршілікке дала бесік,
Құшағында гүл жауһаз жарады өсіп.
Темір қанат балапан ұядағы,
Алғаш мұнда көз ашып қағады есік.

Дархан дала өмірге тыныс, тірек,
Үстінде жатыр күнде ұлы іс түлеп.
Адамдар қазыналы құшағынан,
Алады керегінше ырыс күреп.

ҚОЙЛЫ АУЫЛ КЕШІ

Батысқа батқан күнмен қарбаласып,
Маңырап көрінді мал қырдан асып,
Шуылдап бір топ бала үй маңында,
Мәз боп жатыр шанада сырғанасып.

Әжесіне қыңқылдап "арқалашы",
Деп немере тұр ұстап қолға қамшы.

Аудандық
орталық кітапхана
№ 28393

Таң біліне тазы ертіп түзге кеткен,
Аң байлап қанжығаға оралды аңшы.

Желде ызғар жоқ болса да әзіргі ескен,
Ыңылдап қоян сүйек өнге ілескен.
Қора алдына шөп шапқан жеңгейлердің,
Сөздері сондай жарқын өзілдескен.

Шешеден "тез кел" деген тапсырма алып,
Құдықтан қыз шелегін тартса ырғалап.
Қасындағы су толы астаудан жай,
Жымып жас жігіт тұр ат суғарып...

КӨЛ ЖИЕГІНДЕ

Айдында жұбы бөлінбей,
Қос аққу қатар жүзеді.
Жағада жас қыз өрімдей,
Құшақтап отыр тізені.

Жалаңаш жұмыр иыққа,
Жайылып шашы төгілген.
Қарайды иірім ұйыққа,
Құлықсыз бей-жай көңілмен.

Күн сүйіп аппақ балтырын,
Қыздырып ойнап "шымшиды".
Жанында жүдеу ақ қайың,
Жапырақ төгіп, сыңсиды...

СУСАМЫР

Қандай ғажап, жаз жайлауы Сусамыр,
Тау беткейін қаптай өскен шырша гүл.
Төбеде тұр бозша торғай өн толғап,
Желпінбей көр шаттық бойға сыйса бір.

Көк майсаға тұнып сұлу тұрса қыр,
Асыр салмай таба алады кім сабыр.
Жотада қой, ойда жылқы жусаған,

Қандай ғажап, жаз жайлауы Сусамыр.

Жан түкпірін арайланып, жуса нұр,
Жүректе ойнап жаңа шабыт, туса жыр.
Сенің берген ләззатың деп ұғамын,
Жер жаннаты, жаз жайлауы Сусамыр.

ДОМБЫРА

О, домбыра, жан күйіме сен серік,
Саған айтам бар сырымды мен сеніп.
Қос ішегің сергітеді сыр шертіп,
Ауыр ойдан қажығанда теңселіп.

О, домбыра, тым сезімтал, еркесің,
Тарта білсе жүрек тоңын ертесің.
Мылқаудың да жан дүниесін нұрланып,
Өткеннен бір шежірелер шертесің.

Тарта білсе сөйлейсің сен шешіліп,
Қос ішегің тыным таппай есіліп.
Адам жанын әуезіңмен әлдилеп,
Өкетесің көңіл күйін өсіріп.

Домбыра, шын шешенсің кең тынысы,
Тыңдаушының қанған құлақ құрышы.
Сен сөйлейсің күмбір қағып мың тілде,
Сөйлете алу сені жігіт ырысы.

Сенің күйің жақыннан не жырақтан,
Шалқып кетсе барлық жүрек ұнатқан.
Сенің күйің қатуланып талайды,
Талайларды сүйсіндіріп, жылатқан.

О, домбыра, аңқылдаған боз далам,
Шексіз мұра тым тереңнен қозғаған.
Сенің күйің исіндіріп талайды,
Ақ інгенді ботасы өліп боздаған.

Сенің күйің қыран болып самғаған,

Сенің күйің биіктер жоқ алмаған.
Сенің күйің жұмыртқа шайқап ұяда,
Сенің күйің жыланды да арбаған.

О, домбыра, жан күйіме сен серік,
Саған айтам бар сырымды мен сеніп.
Қос ішегің сергітеді сыр шертіп,
Ауыл ойдан қажығанда теңселіп.

ЕСКЕРТКІШ

Жамбыл облысы, Мерке ауданы Киров атындағы колхоздың Ұлы Отан соғысында елі үшін өмірін пидә өткен 128 ерге орнатқан ескерткіш алдында туған ой.

Тағдырын ойлап жүз жиырма сегіз батырдың,
Көзімді ілмей аппақ таңды атырдым.
Қабырына гүл қоюға солардың,
Ауыр ойға батып келе жатырмын.

Қайтпаса да олар елге оралып,
Жатыр бүгін гүлге шымқай оранып.
Отан үшін жасаған мол ерлігі
Аңыз болып жас ұрпаққа таралып.

Батырлардың даңқын алып жұлдызға,
Жеткізердей тулайды ойда жыр қызба.
Олар жақын аға екен-ау, дариға-ай,
Мен үйленген қара торы бір қызға.

Төгіле ме мұңға батқан кезде өлең,
Мұны бұрын қалай жаным сезбеген.
Ойлап тұрсам айырыпты сұм соғыс,
Талай қызды жүз жиырма сегіз жездеден.

Жүз жиырма сегіз ерте тоқтап жастық өн,
Көтеріп түр ескерткіш қып тасты нән.
Ата аналар үңіледі кемсеңбеп,
Ұлын көріп ер жазудың астынан.

Бұлар отқа елі үшін барды ұшып,
Жауға деген қайнаған кек, ар қысып.
Үлгермеді көпшілігі олардың,
Сәби сүйіп не болмаса жар құшып

Бұлар жатыр борыштары өтеліп,
Көп қайталап ол туралы нетелік.
Бұлар жатыр өздері алған жеңістің
Құрметіне іштей тосты көтеріп.

Бұларды, елім, ардақ тұтып сыйландар,
Бар алғысты осында өкеп жинаңдар.
Жатыр мұнда төтті ұйқығы мәңгілік,
Елі үшін қыршын жасын қиғандар.

Бұлар кілең жиырмадағы өрендер,
Ерлік ісі дастан ұзақ өлеңдер.
Сондықтан да қабырына бас иіп
Ескерткішін шымқай гүлге бөлендер.

ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні, жан өкем оралмады,
Жанымның көктемеді мол арманы.
Көп үйлерде жатқанда шаттық шалқып,
Біздің үйді орады боран мәңгі.

Не деген қиын еді нала күйік,
Бір уыс боп тұрды анам қара-киіп.
Қарындасым екеуміз жылай бердік,
Сол күндегі бейкүнә бала киік.

Аян ғой салтанаттың жиын мәні,
Көп үйдің кетіп жатты қиырға өні.
Көп досым киіп шыққан пилотканың,
Қайтейін маған бірі бұйырмады.

Нұрлантарсың жүректің төрін қайтіп,
Жан жараны қасірет түр ұлғайтып.
Көрші үйге қуанышқа барған қарттар,

Біздің үйге кеп жатты көңіл айтып.

Көрмедік бұл соғыстың қай қысымын,
Қуанышы жүз болса қайғысы мың.
Деді қарттар анама, - қой жылама,
Аман болсын қызың мен байғұс ұлың.

Енді қайтіп көрмесін жер үсті мұң,
Арайын тұрсын төгіп келісті күн.
деді қарттар анама қой егілме,
Жаман ырым бастама, жеңіс бүгін.

Білеміз кеудеңде өрт, ішің жалын,
Сөкпейміз үгілгенің үшін, жаным.
Отан үшін жүрегің қалқан еткен,
Елмен бірге, өлген жоқ, түсін жарың.

Ер өлмейді, жорыма теріс мұны,
Артта қалған жайнайды тегіс гүлі,
Солардың қаныменен келгенін ұқ,
Бүгінгі көпке қымбат жеңіс күні.

Үлкендердің қайтармай сөзін күтіп,
Бойың басқан зіл қара сезімді іркіп.
Бізді алып оттай ыстық құшағына,
Асыл Анам жұбанды көзін сүртіп.

Асыл анам жұбанды қуаттанып,
Қарттар төрде отырды сыр ақтарып.
Шай қайнады, жайылды кең дастархан,
Терезеден төгілді шуақ тамып...

МЫЛТЫҚ

Досымның бір күні
Үйінде мейрамды қарсы алып.
Төгілтіп күлкіні,
Отыр ек ән салып.
Көзімнің қиығы
Төрдегі мылтыққа түсті де,

Мұздады өн бойым,
Тастай су құйғандай үстіме.
...Өтті көз алдымнан,
Адамдар
Кеудесін басып құлаған.
Аңырап балалар,
Көз жасын бұлаған.
Өтті көз алдымнан
Сүйенген адамдар балдаққа.
Тасталған бомбалар,
Жайқалған бау-баққа.
Өтті көз алдымнан,
Сан ойға малтықтым.
Гүрс етіп атылған,
Бір оғы мылтықтың.
Мылтықтың бір оғы,
Тоқтатып жыр-өнді,
Орнатып қара түн,
Самғаған қыранның,
Сындырды қанатын.
Мылтықтың бір оғы,
Семдіріп қаншама мақсатты,
Алаңсыз жайылып жүрген,
Маралдың лағын ақсатты.
Мылтықтың бір оғы
Қайғылы нешеме
Суреттер әкелді
Соғыста кешегі,
Өлтірді әкемді.
Түрлі ой кеп басыма,
Көзімнен жас тамып.
Дедім мен досыма,
Төрге ілме,
Мылтықты таста алып.

ДИКАН

Қуан ел, қуан Отан, қуан халқым,
Мүмкін бе той болуы, бұдан жарқын.
Дикандарым ерледі жеңісімен,

Тау-тау етіп астықтан жинап алтын.

Тамыр тартып тереңге ұлы іс, бірлік,
Жасай алдық ұғысып дұрыс тірлік.
Желге ұшырмай бастырып, түйір дөңді,
Қоймаға ел дәулеті ырыс кұйдық.

Алыс қап ала жаздай шеккен бейнет,
Жүзеге асты бар мақсат, күткен ниет.
Маржан таулар жүректі нұrlандырып,
Шіркін-ай, неткен байлық, неткен зейнет.

Бүгінгі күн көңілдің шуақ бәрі,
Қосылмай көр дүрмекке шыдап көні.
Диқан деген бір сөзде қанша салмақ,
Жұртқа мәлім қанша онда қуат бары.

Диқан ойдың қашанда құрсауында,
Жүреді күнде оранып нұр сағымға.
Оның ащы тері бар тіл үйірген
Әр түйір алтын дәннің құрсағында.

Диқансыз бітік егін тегі өспейді,
Оның үстем мерейі, белес пейілі.
Диқан десек тоқшылық есік ашып,
Диқан десек ақ тоқаш елестейді.

ДИҚАН ҚУАНЫШЫ

Қуаныш бар диқанда тұрған дара,
Көз алды сары алтынға тұнған дала.
Көк төсінде көп тырна қиқулайды,
Көз тастап егіндіке құмарлана.

Төгілген тер ырыс боп төленіп бір,
жатыр дала дөңге оранып, кенеліп қыр.
Ең даладан ең дәулет демін тыңдап,
Диқан жаны шуаққа бөленіп тұр.

Оның тарап барады алысқа әні,

Бұл өзі тегін емес, табыс мәні.
Көңілге себелейді мақпал сезім,
Дән аркалап даланың қайысқаны.

Биыл да ырғалады егін бітік,
Дән байламай қалыпты тегі бір түп.
Құт дарыған далаға тояттанып,
Қүлімдейді молшылық диқан күтіп.

КӨКТЕМ ТАҢЫ

Пердесі таңның түріліп,
Көрінді күн нұр шашқалы.
Балапан шыбық тіріліп,
Бүршігін жара бастады.

Жүздесті бізбен көңілді,
Өмірдің тағы бір күні.
Будақтап көкке өрілді,
Ауылдың көкшіл түтіні.

Көктемнің таңы әр үйдің,
Қүлімдеп ашып есігін.
Тәтті ұйқы боп сәбидің,
Тербеді әнмен бесігін.

Құбылды мың сан түске еніп,
Даланың ғажап келбеті.
Шүпірлей ұшқан құс келіп,
Шымырлап кетті көл беті.

ҚЫЗ ҚУУ

Айнала айқай қым-қуат,
Жиылып жұрт тұр беткейде.
Жігіт боп қызды қуды үміт,
Жете ме, әлде жетпей ме?!

Шуламас қайтіп, ел қызбай,
Жігітті міне ыза ғып.

Жеткізбей жарық жұлдыздай,
Келеді алда қыз ағып.

Денесі қалай тозбасын,
Мұндайда нағыз сұңқардың.
Жібердім қызып өз басым,
Тізгінін шабыт тұлпардың.

Бұрқаған жолдан шаңдағы,
Көз алмай тұрған ел аз ба.
Өлендей қызды мен-дағы,
Әкелдім қуып қағазға.

* * *

Гүлдер сынды қаулап шыққан өңірге,
Адамдар бар неше түрлі өмірде.
Бірі оның жараласа жаныңды,
Бірі күн боп ұялайды көңілге.

Бірі саған құшақ жайса шалғайдан,
Бірі сені күте-күте сарғайған.
Бірі сенің талантыңа бас исе,
Бірі дайын соғуға қас маңдайдан.

Бірі сені шықса сүйеп асуға,
Бірі өзір сыртыңнан сөз тасуға.
Бірі сенің тұнығыңды лайлап,
Бірі құмар жемісінді басуға.

Адамдар-ай қилы-қилы мінезді,
Жақсы көріп, жарылқамақ кім езді?!
Шіркін сылып тастаса ғой бойдағы,
Көре алмастық, күншілдік-дерт мерезді.

* * *

Жеңілтек су өрден құлап алға ақты,
Жел ұшырып дөңгелетті қаңбақты.
Бір орында тапжылмай жаңғыз-ақ
Тұрды жартас байсалды да салмақты.

Тұра алмайтын ғайбатына жан шыдап,
Талай сөздер өтті мені қамшылап.
Сондадағы міз бақпадым жар тастай,
Жала сөзден тұрды арым аршып ап.

* * *

Табиғатқа қояр кінә бар ма айып,
Болды көзден жазды күнгі сән ғайып.
Тал-теректер жалаңаш қан сидиып,
Жапырақтар ұшып жатыр сарғайып.

Кешіе ғана тұрған жайнап, нұр сіңіп,
Семіп жатыр сабағынан гүл сынып.
Оның аяп мұнша қысқа ғұмырын,
Тұнжырады бағбаншы қарт күрсініп.

Бұрынғыдай жатқан түз жоқ сыйқы ұнап,
Құс біткендер қайтып жатыр қиқулап.
Көкке қарап күрсінеді қарт бағбан,
Жүрегінде әлдеқандай күй тулап...

* * *

Табиғат та кетті қалғып тыныстап,
Дем алуға бет түзеді айдағы.
Ақын ойда отыр шашын уыстап,
Есіне алып елестерді қайдағы.

Бұлттардағы көшіп жатыр үдеріп,
Тау басына қонғалы.
Ақын отыр жағын таяп түнеріп,
Ойында өлең жолдары.

Таң да атты нұрланып,
Гүл бетіне кетті мөлдір жас толып.
Ақын отыр өлі үнсіз сұрланып,
Қалғандайын қатып мүсін, тас болып.

КҮЗ КЕЛІП ҚАЛҒАН БА?

Талаурап күннің қызуы

Төгілмей онша бар маңға,
таусылып жаздың қызығы,
Күз келіп тағы қалған ба?

Сарғайып талда жапырақ,
Суық жел соғып, үдеуде.
Сөнінен кетіп атырап,
Сүлесок тартып жүдеуде.

Төркіндеп келген еліне,
Той тарқап құстар қайтуда.
Қарайлап дала, көліне,
Қоштасу өнін айтуда.

Қарт таудың көріп басы қыс,
Қарайды мынау жалғанға,
Тез өтіп уақыт асығыс,
Күз келіп тағы қалған ба?

КҮЗ

Көңіл бүгін көтеріңкі, шат қандай,
Қыр да, түз де молшылыққа батқандай.
Егінжайда дән бастырып, қалқыған,
Көп комбайн еңбек күйін тартқандай.

Тоқ бүйірлі молшылық қой күз деген,
Байлық сонда күтіп халық іздеген.
Үйіп жатыр тау-тау астық қырманға,
Дән суырған келіншектер қызбенен.

Барлық адам түріп алған білекті,
Қимылдары қуантады жүректі.
Біз де кеттік араласып еңбекке,
Аса салып қолға бір-бір күректі.

Қуанышты көздеп тұрған маздап бір,
Күн көзінен құйылады ғажап нұр.
Көк төсінде риза болған бозторғай,
Сүйініштен жарылуға аз-ақ тұр.

ДАУЫЛ

Дауыл тұрып, бұлданып, бүлік ашты.
Қым-қуыт болып кетті аспан асты.
Жотадағы тұсаулы атты үркітіп,
Қазақ үйдің түнлігін ала қашты.
Төңірек көз аштырмас ала құйын,
Текті жел аңыратып нала күйін.
Түтіліп үсті-басы жұлмаланып,
Тартысқа түсіп кетті дала қиын.
Неліктен екіленді соншама бұл,
Ұшып жатыр жұлынып қаншама гүл.
Дегендей дауыл түзге айқай салып:
- Қарсы тұр ма, шаршама, әліңді біл.
Дей ме, бәрін бұл дауыл жалап өтем,
Жатыр көріп қаншама залал мекен.
Дауыл құмар сонда да болып менің,
Өр көңілім неліктен жаралды екен.

ТҮН

Селт етпейді тау жырақ,
Шықпайды ешбір дыбыс түк.
Мақпал түн түсіп, маужырап,
Биледі маңды тыныштық.

Жұлқылап гүлін бау-бақтың,
Мазалар жел де жуасып.
Оттары ауыл-аймақтың,
Бір жұмды, көзін бір ашып.

Тыншыды шуы тиыдып,
Толқыған көл де жарды ұрып.
Қайың-тал түгел бұйығып,
Ұйқыға бойын алдырып...

- Әу,- десең шошып даусыңнан,
түсердей бейқам маң аунап.
Күндізгі күйі таусылған,

Мүлгіп тұр дала манаурап.

АҚША БҮЛТ

Ей, ақша бүлт, ақша бүлт,
Манып қайда барасың?
Үміт артып барша жұрт,
Қарайды, суар даласын.

Аяма төк жасыңды,
Оңбасын шөп қуарып.
Гүлді қызыл-жасылды,
Жайнатып өт суарып.

Ей, ақша бүлт, ақша бүлт,
Нәзік түбіт мақпалсын.
Ақындарға бер шабыт,
Жырын жазып шаттансын.

Жетіп жастан ақ қарды,
Төтті ұйқыға жатарда.
Нұрға бөле аспанды,
Жарқырап таң атарда.

Ей, ақша бүлт, аспанда,
Қуанам сен ұшқанда.
Жаңбыр боп жет достарға,
Жай болып түс дұшпанға.

ЖАЛҒЫЗ ҚАЙЫҢ

Жалғыз қайың, аман ба, жайың қалай?
Артқа тастап жолықтық жылды талай.
Өткен уақыт сені де жұлмалапты,
Бұған қалай тұрайын жабырқамай.

Жалғыз дәудей күзетіп құла түзді,
Қарсы алдың талай көктем, талай күзді.
Жаныңда шымшық көздей мөлдіреген,
Жоғалыпты жасырып бұлақ ізді.

Қандай күйлер білмедім жаныңды езген,
Шықты жас боп мендегі жалын көзден.
Сұлулықтан кешегі жұрнақ та жоқ,
Көрінбейді ақ балтыр қалың безден.

Десем де қартайдың деп үркітпейтін,
Несіне қалам сырды іркіп кейін.
Жел тұрса мұң шағасың қалбалақтап,
Қанаты сынған бейне бүркіттейін.

ҚАМШЫ

Тиген жерін күйдіріп, осып өткен,
Қамшы ердің болмаған досы тектен.
Тобылғы сап қамшысы жоқ жігіттің,
Құлазып, көңілінің қошы кеткен.

Деме бүгін қамшының құны кетті,
Тұрсын төрде ілулі ол күдіретті.
Кавказдыққа қанжары болса мақтан,
Қазақ үшін қамшы күш - күдіретті.

...Талабым құлаш ұрып төске менің,
Өмірде қаққы көрмей ескен едім.
Сонда да қарт қолынан қамшы көрсем,
Қалт басып қалдым ба деп сескенемін.

ЖАҢА ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Кел, жаңа жыл,
Аппақ таңның ақ нұрынан жаралған.
Күлімсіре ұшқын шашып, мөлдіреген жанардан.
Бүршік атып, гүлін ашып көктесін,
Жүректерде жаңа мақсат, жаңа арман.

Кел, жаңа жыл,
Көңіл өсіп, мәртебебіз биіктеп,
Қарсы алайық, өн салайық күліп тек.
Төріне шық бақыт сыйлап әр үйге,

Арайлы мол шапағатты үйіп тек.

Кел, жаңа жыл.

Айқара ашып береке-құт есігін.

Шалқыта түс адамдардың ырысы мен нәсібін.

Жақсылықтың нұр сәулесін төгілтіп,

Сәбилердің өнмен тербе, күймен тербе бесігін.

Кел, жаңа жыл,

Жаңа шабыт, туғыз жаңа толғаныс,

Баста елді шұғылалы жолға алыс.

Жер бетіне сыйла тылсым тыныштық,

Дүниеге бер шуақты қозғалыс!

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құтты болсын жаңа жылың, достарым,

Жүзеге ассын ізгі мақсат, жоспарың.

Бәрімізде болсын мықты денсаулық,

Қуанышта қосыла берсін бастарың.

Құтты болсын жаңа жылың, достарым,

Жаңа жылда жаңа тілек қосқаным:

Арамызда болсын бірлік ынтымақ,

Ашық болсын мөлдіреген аспаның.

Ынтымақта біз басылмас жасуымыз,

Ынтымақта біз сәндіміз, сұлуымыз.

Терең тамыр жая түссін қимастық,

Мен қимайтын аман болсын сұлу қыз.

Біз құрышпыз ынтымақта көрінсек,

Бізге жеңіл ынтымақпен жеңілсек.

Терең тамыр жая түссін сыйластық.

Мен сыйлайтын аман болсын келіншек.

Ынтымақта өрге қарай тарт бәрің,

Жүректерге тапсын сүрлеу тәтті өнің.

Ауылымның хаттарындай қаттаулы,

Аман болсын әжелер мен қарттарың.

Құтты болсын жаңа жылың, достарым,
Жоламасын жанға қайғы, басқа мұң.
Сол үшін де келіндерші тік тұрып,
Жаңа жылдың көтерейік тостарын!

АҚСАҚАЛДАР

Ассалаумағалейкум,

Арыстан кеуде, нар белді

Ауылымның шалдары

Көреген көз, зерделі

Армандай ақ жандары.

Ассалаумағалейкум,

Мақамға ұя таңдайы

Суырлып тұрған шешендер.

Кере қарыс маңдайы

Ақылға толы көсемдер.

Ассалаумағалейкум,

Алдынан қия өтпейтін

Сыйынар пірім жан ием.

Айтқаны теріс кетпейтін

Болжамы күшті өулием.

Ассалаумағалейкум,

Жапырақ жайып мәуелеп

Өркені өскен бауларым,

Шоқтығы тұрған өуелеп

Ақ шашты Алатауларым.

БІЗДІҢ ҚАРТТАР

Біздің қарттар бізге былай деседі:

- Жаман болсаң салдың елге дақ-сүйел.

Онда тыңда ешқандай жоқ өсегі,

Жаман ерді асырайды жақсы өйел.

* * *

Мен қарттардың барлығына табынам,
Олар бағбан, жеміс берген бағынан.
Қатуланса иікпейтін қара емен,
Жадыраса жарылады ағынан.

Қасиеті шеттерінен арқалы,
Оларға аян жаздың қалай тарқары.
Жұмбақ емес бұл қарттарға белгілі,
Келер жылдың құпиясы, бар халі.

* * *

Біздің қарттар шын мәнінде дана тым,
Сөздері көп тағлым-тәлім алатын.
Достан артық жарты жолда қалатын,
Жүйрік атың деген серік-қанатын.

Жарықтықтар заманында бағы артып,
Тұрған сөздің қасиетін жаңартып.
Деген олар жетесіз ұл - жаман жар,
Қара шашты жібереді ағартып.

* * *

Біздің қарттар майыспайтын кіл шынар,
Қайсы сөзі намысыңды шымшылар.
Жас шағында әлсіз болған бірі жоқ,
Бәрі жойқын болып өскен шын шығар.

Кереметтер қалмапты олар көрмеген,
Бәрінің де кеудесін кек кернеген.
Алысқанын алып ұрып, намыспен
Бас бәйгесін егескенге бермеген.

Тұла бойын қайрат кернеп, от өріп
Қиындыққа кеткен әбден еті өліп.
Ашуланса сол қарттарың қазір де,
Әкетердей бір-бір тауды көтеріп.

Ел-ананың батасынан нәр алған,
Біздің қарттар намыс-оттан жаралған.
Сөйлетпейді дұшпандарын әлі де,

Қатуланса ызбар шашып жанардан.

Тағдырлары қарттарды ерек жаратқан,
Сүйегіне дерсің болат жалатқан.
Морт кетіп бір қарағанда түнеріп,
Қар жаудырып жібереді қабақтан.

* * *

Біздің қарттар белі талмас піл деймін,
Әулие ме, пайғамбар ма білмеймін.
Мүлт кетпейді айтқандары әйтеуір,
Құлағыңа ілме мейлің, іл мейлің.

Сияқты бір тұрса қарап олар шын,
Көңілдерге түйгендері мол-ау шын.
Айтқызбай-ақ сезеді олар ауылға,
Қандай оймен келе жатыр жолаушын.

Еш құдырет жоқ сияқты түрінде,
Қандай сикыр бар сөзі мен тілінде.
"Мына жігіт оңа қоймас" десе олар,
Тура келмей қоймайды екен түбінде.

Біздің қарттар бір сынамай өтпейді,
Бар болжамы өсте жансақ кетпейді.
"Мына жігіт болса болар" десе олар,
Түбінде ол бақыт тауып, көктейді.

Оларға аян танданары жоқ тегі,
Неге қалың биыл жұлдыз көктегі.
Қандай болып аяқталмақ биыл қыс,
Қандай болмақ алдағы жаз, көктемі...

* * *

Қасиетті қарттарым, данасындар,
Қайыспас қара емендей дарасындар.
Жыл сайын бірді-екілің жолаушылап,
Оралмай сирек-тартып барасындар.

Қарттарым бастағанда сөзді алыстан,

Қаласың артық қимыл, қозғалыстан.
Қарыс маңдай, жар қабақ жарықтықтар,
Жаралған ба ауыр ой-толғаныстан.

Бұлар үшін тым қымбат сонау бір шақ...
Көрінгенге жаймайды сірә құшақ.
Тұнжырап, төмен қарап отырып-ақ,
Бәрін де болжағыш-ақ, сынағыш-ақ.

Бұларға сыйластық тән, татулық тән,
Көрмейсің қиындықта қалпын ыққан.
Кешіруді білмейді опасыздық,
Жаралған ба иікпес қатулықтан.

Қасиетті қарттарым, данасыңдар,
Қайыспас қара емендей дарасыңдар.
Жыл сайын бірді-екілі жолаушылап,
Оралмай сирек тартып барасыңдар.

АРДАГЕРЛЕР

Ардагерлер -
Ұрпақ сыйлар
бүгінгі ерлер,
қызыл ту ұстап алға жүгіргендер,
Ел үшін омырауын оққа тосып,
Неше өліп, неше мәрте тірілгендер.

Ардагерлер -
Қайыспас биік емен,
Алысқан ала құйын дүниемен.
Келешек білмесін деп қайғы-мұңды,
Барлық зілді көтерген иығымен.

Ардагерлер -
Айтса ертек көргендері,
Табандары таймаған ерден кері.
Сыңғырлап сыр шертеді жиындарда,
Кеуде толы медалі, ордендері.

Ардагерлер -
Ақылшы, қорғансындар,
Жолдарың - үлкен тарих, толған сырлар.
Бойдағы бар жемісін елге сыйлап,
Селдіріп бара жатқан ормансындар.

* * *

Армысың ауылымның адамдары,
Мейір гүлін шашатын маған бәрі.
Ащы сынап аямай сендер үшін,
Өлеңде сынап жүрмін шамамды өлі.

Қиындықты көрмейтін жұлығынан,
Өздерің деп саламын құнығып ән.
Шыңырау да қазамын қар талдырып,
Жұтқызсам деп оның бал тұнығынан.

Алақан көлдіретем тас та қашап,
Тұрады биік мақсат баста ғажап.
Көрген жанның көз жауын алатындай,
Ұсынсам деп ғаламат мүсін жасап.

Осылай жанымды жеп азаптанам,
Сорым ба, бақты аз ақ табам.
Сонда да сендер үшін жүк арқалап,
Сендер үшін қайысу ғажап маған.

ӘКЕМЕ

Айналайын жарықтық, мұмыным-ай,
Жүретін жаны жазға толып ұдай.
Өзіңді аттандырды мәңгі ұйқыға,
Ешкімді аямайтын долы құдай.

Немереңді ойнатып, тамашалап,
Күнде оған үйретуші ең жаңа сабақ.
Не екенін де ұқпаймын әкеліктің
Өзің барда өзімді бала санап.

Өзіңді күдіретті қара тартып,

Күн кешіппін алаңсыз дара балқып.
Айрылған сәттен бастап еркеліктен,
Кәдірің, қасиетің барады артып.

Жауқаз жармай жанымда гүл құлазып,
Өзіңе арнап жиі өлең жүрмін жазып.
Сен көтерген жүктердің салмақтарын,
Басқа түскен бүгінде білдім, азып.

Жетімсіреп қалды тым шырақтарын,
Сонда білдім сенде ерен шуақ барын.
Олар үшін жылусыз от секілді,
Менің құшып айналып жұбатқаным.

Онсыз да мендік мұңлы көңілді егеп,
Бір жағы елжіретіп, күйге бөлеп.
Гүлсанатым қояды жиі сұрақ,
Атам қашан Жамбылдан келеді деп.

Өзімді де сол шақта өксік буып,
Не айтарымды білмеймін іштей тұнып.
Бауырға қыса түсіп Санатымды,
Сырт айналам көзімді жаспен жуып.

АНАМА

Кетіп қап, қайта оралып,
Жатырсың анам бүк түсіп.
Мезгілсіз мұңға оранып,
Қалтырап жаным кетті үсіп.

Тіземе қойып басыңды,
Бетіме үнсіз қарадың.
Еңкейіп едім шашымды,
Саралап ұзақ тарадың.

Жан жүйем босап балқыды
Иіскедің бір сәт маңдайдан.
Ақ сүтің ісі аңқыды,
Кетпеген дәмі таңдайдан.

Өкпені қысып нала мұң,
Мені алды қоршап анталап.
Сені аман алып қаламын,
Қай жаққа барсам арқалап?

ДӘРІГЕРГЕ ТІЛЕК

Көңілге үрей келтірме,
Өзіңнен медет тауып тұр.
Жалынам, дәрігер, өлтірме,
Анамды менің сауықтыр.

Ұшпасын бағым басымнан,
Жәрдем бер, дәрігер, табынам.
Анамның кетпе қасынан,
Алыстай көрме жалынам.

Тұрсың ба, дәрігер, түсініп,
Басыма түнек төндірме.
Мезгілсіз кешті түсіріп,
Күнімді менің сөндірме?!

* * *

Отырар едің, жарықтық,
Өзіңе өзің келсең деп.
Сонан соң жанды тәрік қып,
Алдыңда сенің өлсем деп.

Отырар едің, жарықтық,
Ұл-қызынды көрсем деп.
Сонан соң жанды тәрік қып,
Алдыңда сенің өлсем деп.

Болды ма қабыл тілегің,
Алдымда менің көз ілдің.
Қан жылап тұрды жүрегім,
Жаншылып қатты езілдім.

Құладың ана - тірегім,

Көз жасым көл боп құйылды.

Болды ма қабыл тілегің,
Топырақ бізден бұйырды.

Көз жасың ұлың төгеді,
Қамығып басын көтермей.
Күткенің менен көп еді,
Қалды ма бірі өтелмей.

Ұйықтамай шығам кей түнде,
Уайымға жанды көп бөлеп.
Риза боп ана кеттің бе,
Кеттің бе әлде өкпелеп.

Өзіңмен екен үйімнің
Тарқамас дарқан базары.
Сен кеттің көңіл күйімнің
Солғындау тартты ажары.

Тұтылып күнім шуақты,
Кеудемде арман қан жылап.
Қанатым сынған сияқты,
Салбырап қалды қалжырап.

Ұйықтамай шығам көп түнде,
Үгілеп көз де ілмеймін.
Риза боп ана кеттің бе,
Нариза боп әлде кеттің бе?
Дөңбекшіп шығам, білмеймін.

Жазсам жақсы өлеңді,
Жадырап бір түлейтін.
Анам менің жоқ енді,
Бақытымды тілейтін.

Тағдыр қатал безбүйрек,
Гүл бағымды жайпады.
Тұнып жатқан мөлдіреп,

Шаттығымды шайқады.

Жаныма батып салқын сыз,
Жанарға ыстық жас толды.
Тағдырға деген рақымсыз,
Жүрегім қара тас болды.

Жазсам жақсы өлеңді,
Жадырап бір түлейтін.
Анам менің жоқ енді,
Бақытымды тілейтін.

ӘЖЕЛЕР

Дидары жылы шуақты,
Ақ әжелер бармысың.
Жүрмісіндер қуатты
Ақ әжелер армысың.

Келіп тұрмын сағынып,
Алдарыңа оралып.
Мейірім-шуақ жамылып,
Жылынуға оранып.

Сендерді илеп, мазалап,
өстік бала-шөжелер.
Болдық бүгін азамат,
Қуаныңдар әжелер.

Құрттарыңды сөреден
Көп ұрлаушы ек ғафу ет.
Сонда да ләм демеген
Бөріне әже рахмет!

АҒА

Сенсің, аға, таянышым миятым,
Бойыма күш, ойыма нұр құятын.
Сенсің, аға, менің жансақ ісіме,
Қып-қызыл боп өртенетін ұятым.

Сен тұрғанда биік кеудем-аспаным,
Ойламаймын қонады деп басқа мұн.
Сен тұрғанда қолтығымнан дем беріп,
Жарасады шалқып алшаң басқаным.

Сен тұрғанда басылмайды менде екпін,
Өзің барда кімге жеңіс бермекпін.
Өзің барда арқа сүйер асқарым.
Бақыты зор, ырысы мол "тентекпін".

...Ақылымен жүрегіне нұр себер,
Бақыт екен алдыңда ағаң жүрсе егер.
Аға, мені еркеліктен айырма,
Мейлің ұрып, мейлің сөгіп ұрса бер.

ҚЫЗЫМА

Мөлдіреген көзіңнен айналайын,
балдан тәтті сөзіңнен айналайын.
Алдыма сал ауырған аяғыңды,
Сылау жағып сипайын, аймалайын.

Айналайын, жұлдызым, үміт айым.
Өзің үшін бәріне тұрмын дайын.
Алдыма сал ауырған аяғыңды,
Жүрегімнің отымен жылытайын.

Айналайын жабықпа, бал құрағым,
Өзің үшін жүректен ән құрадым.
Сен қуансаң кеудемде шуақ күліп,
Сен мұнайсаң мен жүдеп, салбырадым.

Айналайын қызығым, құлынтайым.
Өзің үшін әкеңнің жыры дайын.
Нұрлы өмірге қамықпай, күліп кара,
Қайғы азабын мен мүлдем ұмытайын.

ЖЕҢЕШЕМЕ

I.
Мен дегенде өзгеше қас-қабағың,
Мен дегенде шекер-бал ас-тамағың.
Сондықтан ба, жеңеше, жаз бейнеңді,
Жадымнан қайда жүрсем тастамадым.

Жөні осы деп жасымда намысты ұлдың,
Жігітпен әзілдессең намыс қылдым.
Балалықпен кейде оны айтып қойып,
Ағайымды өзіңмен шағыстырдым.

Екенін ұқпай мұның ұят қылық,
Көңіліңе кірбің салдым зият тұнық.
Ағайым ашуланса, кекілдім деп,
Бауырыңа бастың мені мият қылып.

Мен дегенде өзгеше қас-қабағың,
Мен дегенде шекер-бал ас-тамағың.
Сондықтан жеңге өзіңе ұсынамын
Бұр жарған тұңғыш гүлін жас қаламның.

II.
Еншілесім дегенде,
Еркелеп өссін дедің бе?
Естиярым дегенде
Ертерек өссін дедің бе?
Сандуғашым дегенде
Сайрай білсін дедің бе?
Сәнді ағашым дегенде
Жайнай білсін дедің бе?
Жұбаншым дегенде,
Көңілді болсын дедің бе?
Қуанышым дегенде,
Өмірлі болсын дедің бе?

ӘЙЕЛДЕР

Әйелдер - нұрлы өмірдің гүлісіңдер,

Бір-бір үйдің шуақты күнісіндер.
Көркісіндер көңілді тамашаның,
Ән салғанда бұлбұлдың үнісіндер.

Ғаламаты сендерде ұлылықтың,
Қайнар көзі сендерде жылулықтың.
Батырды да табынтып бас идірген,
Күдіреті сендерде сұлулықтың.

Әйел-ана теңдесіз асыл адам,
Мейірім оты жүзінен шашыраған.
Сендерсіндер баршаға тірлік сыйлап,
Ақ сүтінен нәр беріп асыраған.

Әйелдер - ақ ниетті өмірсіндер,
Қатуланса қара емен, темірсіндер.
Елжіресе үгілген сезімсіңдер,
Қуаныш шарасынан төгілсін дер...

ДОСТАРҒА

Менде бар жалғыз бір жүрек,
Лүпілін ұқсын жамағат.
Менде бір жалғыз бір тілек,
Жүріңдер, достар, саламат.

Жаныма табам жұбаныш,
Күлімдеп үйге кірсендер.
Жүрегім толы қуаныш,
Саламат, достар, жүрсендер.

Ниетім достар өмірде,
Түспесін жанға үрей-мұң.
Болмасын кірбің көңілде,
Бәріңе бақыт тілеймін.

Сендерсің думан-базарым,
Тұрасың, достар, өнімде.
Дүниеде жайнап ажарың,
Саламат жүргің бәрің де.

ДОСТАР, ДОСТАР

Келіндер күндіз мейлің, түнде мейлің,
Тасиды, тартылмайды мүлде пейлім.
Келіндер ән көтеріп, күй көтеріп,
Жанымды қуанышпен гүлдетейін.

Келіндер жаз жетелеп, көктем алып,
Күтудемін көзім де көптен талып.
Келіндер бас қосайық біздер үйде,
Сырт айналып ешқайсың кетпе налып.

Келіндер есігімді жарқын ашып,
Қуаныш кемерінен жатсын тасып.
Келіндер шуақ толы көңілменен,
Отырайық өсіп бір, жарқылдасып.

Келіндер қуанышты үйіп, төгіп,
Жатсын ән жүректерге күліп қонып.
Келіндер достарыңды жүрсін десен
Дұшпанынан әр кезде биік болып...

* * *

Достармен қамалмын мен алынбайтын,
Достармен отпын өшпей жалындайтын.
Достармен дәулеттімін, бақыттымын,
Таусылмайтын, қысылып тарынбайтын.

Тұрмаса да шоқтығым тиіп күнге,
Достармен кеуделімін, бйікпін де.
Олардың ну ормандай құшағында,
Жалынбақпын басымды иіп кімге.

Достар жалғыз тәңірім, табынарым,
Қол қусырып, қарсы алып бағынарым.
Достар ғана бір сәтке алыстаса,
Жолын күтіп, тағатсыз сағынарым.

Достар сыры ұқсаған ашық хатқа,

Жетіп тұр сағынғанда қашық тартпа.
Тағдырым қол ұстасып бірге өскен,
Ұялас достарымнан қалыстатпа.

* * *

Жол тартып ауық-ауық тізбектеліп,
Жақсы ғой жатса достар іздеп келіп.
Жаз құшақтап жайдары келген достар,
Кетпесе екен қайтарда күз бөктеріп.

Әманда бұзылмасын тату қалып,
(Қиын ғой досқа кінә арту налып)
Шуақ шашып келгендер қайтарында,
Кетпесе екен бұлт болып, қатуланып.

Дос біткендер ақ жарқын сыр ұқтырып,
Шымылдығын өкпенің сырып түріп.
Жарқылдап аттанса екен әр кез үйден,
Барыма қанағат қып күліп тұрып.

* * *

Достар, достар, сағыныш сезімбе едің,
Ойлайтын сендерді көп кезім менің.
Түні бойы бәріңді есіме алып,
Дөңбекшіп төсегімде көз ілмедім.

...Түседі еске кешегі әппақ арман,
Абайдың "Қаламқасы" жаттап алған.
Түседі еске айлы түн жұлдызы көп,
Кезіміз жасырынып баққа барған.

Ойлар, ойлар бір-бірін қашады алып,
Кейде одан кетеді бас айналып.
Түседі еске қыздарды шақырған шақ,
Ысқырып теректерді тасаланып.

Ойлардың көп ұшатын кезі шыңға,
Ол салған елестердің өзі шынба.
Достар-ай, біз тойлаған балалық шақ,
Бұлдырап қап барады-ау көз ұшында...

* * *

Сендерді аңсап салатын әнім басқа,
Сендер десем шығатын жаным басқа.
Бір ұядан түлеген бәріңді дос,
Амалым жоқ еске алып сағынбасқа.

Жүрегім болсадағы қанша мықты,
Бүгінде нәзік тартып аңсауды ұқты.
Әр күні таңмен бірге оянамыз,
Сендерге тілеп мықты денсаулықты.

Өмірім өздеріңмен маған өсем,
Сендерсіз еш қызықты қаламас ем.
Тұрғаным қуаныштың құшағында,
Дос біткендер жүрсендер аман-есен.

Сендерсіңдер достарым асыл әнім,
Ойлаған жан емеспін басы қамын.
Жолға шықсам елегізіп, жалғызсырап,
Жеткенше өздеріңе асығамын.

Жата алмаймын төсекте ұйқы қашып,
Ойға шомам қиялдың құлпын ашып.
Тықыршымын тұлпардай кермедегі,
Табысқанша сендермен шұқырасып.

Өмірде кездеспей ме жарыс талай,
Озу қиын достықты дәл ұстамай.
Жолда ұзақ сүйінсем де, күйінсем де,
Ризамын жүрсен, достар, алыстамай.

* * *

Пендешілік осы бізді нетеді,
зығырданым кейде қайнап кетеді.
Құшақ жайса сая болып, бір досым,
Бір дос тіпті бас иземей өтеді.

Оның сонша алдым екен мен несін,
Сұраған да жайым жоқ қой бермесін.

Кішірейіп қалам әлде дей ме екен,
Төменірек түсірсе сәл кеудесін.

Достарым көп көңілімде ұнаған,
Мен құласам қосыла бірге құлаған.
Күйінсем де алыстамай бір елі,
Жыласам да қосыла бірге жылаған.

Мұндай достан айналасың өзің де,
Сүйеніш болған, таяныш болған кезінде.
Ер жігіттің ерлігі мен мәрттігі,
Тұра білу екен ғой, серті менен сөзінде.

* * *

Аман болсын бәріңнің, дос, от басың,
Ешбіріңе қасырет мұң соқпасын.
Мініп шыққан жолға жүйрік аттарың,
Көмбесіне аман жетіп тоқтасын.

Біз жүрейік сау-саламат көрісіп,
Болымсызға бет жыртыспай керісіп.
Алыстасақ сағыныштан сарғайып,
Жолыққанда қауышайық өбісіп.

* * *

Орайтұғын жан дүниені сезімге,
Дос табуды марапаттап, бақ көріп.
Дос болдым мен талайлармен кезінде,
Қолымдағы барды беріп қақ бөліп.

Өсіп көңлім шақыру хат бергенде,
Тойларына жеттім сыйлық жақсы алып.
Салдым қағып соңғымды дос дегенде,
Жүрсем де өзім жалаңаш қап, аш қалып.

Кім ойлаған жаныма деп толар мұң,
Қилы-қилы іс түскенде басыма.
Татымады-ау көпшілігі солардың,
Бала күнгі күшік берген досыма.

* * *

Марапаттап менің жомарт пейілімді,
Бір дос кетті сый алғанда қуанып.
Бір дос кетті төгіп шуақ мейрімді,
Жанашырлық кеңесімен суарып.

Бір дос кетті, кетті ішінде ит өліп,
Енді қайтып маңайымнан жүрместей.
Бір дос кетті бар назымды көтеріп,
Бұл жалғанда менсіз өмір сүрместей.

* * *

Бір дос кетті, кетті қулық көзінде,
Жуатып мені, жуатып және өзін де.
Бір дос кетті ризалықпен жарқылдап,
Аттандырдым мен де оны жалпылдап.

Бір дос кетті сырт айналып, шатынап,
Көңілімнің лапылдаған отын ап.
Бір дос кетті жаным оған шын сенді,
Сол қуантар түбі тірі жүрсе елді...

* * *

Төрт құбылам тұрсадағы тең болып,
Сендерсіз мен бейшарамын бір кедей.
Мынау әлем жарқыраған кең болып,
Көрінеді қапас, түнек түрмедей.

Өн бойымда қалғандайын тоқтап қан,
Сендерсіз мен жаза алмаймын жөнді өлең.
Ашық күнде алдымдағы соқпақтан,
Сендерсіз мен жол таба алмай сенделем.

* * *

Жүрсем болды көше бойлап екі елі,
Жаным түлеп, еңсем өсіп кетеді.
Қайрылып тұрып қол беретін күлімсіреп,
Достарым менің жетеді.

Кейде тағдыр ойнап тәлкек етеді,

Ауыр ойдан еңсем түсіп кетеді.
Сондай шақта бөлісетін қайғымды,
Достарым менің жетеді.

* * *

Төбемнен күліп, арайлы шуақ төкті күн,
Таласқан таумен аспандап биік шоқтығым.
Мақтаныш етем ортасын ойып жай берер,
Достарымның көптігін.

Жабыңқы тартар ретім тегі жоқ бүгін,
Келемін ұстап даламның бір топ шок гүлін.
Мақтаныш етем айнала мені қоршаған,
Достарымның көптігін.

АУРУХАНА ДӘПТЕРІНЕН *I. ШАҚЫРДЫМ ДОСТАР*

Аурухана, ақ төсекте жатырмын,
Неше таңды көзімді ілмей атырдым.
Дем ала алмай жан алқымға келгенде,
Бәріңді, дос, бір көруге шақырдым.

Шақырдым достар, тыңдайын деп әніңді,
Қиналсам да жинап қуат әлімді.
Ажал жеңіп бара жатса шынымен,
Бір құшақтап қалайын деп бәріңді.

Шақырдым, достар, тұрғасын жанды "күз" кесіп,
Бірге жүріп татысқан талай тұз нәсіп.
Жұмылмай тұрып маңдайда қос жұлдызым,
Өздеріңмен қалайын деп жүздесіп.

Шақырдым, достар, медет қып жанға тілекпен,
Өздеріңе деген аңқылдақ пәк жүрекпен.
Жатқанда аңсап сендерді көрсем айығып,
Төсегімнен тұрам ба деп түлеп мен.

Шақырдым, достар, мен үшін жоқ еш ірің,
Барлығыңның ыстық маған есімің.

Шақырдым, достар, таусылар болса дәм-тұзым,
Бәріңнен сұрап қалайын деп кешірім.

II.

Жүрсіндер қайда құрбылар-ау бірге өскен,
Шықпадыңдар күндізде де түнде естен.
Сар тап болып төсек тартып жатқанда,
Бір ғанибет екен ғой, өздеріңмен тілдескен.

Болғанменен не бітірем өкпелі,
Ойлар-ойлар қинай беред тек мені.
Әшейінде айналамды қоршаған,
Әрқайсыңның бейнең естен кетпеді.

Қалса-дағы қалтам түгел сарқылып,
Өздеріңнен көрмеуші ем еш тартынып.
Енді міне бір жүздеспей қойдыңдар,
Өзі сынық көңілімді жарты ғып.

Қимастық қайда, сыйластық қайда біздегі,
Мазалап жатыр жанымды ойлар тізбегі.
Сендерге деген сағыныш деп біліңдер,
Сарғайып кетсем жапыраққа ұқсап күздегі.

Неғылайын тектен-текке торығып,
Қалдым біраз өмір сырын мол ұғып.
Жүріңдер тек сау-саламат дос біткен,
Жақсылықтан жақсылыққа жолығып.

III. ТҮС КӨРДІМ

Түс көріп шықтым сондай мен,
Сағындыңдар ма?
Сұхбаттасып сендермен,
Малыным нұрға.

Бәйгеге түстім жарқылдап,
Атқа да шауып.
Кеудемде гүлдеп жарқын бак,
Рахат тауып.

Шапалақ соқты, сүйікті ел,
Жаңбырлатып.
Түсірдім шырқау биіктен,
Жамбыны атып.

Шалқыдым ән де салып,
Домбыра тартып.
Тыңдады жұрт тасманып,
Жаны балқып.

Дос біткен шаттандырап
Тұрдым гүлдеп.
Жатып кеп мақтадыңдар
- Жігіттің дүлділі - деп.

Түс көрдім осындай мен,
Сағындыңдар ма?
Сұхбаттасып сендермен,
Малыным нұрға.

IV.
Мен сені ұмыта алман, сестра қыз,
Жаныма өзің болдың серік нағыз.
Мазасыз ем, қаншама мазаласам,
Қабақ шытпай көтердің көніп жалғыз.

Көңілімнің жатқанда сиқы келмей,
Қасымда болдың күн-түн ұйқы көрмей.
Маңдайымнан шашымды кейін сипап,
Бал сөзіңмен жанымды бердің тербей.

Қарайлап қайтпай жүрдің үйіңе де
(Білдім мен күйіңе де, сүйіңе де)
Өзіңдей жан ашыры бар адамның
Мүмкін бе жазылмауы дүниеде...

V. БӘРІҢДІ КҮТТІМ

Сарғая күттім бәріңді,

Келмедіңдер.
Осынау мүшкіл халімді
Көрмедіңдер.

Сенді ме достық оты тез,
Ойландаршы.
Барлығың бірдей қатыгез
Болмаңдаршы.

Айқара құшақ ашайын,
Тілеуім.
Сыр ашып мауқым басайын
Келіндерші
Біреуін.

* * *

Ынтызар болып бүгінде,
Сағындым достар даусыңды.
Келмедің тіпті бірің де,
Көп күттім тағат таусылды.

Ыстықсың жанға дос түгел,
Сағынбай қалай тұрамын.
Көзіме келген жасты көр,
Сендерге сонша құмармын.

Көрінші бірің, құлпырып,
Арылып мұңнан түлейін.
Құшағым жайып ұмтылып,
Төбеммен көкті тірейін.

Ашылсын шайдай жан нұрым,
Көрінші бірің жарқ етіп.
Жарылқай алсаң тағдырым,
Жүргізе көрме жалқы етіп.

КҮЙШІ ДОСЫМА

Алдыңда тұрған шараптан,
Тартып бір тастап толғаншы.

Жүрекке жылу таратқан,
Домбыранды қолға алшы.

Шертші бір күй төгілтіп,
Құйылсын күннің нұры шын.
Тұманды бойдан сейілтіп,
Қандыршы құлақ құрышын.

Шертші бір күй шалқысын,
Атадан қалған мол мұра.
Жан-жүйе түгел балқысын,
Сөйлесін шешен домбыра.

Тартшы бір күй боздатып,
Жел тұрып жатсын тас аунап.
Жүректің отын маздатып,
Тындайық жанар жасаурап...

ДОМБЫРАШЫ ДОСЫМА

Еңсенді тік көтеріп, шағында шалқып жүрер,
Тартынба, домбыранды тартып жібер.
Қабакқа мұң қонбасын,
Түспесін ойға келіп қай-қайдағы.

Тасып ақсын қуаныш, қанат қақсын
өсем ән айқай тағы.

Барынды сал, аянба, тартынба да.
Жақсы ортаны таппассың өтсе уақыт,
Ала алмассың сатып та алтынға да.

Барынды сал ортаға, күттірме жалындырып,
Іздеме салқындылық, бойында лап етерлік
жалын тұрып.

Аянба, бәлсінбе, барынды сал,
бұл күн де өте шығар сағындырып.

Десін сені көпшілік шіркін жігіт,
Домбыранды күмбірлет, шайдай ашып
көңілдің бұлтын жібіт.

Тымырсық тыныштықты сілкіп тұрып,
Көпшілікті қуант дүр сілкіндіріп...

МҰҚАҒАЛИҒА

Тұратын кімді болсын басып еңсең,
Алдыңда жақ ашпайтын жасық өңшен.
Жүретін Алматыға әрең сиып,
Көргенше өзінді, аға, асығушы ем.
Нарттай жүзің алаулап жалындап-ақ
Жеміс байлап жататын жаныңда бақ.
Отырушы ең, келісіп кең маңдайға
Отты жанар, құс мұрын, қалың қабақ.
Бар еді бір құдырет өзінде асқан,
Тау бойында қалың ой сезім басқан
Тұратын айналанды жырға бөлеп,
Өлеңмен жас таланттар көзін ашқан.
Сөнбейтін жырдан ерте жарық төктің,
Шыдамай отына оның жанып кеттің.
Тұла бойы тұнған жыр, қайран аға,
Маңдайына сыймадың қалың көптің.

Бар еді бір құдырет өзінде асқан,
Кіршіксіз жаны жайсаң, мөлдір аспан.
Тірлікте қолдан түспес сен қалдырған,
"Өмір өзен", "Сок жүрек", "Өмірдастан".

ҚҰЛАН

(Тұманбайға)

Тандыры кепкен даланың,
Тақыс боп өскен пырағы.
Қусырып жердің танабын,
Құйғуға бейім тұрады.

Аңғартар құйттай көл кейпін
Жалт та жұлт еткен жанары.
Қас қағым сәтте ол дейтін,
Күншілік жерге барады.

Жұлдыздай ағар жөні бар,
Жаралған жүйрік о бастан.
Мінезі тарпаң жануар,
Жарысып желмен көз ашқан.

Ұқсайды асау тасқынға,
Құлағы көкке шаншылып.
Жүйткісе тұяқ астында,
Жатады тас-күм жаншылып.

Қалмайды оны жол бөгеп,
Жырадан қарғып өтеді.
Дүние сонда дөнгелеп,
Дөнгелек құсап кетеді.

Сол тұста сәл-пәл ол егер,
Қапылыс тапса бір құлап.
Тұра сап, ызғи жөнелер,
Намысын жанып ұрғылап.

...Безеріп жатқан өңірде,
Бақ іздеп безіп құлан жүр.
Еншіме менің өмірде,
Тие ме сондай пырақ-жыр?!

ӘЛДИХАНҒА

Еңкейіп төмен көрмедім,
Еркіндік бар ғой кеудемде.
Ешкімге есе бермедім,
Еркінсіз "ішіп-жеуден" де.

Іштім мен сыра, шарапты,
Еншіме тегін тигендей.
Жанымда жырлар қанатты,
Жарқылдап жүрдім іменбей.

Тұрғасын бойда маздап шоқ,
Көңілде болмай алаң көп.
Қаперге тіпті алғам жоқ,

Сүрініп жолда қалам деп.

Өршідім өрге талмастан,
Жанымда өлең - нұр саулап.
Күнкілдеп көре алмастар,
Тастамақ болды құрсаулап.

Ұмтылдым биік, тілегім:
- Жүрмесін дұшпан төбемде,
Тұрды көп досым - тірегім,
Таяныш болып төменде.

Әйтеуір жақсы білерім,
Жүрмедім шалқып мен тегін.
Көтере білген ұлы елім
Кешіре білді тентегін.

ӘЗІЛ

Құрдасым Базарға

О, Базеке, құтты болсын қуаныш,
Асау жастық көз ұшында, түү алыс...
Кілең көктем жарасымды оң мен сол.
Соған қарап тапқандаймыз жұбаныш.

Жаңа бақыт келсін саған тілерім,
Тек жақсылық болсын көріп, білерім.
Жауқазынға жалтақтаудан жоқ пайда,
Біз сүйетін алыс қалды гүл ерін.

Аша беріп кәйтем көпке жан сырын,
Жатсын іште жабық хаттай жасырын.
Қой, Базеке, қызыл гүлге көз сатпа,
Аман болсын өзіміздің бал шырын.

Гүл біткенге мейлі сұқтан, жалтақта,
Енді бізге "сыбаға" жоқ ол жақта.
Екеуімізге жетіп жатыр "минвода",
Екеуімізге жетіп жатыр "жантақ та".

Тырналайды өр кеудені азап ой,
Бұл да болса тағдыр тартқан жаза ғой.
Жастардікі, жигулиге таласпа,
Екеуімізге жетіп жатыр "грузовой".

Амал барма, кейде сазға елтесің,
Өткен жайдан қызық сырлар шертесің.
Құрсын бәрі, жүрейікші саулықта,
Тартып жібер, өзекті у өртесің.

БІР ҚҰРДАСҚА

Жырла, жырла, жастық шақта ал ақын,
Кезің ғой бұл талмай ұшар қанатың.
Асықпауға емес мұрша беретін,
Өмір шапшаң айналдырып сағатын.

Талап барда, шабыт барда өзінде,
Жырла, жырла ерік беріп сезімге.
Өттең-ай деп опық жеме, тіл тістеп,
Самайынды қырау шалған кезінде.

Жол тосады қиын өткел, неше сын,
Амандықта қилы тағдыр кешесің.
Тірлік барда уақыт - желден ұтылма,
Кейін жүрме толтыра алмай есесің.

Бізден мәуе күтеді көп халайық,
Біз де гүлдеп бітік жеміс салайық.
Ар-ожданмен өтеп міндет-парызды,
Алғы күнге өкінішсіз барайық.

БІР ІНІМЕ

Күлімдеп қарап қулана,
Әңгіме, аға, шерт дейсің.
Қызығам саған, қу бала,
Лап ете түсер өрттейсің.

Бүгінде қайтқан қуаты,

Сөзімді менің қайтесің:
Бұл ағаң кеше тұратын,
Аймалап қыздың ай төсін.

Ағанды ел де білетін,
Демімен тасты айырып.
Шірене басып жүретін,
Қалқайта шашты қайырып.

Қалды ғой бәрі бүгінде,
Десек те "қызық көп көрдік".
Сақтаулы жүрек түбінде,
Талайды бастан өткердік.

Қалды ғой артта тайды асау,
Бұғалықтап мінген шақтар да.
Шалқытып ән-күй, той жасау,
Жиналып кеште бақтарға.

Қалды ғой алыс қол бұлғап,
Қанатты дәурен, тәтті арман.
Оралса ойға жанды ырғап,
Нәп-нәзік сырлар ақтарған.

Қалды ғой артта талай жаз,
Сағыныш жанда ұлғайды.
Болғанмен қырау самайда аз,
Жүректе көп сыр тулайды.

Зулайды уақыт ұрлана,
Тұрмайды тоқтап мәңгіге.
Сенбессің маған, қу бала,
Қинама айт деп әңгіме.

ҚҰЛА АЙҒЫР

Тау етегі...
топ жылқы жайылып жүр,
Көмейден құс шулайды қайырып жыр.
Оқыранып жас айғыр биелерден,

Бөлектеп, байталдарды айырып жүр.

Терең тартып құла айғыр ішін енді,
Құлақты жара жаздап кісінеді.
Қос жанар қанталап кетті сонда,
Жануардың ойын кім түсінеді.

Ашу жинап азынап, қас-қабакқа,
"Мен тұрғанда жол қайда жас талапқа"
Дегендей, тұра ұмтылды көрі тарлан,
Жас айғырды шайнап бір тастамаққа.

Бұрылды, жас айыр да айбаттанып,
Жеңсік бермес танытып ғайбат қалып.
Шыңғырып екеуі де көкке атылды,
Мінген екен шіркіндер қайратқа анық.

Кенет шықты жас айғыр жоталанып,
Көрі азбанды құлатып, отын алып.
Мойынын төмен салып билей басып,
Үйірін айдап кетті оқыранып.

Опық жеп тұңғыш рет қате келіп,
Бак ұшқанын сезініп атағы өліп.
Бас көтермей жата берді Құла айғыр,
Жас қайратты мойындап, бата беріп...

ҚАСҚАЛДАҚ

Қасиетті, құны артық қасқалдағым,
Қонам десең кел міне, жасқанбағың.
Саған мылтық адамдар кезенбейді,
Тайғызайын демесе бастан бағың.

Үнінде бар жүрекке конымды өлең,
Үрейленбе, көңілімнің төрін берем.
Саған төнген ажалға ара түсіп,
Браконердің тістесіп, қолында өлем.

Сауығыңды кетпейді бұзып қайғы,

(Деме сенің киенді біз ұқпайды)
Өмірде сұлулықты сүйетіндер,
Сенің тамшы қаныңа қызықпайды.

Иемденіп көңілімді кел жүзе бер,
Ұя басып, балапан өргізе бер.
Маған болсын обалың бейкүнә құс,
Қалсаң мұнда ашығып, жемсіз егер.

ҚЫРАН

Құйылып түздің қыраны,
Сусылдап қанат - қияғы.
Білектей шұбар жыланды,
Бүрді кеп мүйіз тұяғы.

Қызықпас оңай олжаға,
Қадайтын сұңқар көзді алыс.
Қандамай шеңгел құлжаға.
Жасады оқыс қозғалыс.

Кешегі асқан айбары,
Кім білсін оның өткен бе
Жыланға түсіп қайдағы
Шәулі боп алжып кеткен бе.

...Жо-жоқ, артық текті құс,
Оңаза емес тоятқа.
Жатсын деп дала тек тыныш,
Жауыздың көзін жояд та.

ҚАСҚЫР

Серік қып төзім-жігерді
Қапысын аңдып тапты ма?
Быт-шыт қып малды жіберді,
Талтүсте қасқыр шапты да.

Шулады ел қырда, жонда да,
Жүгірді иттер анталап.

Марканың бірін сонда да,
Әкетті көкжал арқалап...

Отырды атқа малшылар,
Қолда ойнап сойыл-шокпары.
Бұларға қандай жан шыдар,
Көзінде ашу оттары...

Осы сәт бір қарт айқайлап,
Тоқтатып шуын көп жанның.
Мадақтап тұрды "пай-пайлап"
Ерлігін әлгі көкжалдың.

...Шынында іштен шалатын,
Зәлімнен гөрі қас қылар.
Қаймықпай көрнеу шабатын,
Артық қой шіркін, қасқырлар!

ҚАРА ҚҰЙРЫҚ

Секем ап мойнын бұрады,
Қылт ете қалса әлдене.
Қашуға бейім тұрады,
Шиыршық атып бал дене.

Үйірілсе басқа бұлт төніп;
Жалт ете қалып ақ таңы.
Бір уыс болып бүктеліп,
Құйғытып бара жатқаны.

Қолтықта қанат желі бар,
Жеткізбей қусаң жүдетер.
Әйтседе сертшіл жануар,
Алдыңды кесіп бір өтер.

ЕЛІКТІҢ ЛАҒЫ

Шаңқиған тура талтүстің кезі,
Еліктің лағы алдымнан кез кеп
Қарады маған мөлдіреп көзі,

Атқалы өзін тұрсам да көздеп.

Құйылып нәзік келіп бір ағын,
Кеудеме тулап сыймады сезім.
Атуға балғын еліктің лағын,
Бармады қолым, кимады көзім.

Үркіттім оны, дауыстап ән сап,
Жартасқа таман келдім де таяп.
Атуға кимай, өзіме ұксап,
Тағдырым мені жүр ме екен аяп.

АҚҚУ

Ей, мерген, мылтық кеземе,
Аққуды атпа, кастерле.
Сұлулық сырын сезе ме,
Жүрегің ет пе, тас па әлде.

Алаңсыз жүзген көлімде,
Аққудан аулақ, кет былай.
Ақ нұрға тұнған көңілді,
Астан да кестен етпе ылай.

Ардақтап халқын сүйетін,
Арқалы құс ол - аққуым.
Аққуым аппақ ниетім,
Айдыңға қонған бақ туым.

Тиюге оған батпаған,
Баукеспе, ұры, кезбе де.
Аққуды адам атпаған,
Аштықта, жоқтық кезде де.

Мылтықпен мұнда бұрылма,
Көлімнің аулақ, сәнінен.
Онсыз да мұнды үн, шымшиды,
Шығады аққу өнінен...

* * *

Айдын көл мөлдір тамаша,
Жиегі жайсаң құрақ ну.
Төсінде еркін оңаша,
Жұп жазбай екі жүр акку.

Кей сәтте жүзбей тыныстап,
Қалғандай тыңдап сыр сазын.
Төкаппар мойнын тік ұстап,
Тұрады, қара кірпазын.

Тұрады кей сәт екеуі,
Тұмсыққа тұмсық тигізіп.
Сыйластықтың не екенін,
Айтқызбай, жұртқа білгізіп...

ЖАЛҒЫЗ ҚАЗ

Қаңқылдадың, қаңқылдадың тағы да,
Шақырып ем жоламадың маңыма.
Түсінбедің бейкүнә құс, қайтейін,
Жемді-суды үйер едім сағыңа.

Қандай ащы, қандай ащы дауысың,
Қалай көмек көрсетемін байқұсым.
Дауыстасам сен алыстай түсесің,
Адамдардан шошынғаннан саумысың.

Бұл жоктауың кете берсе көп күнге,
Басылады-ау сендегі құш, екпін де.
Үйіріңнен қалдың ба сен адасып,
Үйіріңе сыймай әлде кеттің бе?

Жалғыз қазым, көп жылама, күрсінбе,
Сырыңды жұрт өзің ашпай білсін бе?
Айдын көлдің місе тұтпай байлығын,
Жалғыздықтан жапа шегіп жүрсің бе?

ТЫРНАЛАР

Жетпіндер ме есен-сау, тырналарым,

Жаксылықтың жетектеп бір хабарын.
Келіндер ырыстарың көк шалғын мен,
Қызғалдақ шықты биыл қырға қалың.

Қандай сұлу тізіліп ұшқандарын,
Көруге өздеріңді құштар жаным.
Келіндер ынтымақшыл көк еркесі,
Сендердің жоқ бұл жақта дұшпандарын.

Төсінен жай ұсынса дала ғашық,
Су береді көздерін бұлақ ашып.
Келіндер тоқ бүйірлі жота-қырға,
Балапан өргізіңдер ұя басып.

Тұзақ жоқ өздеріңді ұстар мұнда,
Сұлулыққа әр адам құштар мұнда.
Сағынышты көңілмен құшақ ашып,
Қарсы аламыз туған жер құстарын да.

БОЗТОРҒАЙ

Безілдеп шықты дауысың,
Бозала таңнан бүлініп.
Бармақтай құсым саумысың,
Қалғаннан көкке ілініп.

Жаныңда бар ма күйік көп,
Жоғалтып сабыр-тағатты.
Барасың шырқап биіктеп,
Безілдей қағып канатты.

Шырылдап кеттің мұның не,
Күн шуақ жаның тілей ме?
Түсінбей тұрмын үніңе,
Толы ма ащы үрейге.

Сүйсіне әлде тамсанып,
Сіміріп мөлдір ауаны.
Құйтымдай жүрек ән салып,
Тұрмысың шайқап даланы.

Тұрмысың әлде шаттанып,
Әніңмен көкті суарып.
Жарқырап таңның атқанын,
Жария етіп қуанып.

Әйтеуір төкпе күй осал,
Бармақтай бозша торғайым.
Кеудеме менің ұя сал,
Қауіптен барлық қорғайын.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ОҢАША ОЙМЕН ҚАЛҒАНДА

ЖҮРЕГІМДІ ТЫҢДАШЫ

Жүрегімді тыңдашы:

Жас балапан,

Өсіп толсыншы деп соғады.

Кара бұлттан аспан аман,

Болсыншы деп соғады.

Жүрегімді тыңдашы:

Гүлін ашқан қызғалдақ.

Қурай көрмесін деп соғады.

Көк желек алқа тізген бақ,

Шулай көрмесін деп соғады.

Жүрегімді тыңдашы:

Сырлы күй шерткен домбыра,

Сынбасын деп соғады.

Қалың ел сазын балбырап,

Тыңдасын деп соғады.

Жүрегімді тыңдашы:

таратып таң ақ шуақ,

Атсын деп соғады.

Шекарасыз жұрт шулап,

Жатсыншы деп соғады.

* * *

Жүрегім менің жаралған ыстық сезімнен,

Мың қасиет сіңген бала кезімнен.

Сөл қуансам шуақ болып шашылып,

Сөл мұнайсам жас төгемін көзімнен.

Тағдыр мені тым нәзік қып жаратқан,

Тәуір жері кенде етпеген талаптан.

Құс көрсем де жаутаңдаған ұша алмай,

Күй кешемін айырылғандай қанаттан.

Талай келіп, талай кетті бастан бақ,

Ешқашанда көрген жоқпын дос таңдап,

Ақсақ көрсем іштей жүдеп сол үшін,

Жүргім келер менің-дағы ақсандап.

Қысылу жанға қиын ба,
Тап болдым күйге өзге енді,
Бір ағай маған жиында,
Акын деп атап сөз берді.

Тұрғандай өзір бұған дәл,
Сөйлеп ем көпке нұр тілеп.
Қол соқты түгел туғандар,
Туған жер жайлы жыр тілеп.

Қадалды маған мың қабак,
Балалар шуын тоқтатты.
Олар да болып тыңдамақ,
Туған жер жайлы тақпақты.

Байқаймын абзал ананы,
Байқаймын жеңгей, ағайды.
Олар да өскен даланы,
Қосуды жырға қалайды.

Жүрегім атша тулайды,
Соғылған сендей құздарға.
Даласын өскен жырлайды,
Дейтіндей болжап қыздар да.

Өректің көңіл толқуда,
Қарайды апай, аталар.
Махаббат жырын оқуға,
Мұндайда қай жан бата алар.

Күмілжи бердім тіл қатпай,
Қысылып қалдым тым қатты.
Оқитын жақсы жыр таппай,
Туған жер жайлы қымбатты.

* * *

Түсінгеннен түсінбеген көп мені,
Содан шығар жаныма мұң шөккені.
Кеншітпейді көңілімді қайтейін,
Бүгіндегі құлашымның жеткені.

Түсінгеннен түсінбеген көп мені,
Содан шығар жаныма мұң шөккені.
Сүйегімді сыздатады жасырып,
Уақыттардың текке зулап өткені.

Түсінгеннен түсінбеген көп мені,
Содан шығар жаныма мұң шөккені.
Жанарыма інжу-моншақ тағады,
Өмірімнің алыс қалған көктемі.

Түсінгеннен түсінбеген көп мені,
Содан шығар жаныма мұң шөккені.
Жүрегімнің сырын ұға алмаған,
Талайларға келем болып өкпелі.

ШАЛҚЫ КӨҢІЛ

Тоқтамастан, тынбастан, ағыл-тегіл,
Жүрегімнен жақұт пен лағыл төгіл.
Ұйқы-тұйқы күйге еніп жан дүнием,
Шағаладай шарықтап, шалқы көңіл.

Шалқы көңіл, бір сәт те төмендеме,
Өрге сүйре, шегінбе, өлен кеме.
Биіктесе жырларым түлеп ұшқан,
Зенгір көкке жетпейді төбем неге.

Шалқы көңіл, хош алып танды күлген,
Көп жақсылық жетсін де алғы күннен.
Кеудемдегі қуып шық шаң тозаңды,
Көктемнің жанға жайлы жаңбырымен.

Шалқы көңіл, онсыз ой ашыла ма,
Бір шалқымай құмарлық басыла ма.
Шалқы көңіл қиялға қанат бітіп,
Арман бұлақ жөңкісін тасып алға.

* * *

Бала кезде мейірімге кенде ме ем,

Мені жақсы көрмеуші ме ед ел деген.
Сүйетін олар маңдайымнан, жүзімнен,
Сусындарын басатындай шөлдеген.

Бірі мені мәз-мейрам ғып күлгізіп,
Ойнататын мойынына мінгізіп.
Енді бірі қызық көріп тәй-тәйлеп,
Жетектейтін томпаңдатып, жүргізіп.

Бұл күндері жігіт болып өстім де,
Бастан қилы тағдырларды кештім де.
Бұрынғыдай енді жылы құшақ жоқ,
Еркелесем көтермейді ешкім де.

* * *

Өзіне ілесуді талап етіп,
Уақыт жүйрік тоқтамай барады өтіп.
Кетті арқалап көктем- жаз жасауларын,
Қарардай түк қалмады далаға елтіп.

Өтуде қатал қыс та, қоңыр күз де,
Көшті гүлдер жайқалған небір түзде.
Жастық шақ адастырған табылмайды,
Қолыңа мейлі май шам алып ізде.

Қайтеміз өткендерге текке налып,
Қайырылмас сағынышқа кеткен малып.
Есіне түседі ме бала бота,
Өзіңе қарайтұғын көп қадалып.

Өтіп жатыр күн зулап ұғамысың,
Сен менің жүрегімнің шырағысың.
Бала бота мазанды ап ұзақ түнде,
Төсегінде дөңбекшіп шығамысың

* * *

Мәңгілік саналатын жаныма азық,
Келемін өмірімді жыр ғып жазып.
Сондада ой- мұхиттан інжу таппай,
Көңілім бәсең тартып, жүр құлазып.

Түсінемін отты өлеңнің мәні терең,
Оған жан қызуымның бәрін берем.
Қызыл құмға шашылған тары сынды,
Жырлардың жалықтастан дәнін терем.

Құшағына алды жыр ерте мені,
Өсір деп меніменен мәртебені.
Содан болар бос өткен күндеріме,
Ет бауырым езіліп өртенеді.

Жазу азап өмірлік сүйікті өлең,
Онымен асыл бақыт биіктеген.
Жүрегім жырға іңкәр болғаннан соң,
Амалсыз алауына күйіп келем.

* * *

Кездер көп жанға өмірдің мұңы батқан,
Талай бұлақ тартылды күліп аққан.
Аман ба екен сағындым ауыл жақта,
Бір көгершін бар еді мені ұнатқан.

Соны ойласам кеудемде күн шығады,
Бір өксік өзегімде тұншығыды.
Соны ойласам төсекте дөңбекшимін,
Таба алатын емеспін тыншу өлі.

Соған жаным ұмытпай сәлемдеші,
(Тегін емес жанымның елендесі)
Өзің десе ес қалмай епелектеп,
Ағыл-тегіл жазады өлең деші.

Күдірет ынтық қылған бұлай неге,
Өзіңді ертелі-кеш сұрайды де.
Атың сенің аталса сырт айналып,
Көзіне ерік беріп жылайды де...

* * *

Сенің жасып жүргенің маған батты,
Жан едің-ау бір кезде шарапатты.

Өмір неге маздаған отынды алып,
Өмір неге қатулық алға тартты.

Мен сені тек биіктен көрсем деп ем,
Неге шыңға шықпадың мөлшерлеген.
Кешегі жарқ-жүрқ еткен жанар қайда,
Неге бүгін түсіңкі еңсең төмен.

Жүнжімеші, өмірде не болмайды,
Рас, кейде сәтсіздік жол байлайды,
Қанаты бүтін қыранға дүние кең,
Ұмытсаңшы кешегі болған жайды.

Жығылмасын балауса жан құрағы,
Аман болсын туған жер топырағы.
Силаса биыл аптап, қуаңшылық,
Келесі жыл есесін толтырады.

Қуат берсін адал дос, мияттарға,
Тағдыр да айнымалы сияқты арна.
Бір сүріну жігітке не тұрады,
Сүрінбейтін өмірде тұяқ барма?.

* * *

Бақыт қонса өмірде тасымайық,
Бұлт үйірілсе көңілге жасымайық.
Кеудеге күн қондырып, күлімдейік.
Тағдыр бір сәт тоңдырса түнілмейік,
Көктем болып нұрланып, гүлденейік.
Озғандарға қуанып, күндемейік.
Ақ арманды бас жарған, аялайық
Жан жылуын достардан аямайық.

ТИЛЕК

Тағдырым тас бол, иікпе,
Төлкек қып бірақ жылатпа.
Шығарып шырқау биікке.
Шыңырау құзға құлатпа.

Тұрақсыз ұшпа бақ беріп,
Тұрлаусыз өмір сүргізбе.
Қуанышымды қақ бөліп,
Қамкөңіл етіп жүргізбе.

Бетке бас, кеміс-минімді,
Нақақтан бірақ күйдірме
Дұшпанға салма күнімді,
Басымды төмен идірме.

Налытсаң налыт бір рет,
Екі рет жүрме жылатып.
Қуантқыш болсаң күдірет,
Жыр сыйла тұрар гүл атып.

* * *

Календарьдың ұшып жатыр парағы,
Күндер, күндер зулап өтіп барады.
Құрт құлатса демі бітіп көрі ағаш,
Балауса тал көктем бүршік жарады.

Күндер, күндер зулап өтіп барады,
Көңілдерде түрлі белгі қалады.
Ағып түссе көк төсінен бір жұлдыз,
Екіншісі жарығырақ жанады.

Дүбірлете шапқан аттай даланы,
Күндер, күндер ағып өтіп барады.
Бір құс қонса жерге талып қанаты,
Бір балапан көкке қанат қағады.

Бір тіршілік тамыр жайып өседі,
Бір тіршілік мәңгілікке өшеді.
Аспандағы ала бұлт та бір жерде,
Тұрақтамай әлсін-әлсін көшеді.

Дүбірлете шапқан аттай даланы,
Күндер, күндер ағып өтіп барады...

* * *

Тағдыр мейлі бақытыңды қимасаң,
Жетіп жатыр мол уақыт сыйласаң.
Ризамын жапырақтап гүл ашар,
Мақсатымды, мұратымды тыймасаң.

Уақыт болса, көп борышым өтелер,
Мақсат, мұрат асқар тауға жетелер.
Тегін байлық, тептім сенің басыңа,
Оңай бағыт мені айналып өте бер...

* * *

Күндер өтіп барады сусылдаған,
(Өр күнім қалай қарап жүрсің маған).
Мен де бір жел айдаған құланымын,
Ащы көл, тұщы көлден сусындаған.

Күндер қанша тасады асықтырып,
Жатсын дегі жасыңда жар тасып тұнып.
Өр минуты зырлайды алға қарай,
Жарық күн қызығына ғашық қылып.

Өр күнді түсірсем деп тасқа кертіп,
Ескерткіш қалдырсам деп асқақ етіп,
Шыңыраудың түбінен сыр тартамын,
Бал дәурен барады-ау деп бастан өтіп.

Іздеймін аласұрған құйын арын,
Шабыт-пірім табынып, сыйынарым.
Сезген сайын аптығым мол қармауға,
Қара жерден топырақ бұйырарын.

Ынтызарым жыр болып гүлдер өсем,
Ой теңізді күндіз де, түнде кешем,
Әйтеуір, кетпесе екен күндерде өсем.

* * *

Елімнің еркін өскен баласымын,
Сүйемін шуақты өмір жарасымын.
Жисам деген ақ ниет үстіндемін,
Бойыма дүниенің бар асылын.

Қуаныш жүрегімді көп бөлеген,
Жерім жоқ тағдырыма өкпелеген.
Қомағаймын жақсылық атаулыға,
Жақсылықтар алыстап кетпе менен.

Жырымнан жеміс беріп сүйікті елге,
Барымды төксем деймін үйіп төрге.
Өзгелерден менде алға ұмтыламын,
Шықсам деп бас айналтар биіктерге.

Сол үшін мен таласып, айқайласам,
Сол үшін жөн бе көл боп шайқалмасам.
Өмір кешіп өткенде мұратым не,
Гүл атып, жеміс байлап, жайқалмасам...

* * *

Жандар бар маған ылғи да,
Жақсылық қана тілейтін,
Тайғанаттырмай ылдига,
Таяныш боп тірейтін.

Жандар бар маған әр кезде,
Жанашыр болып жүретін.
Көрсетпей мінез жат өзге
Қадірлеп сыйлай білетін.

Жандар бар маған сая бак,
Жаятын ыстық құшағын.
Көтеріп биік аялап,
Құятын бойға күш-ағын.

Жандар бар маған тым ыстық,
Жарасты артық бауырдан.
Танытып әр кез туыстық
Жүретін қорғап дауылдан.

Қалайша әлсіз болармын,
Осындай жандар барында.
Сен де боп бірі солардың,

Жарқылдап жүрші жанымда.

* * *

Арман көп өрер әр таңнан,
Қайбірін қуып жетермін.
Бір күні достар ортаңнан,
Жұлдыздай ағып өтермін.

Тұрмасын мәңгі асқарда,
Түсермін төмен, құлармын,
Жаратпай жүрген "достарға",
Сол кезде бәлкім ұнармын.

* * *

Жанымда жарады көп гүлін дарын,
Ұғындар онда тілек-шырын барын.
Бар қайғыны кетейін мен арқалап,
Сендер жаси көрмендер, құлындарым.

Мен-ақ естиін тағдырдың мұнын, зарын.
Сендер бұзба ұят, ар, дінін, заңын.
Маған-ақ бата берсін қиындықтар,
Сендер жаси көрмендер, құлындарым.

Құлындарым, жалғасым, болашағым,
Қайта оралған көктемім, бала шағым.
Мен үшін келе жатса күз жуықтап,
Сендер үшін басталды тамаша күн.

Болғанда бірің шекер, бірің балым,
Түсініңдер өмірдің сырын қалың.
Біреуіңнің қалт басып, сүрінгенің,
Менің де қара тасқа ұрынғаным.
Түсініңдер осыны құлындарым.

* * *

Тілеймін бақыт барлық жұлдызыма,
Солар үшін жазамын жыр қызыға.
Тілерім, мен кешірген тақсыреттің
Тауқыметі түспесін ұл-қызыма.

Адамға бала бақыт, бала қызық,
Солармен көш барады алға жүзіп.
Бұралаңы бітпейтін ұзақ жолда.
Өмір ылғи тұрмайды бал ағызып.

Сапардың көп талқысы, таулы шыңы,
Таусылмайды жеңіл де ауыр сыны.
Қиындыққа қарсы ұшар ұл-қызымның,
Мықты болсын топшысы, қауырсыны.

Жайқалып іздеріне гүл өріліп,
Жатса екен, шықса олар өрге күліп.
Деген ой құшағында дөңбекшүмен,
Таңға ұйқым шығады он бөлініп.

ЖҮРЕГІМ МЕНІҢ ЖЫРЛАЙДЫ.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Алмайды бір көз іліп.
Жүрегім менің жырлайды,
Қатайып кей сәт езіліп.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Асыға аққан бұлақтай.
Жүрегім менің жырлайды,
Желді күнгі құрақтай.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Жоқ оның еш ағаты.
Жүрегім менің жырлайды,
Өмірімнің сағаты.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Үлесін алдан алам деп.
Жүрегім менің жырлайды,
Бір күні соқпай қалам деп.

Өз өзімнен жасып қатты құлазып,

Жапырақ жаймай жанымда жүдеп гүл азып,
Жүрегім сазып, өзегім талып отырмын,
Талғау етер табылмай талшық жыр азық.

Білмеймін бұлай тоңырқап қалдым беу, неге?
Шамам да жоқ сүлейсоқ күйге көнбеуге,
Көңіл бей-жәй, басыма қаным шапқылап,
Таусылып тұрмын шабыт құс қонбай кеудеге!

Мені мила болады деп жаңылдың,
Амал нешек,
"Бос" ордадан табылдым.
Тілді үйірер
балды қаймақ тұрғанда,
Өзекті өртер
Заһар ішіп қағындым.
Осы халық
Қайтем сені жүдетті.
Басылмадым,
Талай, талай жыл өтті.
Сеуілдеуге шақырып бақ тұрғанда,
Мен ықтадым
Күнгірт жақты,
түнекті.
Шіркін пенде
Қас-қабакқа
Қондыра ма текке мұң.
Көп екен-ау тасып, асып кеткенім.
Даңғазалық күндер кешіп жүргенде.
Ерте өліп қалыпты ғой көктемім.
Өкінем осы күн
Мың есекке жүк болыпты кесірім.
Күйіп-пісіп қорғай білген сонда да
Мен өзіңнен сұрап өтем кешірім.

Ақын деген қызық халық тегінде,
Керек емес атак, даңқ пен шенінде
Жүзіп жүрсе болды оған саялы,

Өз елінің өлең деген көлінде.

Ақын деген бірде бала жоқ тілі,
Қуанышы жаңа өлеңі шоқ гүлі
Ақын деген бірде дана өзгеден,
Тұратұғын тым биіктеу шоқтығы.

Ақын деген бірде ішпей мас кісі,
Ағыл-тегіл жуатұғын жас түсін.
Ақын деген ойға батқан кезінде
Қатып қалған дерсің бейне тас мүсін.

* * *

Жүргендер ұстағандар асыл айды,
Көрмейтіндей өмірде басы қайғы,
Бермей-ақ қойсын аяп қол ұшын,
Мені өлмес жырларым асырайды.

Ұшпа мансап көгерткен кімді оңдырып,
Оның буы талайды жүр "тоңдырып".
Боямасыз, баянды өлеңіммен,
Мен жасаймын кеудеме күн қондырып.

Жапырақ жай жанымда гүлдеп шынар,
Күңгір тартса тағдырым берген шығар,
Креслода қонжиып отырғандар,
Іштей маған қызығып жүрген шығар.

Алаңдатпа мені даңқ, қызықтырма,
Сөнімді қонған бақыт бұзып тұр ма?
Жо, жо, жоқ, өз бақытым жетіп жатыр,
Жан түбінен ап жүрсем сүзіп тұнба.

* * *

Бірде келсек, бірде келмей бірлікке,
Айтысып жүрміз, тартысып жүрміз тірлікке.
Кейбіріміз биіктесек асу боп,
Кейбіріміз бұрқыраймыз ашу боп.
Кейбіріміз қиқарлықпен жетекке
көнбейміз де, шегінеміз етекке.

Бәрі жақсы, бәрі қызық тірлікте,
Өле қалсақ жатамыз боп бір нүкте.
Тартыссақ та, айтыссақ та әйтеуір,
Бәрімізде болсын таза ой тәуір.
Айтысымыз қорғасын ел намысын,
Таласпайық қара бастың қамы үшін.

СЕЗІМ ҰШҚЫНДАРЫ

Тоқтамайды, өтеді өмір,
Жыла мейлі, жылама,
Жер бетінен кеткен небір,
Ақылы мұқит гұлама.

* * *

Мейлі сайра бұлбұл болып,
Мезгіл жетсе тіл байланар.
Жайқалған гүл бүгін толып,
Ертең солып күлге айналар.

* * *

Жасайтындай мәңгі бір,
Қинай берме жанды аса.
Шірісің жерде бәрібір,
Өмір сүру далбаса.

* * *

Жер бетінен көшеді,
Қурап қалмай бір шілік.
Бірақ қайта өседі,
Өмірге құштар тіршілік.

* * *

Бет жыртысып, бұрқылдап,
Таласамыз босқа біз.
Адам болып ынтымақ,
Құра алмасақ шошқамыз.

* * *

Биік тауға құмартпа,

Ол да тозып шөгеді.
Ақымаққа сыр айтпа,
Абыройды төгеді.

* * *

Самғай білген қанаттың,
Талатынын ұмытпа,
Бал сыйлаған араның,
Шағатынын ұмытпа.

* * *

Ақылдының алдында,
Аласа бол; тұйық бол,
Ақымақтың алдында
Абыройлы биік бол.

* * *

Басыңды име қасыңа,
Кәдіріңе жетпейді.
Қатты келме досыңа,
Қиып сені кетпейді.

* * *

Болсаң жігіт сезімді,
Мына сөзді пайымда.
Бүгінге емес өзіңді,
Болашаққа дайында.

* * *

Бір дос келсе үйіме,
Жүрек сырға жариды.
Бір дос келсе үйіме,
Жанымды мұз қариды.

* * *

Есті болып тұрып-ақ,
Есерсоқтық істедім.
Сол өкініш қиын ақ,
Соңынан тіл тістедім.

* * *

Абайсызда сүрініп,
Арыққа мен жығылдым.
Адамдыққа жүгініп,
Адал досты ұғындым.

* * *

Нағыз дос - емен тіреуін,
Сүйенсең мықты таяныш.
Жалған дос- жалтақ біреуін,
Жылусыз жасар аяныш.

* * *

Бас киіміңді биік іл,
Басыңды шын силасаң.
Қолда бардың құнын біл,
Біреуге оны қимасаң.

* * *

Көрсетіп қару даурықпа,
Қалған құрал ол менен.
Жүз шайыспай саулықта,
Жүрейік бейбіт жолменен.

* * *

Жақтырмайды сені ешкім,
Десе әйелім- ақталам.
Сен мынаған келіскің,
Өлген күні мақталам.

* * *

Адам боп өмір сүргесін,
Айып емес ұтылыс.
Жүректе бірақ сәнбесін,
Биікке деген ұмтылыс.

* * *

Ұлым, сөзге құлақ тұр,
Жырымды оқып, пайымда,
Бықсығымды лақтыр,
Жалынымды қабылда.

* * *

Қашанғы өмір ұсынады асыл өн,
Тірі жүрсең не өтпейді басыңнан.
Төбелесте жеген таяқ түк емес,
Ауыр жаза күйе жақын досыңнан.

* * *

Қасты қойшы жасайды ғой қастығын,
Ол үшін көп қатырады басты кім.
Бір қас маған қадалатын оқ болса,
Бір қас менің ала құлар жастығым.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

МАХАББАТСЫЗ ДҮНИЕ БОС.

Абай.

ХАТ (Сыр)

Сені ойлап жүдеп, қатты азып,
Жүргеннен өкпе жоқ менде.
Отырмын тұңғыш хат жазып,
Жиырма жыл зулап өткенде.

Отырмын сені еске алып,
Мін тақпа, жаным, маздасам.
Жүрермін кейін кеш қалып,
Бұл хатты қазір жазбасам.

Жазбасам енді шынымды,
Өзіңнен бүкпей таң ғылып.
Айта алмай келген сырымды,
Қалармын айтпай мәңгілік.

Мұндай хат менен күтпесең,
Түрлі ойға түсіп толқырсың.
Түбіттей етіп түтпесең,
Түп-түгел бәрін оқырсың.

Өзің деп тыным таппаған,
Жанымда тамтық қалды ма?!
Жиырма жыл бойы сақтаған,
Сырымды жаям алдыңа.

* * *

Өткен күн бәрі жадымда,
Өремін содан өленді,
Қысылып тұрар алдыңда,
Құлыншақ күнім жоқ енді.

Салмақты кісі қалпына,
Ыңғайлап бойды түзеттік.
Қосылып үлкен сапына,
Қысылар шақтан біз өттік.

Көңілді бұл күн жебемес,
Етпейміз барды-жоқты өзіл.

Жеңілтек жүріс жөн емес,
Ұшқалақ мінез жоқ қазір.

Ұмыт боп жатыр біртіндеп,
Баураған жанды балды той.
Қыз десе жүрек лүпілдеп,
Қызарар шақ қалды ғой.

Қалды ғой бәрі нетелік,
Ән салар кезде желпініп.
Көтеріп көкке қетелік,
Кеудеде дауыл - жел тынып.

Барады зулап уақыттар,
Токтатар оны күш бар ма.
Біздерден ұшқан бақыттар,
Қонуда оған құштарға.

Тойға да барсақ жүреміз,
Үлкендер жақты жағалап.
Имене басып кіреміз,
Шақырса жастар "ағалап".

Сан қызық жанды мұнайтып,
Қалды ғой несін айтамыз.
Болмасын жігіт мен қайтып,
Болмассың сен де қайта қыз.

Өткендер арман бұл күнде,
Қақпассың қалай таңдайды.
Күрсінбеу сірә мүмкін бе,
Торлауда өжім маңдайды.

Амалдың бар ма бастағы,
Келеді шашты қар басып.
Әйтсе де бала жастағы,
Бірге жүр көңіл жармасып.

От қашып нұрлы жанардан,
Қоймайды екен әр таймай.

Әйтсе де түлеп ақ арман,
Тұра ма деймін қартаймай.

Жыл өткен сайын ауырлап,
Басады зіл жүк еңсені.
Қиялмен құшып бауырға ап,
Сағына түсем мен сені.

* * *

Көгалды деген ауылда,
Өзіңмен қатар бірге өстім.
Өзінді тартып бауырға,
Жүректен нәзік жыр естім.

Есейіп ерте сен үшін,
Ертерек өстім жігіт боп.
Өлеңнің тартып желісін,
Жетелеп алға үміт кеп.

Мен сені іштей ұнатып,
Өлеңдер жаздым көбірек.
Шыққанда көктем гүл атып,
Толысып түгел төңірек.

Мен сені талай шақырдым,
Қызғалдақ теріп қайтуға.
Пірәлі* зағип пақырдың,
Қосылып жырын айтуға.

Қосылып талай ән салдық,
Сағынам осы тұстарды.
Көк белде тұрып қарсы алдық,
Қиулап қайтқан құстарды.

Кетеді ойлар жанды ырғап,
Жарыса шығып көк белге.
Біз қатар тұрдық қол бұлғап,
Аққулар зулап өткенде.

*Пірәлі - екі көзі су қараңғы соқыр ақын болған.

* * *

Беріліп тәтті ойларға,
Дөнбекшіп шығам түніне.
...Есімде бірге тойлауға,
Шақырдың туған күніне.

Сол күні шексіз сүйініп,
Қуанып іштей тербелдім.
Кешкісін мұздай киініп,
Бір шоқ гүл ұстап мен келдім.

Сен болсаң сурет - көріксің,
Көзіңе шаттық нұр тұнып.
Шашынды жарып өріпсің,
Ақ көйлек киіп құлпырып.

Өзгерген түлеп табанда,
Қарадым саған шын сенбей.
Көрінді сонда ғаламда,
Жоқтай боп сұлу бір сендей.

Қосылып бірге ән салған,
Достар да жайнап тұр түлеп.
Сөйлейді олар бір саған,
Баянды бақыт нұр тілеп.

Қалдырып әсер баршаға,
Бұл да бір қызық кезең боп.
Айтылды тілек қаншама,
Ағылды шампан өзен боп.

Маған да достар сөз берді,
Ортаға алып шуылдап.
Қысылдым өңім өзгерді,
Тұла бой кетті дуылдап.

Тік ұстап кенет денемді,
Бойымды жиып мен ерлеп.
"Бір қызға" деген өленді,

Оқыдым күш сап мәнерлеп.

Жатты ма жырым бал татып,
Тыңдады достар маңқиып.
Бұрымның ұшын тарқатып,
Сен тұрдың оқшау аңқиып.

Кеудені биік көтеріп,
Бел алып сол сәт тұрдың-ау.
Дуылдап бойда от өріп,
Оқылған сонда жыр мынау:

"Ұсындың шоғын бір гүлдің;
Кеудеме кетті толып ән.
Кенеттен алға жүгірдің,
Сытыла шығып қолымнан.

Толтырып кеттің тамаша,
Көңілге мөлдір сезімді.
Көбелек қуған балаша,
Қуалап бердім өзінді.

Сөз демей орды-жарды да,
Жүгіріп келем жоқ амал.
Жетіп ал дейді алдымда,
Желбіреп қызыл орамал.

Сүйінтер ме екен кім білсін,
Сапарды тағдыр сәтті ғып.
Ұстамақ болып жыл құсын,
Келемін ұшып аптығып.

Сағымдай көзден бұлдырап,
Сен астың талай белеңнен.
Жарысып желмен құлдырап,
Жете алмай қуып келем мен".

Оқыдым сондай құлшынып,
Жырыма қосып жігерлі үн.
Әйтседе жасқа тұншығып,

Қуаныштан жылап жібердің.

* * *

Өзінді ойлап кеткенде,
Өзгеріп іштей түлеймін.
Бөтендей өкпе жоқ менде,
Бір саған бақыт тілеймін.

Соқтықпай өмір шөліне,
Бақуат жүрсең сен есең.
Шомылып шаттық көліне,
Білгейсің жүр деп мені есен.

Ақ таңым атып алдымнан,
Шуаққа жаным толғаны.
Жұбаныш тауып жарыңнан,
Жыламай жүрсең болғаны.

Баяғы қайта күн бізге,
Келмейді ойлап нетем кеп.
Тілеймін түнде, күндіз де,
Сен күліп жүрсе екен деп.

Өзіне арнап көңілге,
Өсіріп жүрген сен деп гүл.
Осынау үлкен өмірде,
Тілеулес бір жан мен деп біл.

ӨЗІҢ ЖАЙЛЫ ӨЛЕҢДЕР I. ІЗДЕЙМІН СЕНІ

Біреуге артып мен өкпе,
Отырсам кейіп жабығып.
Шақырып жәрдем-көмекке,
Іздеймін сені сағынып.

Қуана қалсам алдымнан,
Шаттықтың шамы жағылып.
Жүрекке толып ән думан,
Іздеймін сені сағынып.

Іздеймін сені сағынып,
Шыққанда алыс жақтарға.
Жүргенде шөлдеп, зарығып,
Сырларға толы хаттарға.

Іздеймін сені сағынып,
Ақ таңым шуақ'шашқанда.
Түндігі түннің жабылып,
Жұлдыздар көзін ашқанда.

II. КҮТТІМ МЕН

Көктеммен бірге ілесіп,
Төркіндеп құстар қайтқанда.
Түрлентіп түзді гүл өсіп,
Балбұлақ әнін айтқанда.
Күттім мен сені келер деп.

Балапан терек, тал-қайың,
Балбырап тісін жарғанда.
Әнші құс безеп таңдайын.
Абат бақ құшақ жайғанда
Күттім мен сені келер деп.

Тұрмақпын қалай езілмей,
Өтуде жылға жыл еріп.
Қыр гүлін аңсап өзіндей,
Сағыныш хаттар жіберіп
Күттім мен сені келер деп.

Әлі де сөзге иланбай,
Дегенге кетті біреумен.
Бар сырым осы имандай
Кіршіксіз аппақ тілеумен
Күттім мен сені келер деп.

III.

Сыр шертетін өзің боп,
Сарыла күттім хатыңды.

Оңаша қалған кезімде,
Әніме қостым атыңды.

Өзіңе ғана арнадым,
Жырларым туса татымды.
Өршітуден талмадым,
Өзіндіе махаббатымды.

Мұңға да шомдым тұңғиық,
Өзінді мұңсыз жүрсін деп.
Шыңға да шықтым тым биік,
Шын ғашық жанды көрсін деп.

Қашанда көз алдымда,
Тұрасың күліп ақ құсым.
Азапқа ақыр салдың ба,
баянды маған бақты ұсын.

IV. ЕСІҢНЕН ШЫҒЫП КЕТТІМ БЕ?

Жүресің жүрек түбінде,
Деуші едің тәрік еттің бе.
Елеусіз қалып бүгінде,
Есіңнен шығып кеттім бе?

Шықты ма естен түн айлы,
Құшағын ашқан абат бақ.
Қарсы алған бізді арайлы,
Күлімдеп атқан таң аппақ.

Шықты ма естен бәрі де,
Болған соң жәйлі тұрмысың.
Әлде ойлап таңсәріде,
Ішіңнен тұнып жүрмісің.

Мен тұрам ерте елеңдеп,
Күтемін ылғи нұр алдан.
Өзіңнен жақсы хабар кеп,
Шықсам деп оқып құмардан.

ЕСІНДЕ МЕ

Есіңде ме қызықты өткен жаздар,
Самал болып сыр шертіп жеткен саздар.
Есіңде ме айналып ауыл үстін,
Қош дегендей батысқа кеткен қаздар.

Есіңде ме сырынды біліп көптен,
Тұрғандай қараған Ай күліп көкпен.
Есіңде ме қоштасып балалықпен,
Ақ қайың бантигіңді іліп кеткен.

Есіңде ме көзімен тұзақ іліп,
Қалмайтын көп "серілер" із аңылып.
Есіңде ме өзіңе өлең жазған,
Ғашықпын деп бір жігіт ыза ғылып...

ОРАЛАСЫҢ БА, КӨКТЕМІМ?

Ораласың ба, көктемім,
Жыл сайын гүлдеп еккенім.
Ес білгенде қуанып,
Есігін ашқан мектебім.

Ораласың ба, көктемім,
Қашықта қалған өкпелім.
Қиулап кайтқан құстарды,
Қарсы алған шығып көк белім.

Ораласың ба, көктемім,
Арманшыл, әншіл кездерім.
Ақсүйек бірге ойнаған,
Ақ маңдай кара көздерім.

Ораласың ба, көктемім,
Оқастап алыс кеткенім.
Ортаймастай көп көріп,
Ойланбай шашып-төккенім.

Ораласың ба, көктемім,

Білмеймін қанша көктедім.
Қанағат емес жеткенім,
Өкінішім көп менің...

* * *

Терезеңнен телміріп,
Көп қарайсың мен жаққа.
Сазды әнді беріліп,
Сызылтасың кей уақта.

Әуенінде бар-ау мұң,
Торда отырған құстайсың.
Маған қарай аяулым,
Неге шырқап ұшпайсың.

Терезеңнен телміріп,
Қарағанша төсіле.
Қара шашың төгіліп,
Құласайшы төсіме.

КӨРШІ ҚЫЗ

Сылтауратып қасына,
Сенің жиі келуші ем.
Шығып талдың басына,
Алма үзіп беруші ем.

Сенің отты лебіңнен,
Қорғасындай балқушы ем,
Сәуле шашқан өңіңнен,
Ләззәт тауып, шалқушы ем.

Ойға алу бүгінде,
Мүмкін емес толқымай.
Жырлар ғашық тілінде-
Жаздым қойдың оқымай.

Жүрем ылғи еске алып,
Өзге қыз жоқтай ғаламда.
Жүрегіме шок салып,

Сен жасайсың санамда.

КӨКШІЛ АЛЬБОМ

Көкшіл альбом, серігімдей сырласқан,
Суреттерің шертер нәзік жыр-дастан.
Сені ақтарып сергек тартып қаламын,
Көңілімді кезінде бір мұң басқан.

Көкшіл альбом - өшпес белгі өткеннен,
Толқымаймын сені ұстап тектен мен.
Сені ақтарсам қалың ойға малтығып,
Қауышамын көп достармен, көктеммен.

Кеше біздер талшыбық ек, өндірік,
Кеудесінен ұшатын тек ән түлеп.
Сол кездерді көріп көкшіл альбомнан,
Жанарыма келеді жас мөлдіреп.

Көкшіл альбом - жастығымның жыр-әні.
Сені ақтарсам жүрек нұрға тұнады.
Сені ақтарсам ақ бантикті қара қыз,
Бала кездей күлім қағып шығады.

СУРЕТ

Өзіңменен бірге түскен суретті,
Көргенімде бейқам сезім дір етті.
Студенттік күндер түсіп есіме,
Сыр кернеді, жыр кернеді жүректі.

Көңілімді нұрландырып гүлдеткен,
Көзімді алмай қарай бердім суреттен.
Жас шағыма сүйреп ала жөнелген,
Қасиетті бұйым еді бұл неткен.

Қалай өткен білінбестен жыл неше,
Қызық па екен уақыт жылдам жүрмесе.
Дидарынан күн шуағы төгілген,
Уыздай жас бала екенбіз біз кеше.

Жанымызға шұғылалы жаз қонып,
Кеудемізге көңілді күй, саз толып.
Иыққа иық түйістіріп суретте,
Екеуміз де тұрмыз күліп, мәз болып.

* * *

Мен сені сүйдім бе, сүймедім бе,
жөнді білмей,
Көп жүрдім жан екен деп көзіме ілмей.
Сонда да ықтай бердің құшағыңды,
Тұрса да саған деген сезім күлмей.

Сөйтсе де қасиетіңе табындырдың,
Ыза ғылдың, күлдірдің, тарындырдың.
Жанарыңмен жалт еткен тұзақ тастап,
Жүрегіме ақ шуақ жалын құйдың.

Жанымдағы тып-тыныш сазды үдеттің,
Төріне ене бердің жаз - жүректің.
Бірте-бірте айналып қимасыма,
Өзінді сүйеге де,
сыйлауға да мәжбүр еттің.

КЕЛІСПЕДІК

Келіспедік,
Өзімшіл екеуміз де теріспе едік.
Айлар өтті арада, жылдар өтті,
Сағынысып біз қайта көріспедік.

Келіспедік,
Мінезді қасиетсіз неге істедік?
Қаншама қуанышты күндер өтті,
Қызығын, шапағатын бөліспедік.

Қос жанар жасқа толып,
Бөліндік бақытсыздық басқа қонып.
Қосылғанша жүріппіз жат көздерден,
Бірімізді - біріміз босқа торып.

Бас қатырып,
Жүрмейік енді жанға тас батырып.
Кешегі пәк сезімдер шымылдығын,
Құдай үшін таста тіліп.

* * *

Ол кезде қызық еді-ау,
Уайымды білмейтінбіз.
Кеудеде жүзіп алау,
Көркейіп гүлдейтінбіз.

Кештің де сәні бөлек,
Қызыққа тоймайтынбыз.
Ауылды әнге бөлеп,
Ақсүйек ойнайтынбыз.

Кес-кестеп қыздың алдын,
Оңаша шығатынбыз.
Түбінде жалғыз талдың,
Сырласып тұратынбыз.

Маужырап түн тамылжып,
Ауада шайқалмайтын.
Уақыттың алға жылжып,
Өткені байқалмайтын.

Жастық шақ алып ұшпа,
Қайырылмай кеткені ме?
Сол күндер сағынышқа,
Айналып өткені ме?

СЕН КЕШІКТІҢ

Жасырайын несіне сезімді іркіп,
Сен кешіктің, барады төзім бітіп.
Асылым-ау, білмейсің мұны неге,
Осы шақ жолға қарар кезім бе үркіп.

Үміт-бұршік қалтырап, еспей гүлдеп,

Ыстық қан көтерілді түспей үдеп.
Қою бұлт қонақтаған еңседе пәс,
Жолына көп қараймын іштей жүдеп.

Өзінді ойға ап жүруші ем өсіп күнде,
Ұйқы қашан кеткелі көшіп мүлде.
Келем деген күндерің барады өтіп,
Әлде өдейі сағынтып кешіктің бе?

Сенсіз көйтем бақытты жолығысқан,
Сені іздейді көңіл де алып ұшқан.
Екі көзді төрт қылмай тезірек жет,
Кетпе десең өртеніп сағыныштан.

* * *

Жүрсін десең алаңсыз мені егерде,
Жанарыма жас болып келе берме.
Ұйықтағанда ғажайып түстер сыйлап,
Қызғалдақты ертіп шық төбелерге.

Әлдиле сезімге бай ән-күйінмен,
Көрмейін бұлт қабағын сәл түйілген.
Шашымды сипай берсің алақаның,
Жастық етіп тізенді қалғиын мен.

Сыйласаң сыйла назды бұлақ әнін,
Тек сыйлама құрайдың жылағанын.
Соңғы кезде барады ұйқым қашып,
Ұйқыма көп тиіспе сұранамын.

Қайдан болсын сезімтал кісіде ерік,
Қит етсе көзден жас боп түстің еріп.
Қайда жүрсең есіңе ал мен бейбақты,
Жиі-жиі жүр жаным түсіме еніп.

Жанымда шешек атып жаз толайым,
Өтсін күн өкінішін қозғамайын.
Ұмытқан жоқ өзімді көгілдірім,
Түсімде көп көрем деп мәз болайын:

ҰМЫТЫП КЕТПЕ МЕНІ

Жарысып гүлін терген,
Есіңе ал көктем еді.
Жасқанып жырын берген,
Ұмытып кетпе мені.
Базар ғып шуласатын,
Есіңе ал: Көктөбені.
Өзіне болысатын,
Ұмытып кетгіе мені.
Жадымда тілек-шырын,
Көп арман көктегені.
Бөліскен жүрек сырын,
Ұмытып кетпе мені.
Жақсы еді-ау неғылайың,
Уақыттың өтпегені...
Өзінді сағынайын,
Ұмытып кетпе мені.

* * *

Сиқырлы нендей күш бар өзінде ерек,
Сен десем менде оянар сезім бөлек.
Жалт-жұлт еткен танадай жанарыңның,
Тұзағына түспеуге төзім керек.

Бір өзінде тамаша кемел көрік,
Қызықсам да сабырға келем көніп.
Тек қана көңілде ойнап ала құйын,
Ағыл-тегіл өлеңге берем ерік.

* * *

Оңаша қалсаң кетесің түсіп сан ойға,
Достарың сені өзімен бірге санай ма.
Іздерің бар ма кейінге қалған өзіндік,
Ақ қырау ерте түскеннен сау ма самайға.

Жүрсін бе босқа қолыңнан әлде келмей түк,
Болғансын тірі қарасын көптің көбейтіп.
Жүрсін бе әлде игілік үшін тер төгіп,
Өмірдің бағын жемісті талмен көркейтіп.

Жүрсін бе әлде тірліктің құнын кем біліп,
Көлденең жатқан олжаны мүжіп, кеміріп.
Жүрсін бе әлде мақсатсыз, бейқам өмірге,
Жан бағып қана, сая жай тауып, семіріп.

Жо, жо жоқ олай
жүруге хақың жоқ сенің,
Жүктелген саған жауапты міндет, нық сенім,
- Қарайды көктен көз ашып жаңа бір жұлдыз,-
деген ойда,
күтеді үміт жақсы елің.

* * *

Көктем күні майда шуақ төгеді,
Төңіректі құстар әнге бөледі.
Босанғандай бусанады Жер-ана,
Тал біткендер тісін жарып келеді.

Көңілдегі көп арманды тербетіп,
Жымындайды мөлдіреген көл беті.
Сұлулықтың құлпын ашып керемет,
Ажарланда қыр-жотаның келбеті.

Еркелейді жібек самал шертіп сыр,
Тындап жатыр маңғаз дала, елтіп қыр.
...Ақ қайыңға арқа сүйеп бір ару,
Сүйіктің сағынышта күтіп тұр.

* * *

Талай көктем, кетті талай күз келіп,
Жолықты сан қыздар ойды жүз бөліп.
Әйтсе-дағы саған деген көңілім,
Бәз қалпынан көрмеді бір өзгеріп.
Сені іздедім батысқа күн батарда,
Сені іздедім мініп ұшқыр қиялға.
Сені іздедім төтті ұйқыға жатарда,
Сені іздедім көз ашса көк жұлдызы,
Сені іздедім көңілімнің күндізін,
Сені іздедім алма бақты аралап,

Сені іздедім гүлдер жинап қырмызы.
Сені іздедім шомып ұзақ ойға елтіп,
(Сені іздедім кейде жүдеп, қайғы етіп).
Сені іздедім үйленген көп досымның,
Үйлеріне барайын деп тойға ертіп.

* * *

Күрсіне көрме, аяулым,
Күрсініп мені налытпа.
Түсірме жанға қаяу-мұң,
Тарыңған кейіп танытпа.

Қабак та түйме, жадыра,
Көзінде күлкі ойнасын.
Қуаныш гүлдеп, жадырап,
Кеудеде құстар сайрасын.

Жабырқай көрме, жаркылда,
Жүректі жырға бөлейін.
Өзіңді ашық қалпында,
Қашанда, еркем, көрейін.

КЕРЕМЕТ

Түсімде тұрған ұшар таудың басында,
Шыға алмадым ұмтылғанмен шыңғы алып.
Ояна қалсам о керемет расында,
Қара терге түсіппін қатты қиналып.

Түсімде сен адастырып өзіңнен,
Әлде нені жасырыңдың таса ғып.
Ояна қалсам о керемет көзімнен,
Жатыр екен мөлдіреген жас ағып.

Түсімде сен қайғы-мұңға батырдың.
Бөгде жанның оң тізесін жастанып.
Ояна қалсам о керемет ақылдым,
Жанарымнан жатыр мөлт-мөлт жас тамып...

ҚАЙДАСЫҢ, ҚҰРБЫМ, БҰЛ КҮНДЕ

Есімде шуақ-дидарың,
Есімде маңызды күлкің де.
Сағынтып қатты қинадың.
Қайдасың, құрбым, бұл күнде?

Сағыныш сендік үдеді,
Сансырай түспеу мүмкін бе?
Бір сен деп көңіл жүдеді,
Қайдасың, құрбым, бұл күнде?

Сағынбау сені киянат,
Сан ойға түсем әр күнде.
Санамда қалған ұялап,
Қайдасың, құрбым, бұл күнде?

ҚАРА ҚЫЗ, ҚАЙДАСЫҢ?

Бірге ойнап, бірге өскен,
Шаттығы шалқып-тасып.
Гүл теріп көк белестен,
Қайтатын қол ұстасып.
Қара қыз, қайдасың?

Кей күні бойын түзеп,
Шашына бантик тағып.
Албырап балғын жүзі,
Қарайтын күлім қағып.
Қара қыз, қайдасың?

Жүрегін бозбаланың,
Өзіне бағындырған.
Өткеннің қозғап әнін,
Бүгінде сағындырған,
Қара қыз, қайдасың?

СҮЙДІ МЕ ЕКЕН?

Жалыны басым алаулы,

Жігіт боп өстім тым қызба.
Шығардым ұзақ қарауды,
Ақ сары келген бір қызға.

Билейтін күйге алуан,
Биші еді өзі әйгілі.
Бөгдеге өн де салудан,
Бермейтін бөйге-жүлдені.

Түсіндім оның күлкісін,
Үні деп мөлдір бұлақтың.
Ай-күнге балап гүл түсін,
Өзін мен қатты ұнаттым.

Жасырып қайтем ол шақты,
Ойласам жанға өлі ыстық,
Киімдер тандап мен жақсы,
Мойынға тақтым галстук.

Махаббат мендік мерейлі,
Толысып гүлін ашты да.
Баруым баққа көбейді,
Қайырдым сәндеп шашты да.

Шалбардың қырын сындырып,
Әуреке түстім өтектеп.
Кім білген ол күн, құрбым-ай,
Сездірмей жылжып өтед деп.

Беріліп тәтті сезімге,
Түнімен өлең өрдім де.
Жұмсам да қатты көзімді,
Ақ сары қызды көрдім мен.

Кеудемді жиі ұрғылап,
Тулады жүрек әр екпін.
Ықылас қойдым шын құлап,
Сол қызды ғана керек қып.

Көз жазсам одан бір елі,

Қиналып қатты торығам.
Сондықтан күтіп үнемі,
Алдыңнан қарсы жолығам.

Беремін сәлем нұрланып,
Изейді басын ол-дағы.
Мен үшін бақыт ұрланып,
Бір қарап өтсе болғаны.

...Шіркін-ай, шіркін сол күн де,
Алыста қалды-ау бұлдырап.
Жүгірсең қанша бұл күнде,
Жеткізе қоймас құлдырап.

Оздырған сайын уақытты,
Маздайды түрлі ой көңілде.
Болды ма сол қыз бақытты,
Тапты ма теңін өмірде?!

* * *

Бір қызды көрдім мен залдан,
Өзіңнен тіпті аумаған.
Айрылдым ерік-мазадан,
Сезімге елтіп лаулаған.

Қарадым қайта мән беріп,
Ұқсайды саған өңі де.
Маңдайға біткен әр беріп,
Ноқаттай қара меңі де.

Ұқсайды дертіп ернінің,
Үлбіреп дірілдеуі де.
Жайдары шуақ төгілтіп,
Көзінің күлімдеуі де.

Қарадым оған тағы да,
Шын құлап көңіл хошымен.
Аумайды отырғаны да,
Шашының ойнап ұшымен.

Ыстық қан бойға жүгірді.
Жылы леп одан жеткендей.
Ғашықтық жайлы жырымды,
Оқыдым өшім кеткендей.

ҚОЛ АЙНА

Сонау кез өлі есімде,
Ұмыту оны оңай ма?
Жолығып саған көшінде,
Сыйладым титтей қол айна.

Тұнжырап жеңгең қабағы,
Ертесі сүзді үй ішін.
Ақтарып бәрін қарады,
Қалдырмай қуыс-мүйісін.

Астан да кестең үй шаңы,
Жеңгем де қызық, әй тегі.
Құйтымдай бір шишаны,
Іздемей-ақ қойса қайтеді.

Шашылды бұлай үй неге,
Аян ғой, білем барлығын.
Ұнатпай қалдым дүниеге,
Жеңгемнің мұнша тарлығын.

Құшақтап кенет жеңешем,
Тартты да мені төсіне.
"Көңілді сомен жебеуші ем,
Ағанды алып есіме".

- Көрмедің бе,- деді мұнайып,
Ол барлай қарап көзіме.
Қайтейін тақтым мін, айып,
Сол шақта ренжіп, өзіме.

Қаншама оған қымбатты,
Айна еді құнды байқадым.
Сақтау да керек ұятты,

Амалсыз басты шайқадым.

Дуылдап бет те албырап,
Қос түйір көзде тұрды еріп.
Мойын да құрғыр салбырап,
Қойды ма қайдам, сыр беріп.

Еріксіз кеттім егіліп,
Кіруге аз қап жерге енді.
Көзімнен жасым төгіліп,
Құшақтай бердім жеңгемді.

...Осы ойлар болып қиналып,
Дөңбекшіп шығам әр таңда.
Жеңгемнен ұрлап сыйлаған,
Сол айна жүр ме қалтаңда?!

БЕТОРАМАЛ

Осы орамал қасиетті мүлкім де,
Тіпті ыстық бұрынғыдай бұл күнде.
Қолда қалған жастық шақтың көзі боп,
Ескерткішті жоғалтуым мүмкін бе.

Жоқ болса да өзінде үн, не тіл де,
Тұнып тұрған сырлар жатыр бетінде.
Алақанын өлі толық жаймаған,
Қызғалдақ гүл келеді өсіп шетінде.

Бір шетінде келе жатыр күн шығып,
Таратуға мол шуағын құлшынып.
Бір бұтаққа қонақтаған бұлбұл құс,
Өзер отыр сайрай алмай тұншығып.

Көз жауын ап жібек жібі құлпырып,
Екі ұшында екі әріп тұр тұнып.
Олар бейне үздіккендей қол созып,
Бір-біріне жете алмай ұмтылып.

Осы орамал қасиетті мүлкім де,

Тіпті ыстық бұрынғыдан бұл күнде.
Қолда қалған жастық шақтың көзі боп,
Жоғалтуым оны менің мүмкін бе?..

ЕСІҢЕ АЛ

Жүрекке тұнған жырымды,
Жеткізе алмадым тілменен.
Ұқтыра алмадым сырымды,
Ұсынған қызыл гүлменен.

Зулады уақыт ілгері,
Маған да саған бағынбай.
Жас шақтың шуақ күндері,
Жылыстап ойнап сағымдай.

Алыстай берді арамыз,
Күйеуге кеттің. Тойладық.
Маған да серік қара қыз
Табылды. Сені ойладым.

Кешегі күндер сағыныш,
Көңілге ыстық бөрі де.
Сен жаққа қалмай сабыр-күш,
Келеді ұшқым-өлі де.

Сан жылдар өтті арада,
Сені ұмыта алмадым.
Ескерткіш менен санада,
Есіңе ал, бір жыр арнадым.

* * *

Ойға шомдым, мен тұншығып.
Несін оның жасырайын.
Кетіпті ғой қолдан шығып,
Жастық шағым, асыл айым.

Отыр төрде шалқып тасып,
Қуанышты жастар гүлдеп.
Үстеріне еркін басып,

Кіре алмадым тұрдым жүдеп.

Олар жақтан өн шалқиды,
Кешегі күн мен айтар көп.
Үндеріне жан балқиды,
Ойлап па едім мұң айтар деп.

Тұңғыш рет бағым тайып,
Ет жүрегім тұр үгіліп.
Қалғанымды аға атанып,
Күрсіндім ғой бүгін біліп.

Күрсіндім мен бүгін қатты
Жанарымда түйір моншақ.
Шығарып сап жазды төтті,
Қала бердім сүйіп аңсап.

Түсті тұман көңіліме,
Жан дүнием лайланып.
Көрем деп пе ем өмірімде
Тамашадан бұлай қалып...

* * *

Қалдым ғой қапияда қатты арманда,
Өкінер ме ем жан сырын ақтарғанда.
Өтінерім өзіңнен ашып оқы,
Сәлемімді арқалап хат барғанда.

Жан түбінде жатқан сыр тымық тұнып,
Кім ойлаған қалар деп суыт тынып.
Хат жолдадым өзіңе ұяндықтың,
Шымылдығын кешірек сырып, түріп.

Жүретін күні кеше еркін шіреп,
Мойымайтын азапқа етім сірі ед.
Сен кеттің де басқаның құшағында,
Мен қалдым жалғыздықтан жетімсіреп.

Бақыт тауып сен рас жүрсің күліп,
Хатымнан жай-күйімді түсін біліп.

Тек кетпедің азапқа тастап кеттің,
Мені мәңгі өкітіп, күрсіндіріп.

Көз жазып қалдым сенен тірі тұрып,
Кеудеге кетті жүрек мұңы тұнып.
Жек көрмейтін сияқты ең сен де мені,
Қалайша қалар екем ұмытылып.

Қайбір мені жан дейсің оңып тұрған,
Саф бақытын өмірден жолықтырған.
Айналайын өтінем тиіспеші,
Кетпесін сезімге арым болып құрбан.

Жүрсің ғой бар жайымды көріп, біліп,
Қайтесің, қалқам, мені еліктіріп.
Жалынамын отымен шарпымашы,
Ерімесін жатқан ар берік тұнып.

Түсіне біл тілекті дұрыс күнім,
Көзіңнің көп түсірме нұр ұшқынын.
Моп-момақан ойларға шомып тұрған,
Бұзылмасын маңқиған тыныштығым.

Еркетай, қазір жабығып,
Есіңе мені алдың ба?
Суретіме сағынып,
Қиыла қарап қалдың ба?

Суарып әлде гүлдерді,
Сүйсініп іштей тұрмысың?
Сарыла санап күндерді,
Сағына күтіп жүрмісің?

Самалдан естіп пәк назды үн,
Көп ойлай беріп аздың ба?
Қанатындай ақ қаздың,
Қағазға сәлем жаздың ба?

Қиялға шомып әлде сен,
Ойыңда мен боп жалғыз-ақ.
Атымды қосып өнге әсем,
Тұрсың ба қарап жолға ұзақ?..

Музыка сазы төгілді,
Бір жас қыз мені келді елеп.
Көтеріп биік көңілді,
Кеттік біз билеп дөңгелеп.

Ой орап жанды бұл шақта.
Көңілге әр не түспей ме.
Жүрген кез ыстық құшақта
Ұшқалы тұрған құс бейне.

Тірелем неғып тұйыққа,
Ұшпаймын шалқып беу, неге?
Тастап қыз қолын иыққа,
Сүйейді басын кеудеге.

Қадайды көздің инесін,
Қаншама қыздар жаудырап.
Қысылам бүгін мен несін,
Қалғанша билейім саудырап.

Болады-ау ұмыт бұл күнде,
Зымырап ұшқыр уақыттар.
Жастық-ай жарқын күлкінде,
Қимайтын қанша бақыт бар.

БАСЫНДА СҰЛУ ЕДІ...

Осы әйелдің жөндеп те ел білмейді атын,
Дейді әйтеуір талайсыз жынды қатын.
Онда ой жоқ, арман жоқ сияқты бір,
Онда үн жоқ сөйлесіп тілді ұғатын.

Елден бұрын ол танды қарсы алады,
Жеке тұрып дауыстап ән салады.

Күнде көрген дейді оны жынды қатын,
Алғаш көрген танданып, тамсанады.

Отырмайды қайғырып үйде налып,
Ертең қандай жүрем деп күйде қалып.
Ән салады жағалап жол жиегін,
Газеттерді шашылған жинап алып.

Керегі не сорлыға құрсын күліп,
Өркімді жүр тағдыры күрсіндіріп.
Ол жайлы анам былай дейді маған,
Қабағына кірбің ап түсіндіріп:

"Сұлу еді тақпайтын басында айып,
Бүгінде барады ғой жасы ұлғайып.
Қара қағаз ерінен келген күні,
Шыға келді жынданып шашын жайып.

Жақсы ғой асылында адамды ұққан,
Айтылмас сыр бар сіре ода бұққан.
Ол әйелді қадірле, жаным балам,
Ол жынданды жарына адалдықтан.

Сол хақында күнә ғой тізбеу де өлең,
Алдан үміт осы да үзбеу деген.
Газеттерден бәлкім ол жүрген шығар,
Жары жайлы жақсы сөз іздеуменен".

* * *

Балалық күн, шалалық күн тасталып,
Бар қызығың келеді енді басталып.
Қуаныштың айдынында жүзе бер,
Жанарыңнан үзілмесін жас тамып.

Жан едің сен шұғылалы нұрға асық,
Өмірінде төмендеме, шыңға шық.
Тілеуімді сырттай тілеп жүр деп біл,
Адасып қалған қапияда шын ғашық.

Тірлігінде бақытты бол, бол аман,

мені ойлама қызығын өзің тонаған.
Сен қуансаң шаттанды де мені де,
Сен мұнайсаң көкірегіме тола ма ән.

Сен жабықсаң қасіретке кезігіп,
Кетті дей бер мені жүдеп езіліп.
Кетті дей бер жапа шегіп, жынданып,
Мына өмірдің шаттығынан безініп...

* * *

Бір той қатар отырып,
Әзілдей күліп қағысып.
Бокалға шарап толтырып,
Көтеріп қойдық танысып.

Сол күні бойда от өріп,
Алаулап тұрды түсім де.
Тастадық бір-бір көтеріп,
Сен үшін, мен үшін де.

Шараптан емес сол күні,
Шаттықтан басым айналып.
Желпініп өннің толқыны,
биге де шықтым сені алып.

Айнала халық самсаған,
Тұрды ма білмен сүйініп.
Қызмет еттім мен саған,
Қысылмай жұрттан иіліп.

Секілді небір бек шынар,
Қыздарға қойдым мән бермей.
Сол күні болған жоқ шығар,
Көңілді адам дәл мендей.

Соңынан жүрдім таңырқап,
Нендей күш бойды көрнеген.
Домбыра тартып, өн шырқап
бердім ғой бүйтіп көрмеп ем.

...Осы бір жылдар ішінде
Неше той бастан өтпеді.
Дәл сондай болып бірі де
Көңілге әсер етпеді.

* * *

Артық емес өзгелерден сымбаты,
Басқаларға көп қыздардың бірісің.
Менің үшін өмірімнің қымбаты,
Көктөбенің алғашқы аппак гүлісің.

Тал бойында сұлулық жоқ тұнған түк,
Басқаларға қараторы бір қызсың.
Менің үшін дүниені нұрландырып,
Таң алдында туатұғын жұлдызсың.

Басқаларда шаруам не сен маған,
Әлемдегі теңдесі жоқ Ай, Күнсің.
Жарқырасаң бақытымсың жайнаған,
Жабырқасаң жанымды жер қайғымсың.

* * *

Ұмытуға сені шамам жетпеді,
Сені ойға түсірмей күн өтпеді.
Иегіңнің астындағы жалғыз мен,
Қайда жүрсем көз алдымнан кетпеді.

Не кінә бар жатса уақыт зуылдап,
Қайда көңіл саған деген суынбақ.
"Сүйем" деген әлсіз сөзің әлі де
Құлағымның түбінде тұр шуылдап.

Сақтай берем мен қашанғы түйіп сыр.
Ойға түссе өтем жанып, күйіп бір.
"Жаным" деген нәзік үнің әлі де,
Жүрегіме жылы шуақ құйып тұр.

* * *

Көктем күні майда шуақ төгеді,
Төңіректі құстар өнге бөледі.

Босанғандай бусанады Жер-ана,
Тал біткендер тісін жарып келеді.

Көңілдегі көп арманды тербетіп,
Жымыңдайды мөлдіреген көл беті.
Сұлулықтың құлпын ашып, керемет,
Ажарланды қыр-жотаның келбеті.

Еркелейді жібек самал шертіп сыр,
Тыңдап жатыр маңғаз дала, елтіп қыр.
...Ақ қайыңға арқа сүйеп бір ару,
Сүйіктісін сағынышта күтіп тұр.

* * *

Есінде ме сары бала,
Селдір шашты жазық маңдай.
Жақсы көріп сені дара,
Көп қарайтын көзін алмай.

Алаулаған дала гүлін,
Саған сыйлап ұсынатын.
Қарай қалсаң қағып күлім,
Қызарқтап, қысылатын.

Өзің үшін отты өлең,
Жазсам дейтін жедел өсіп.
Сені жақтап топ баламен,
Жататұғын төбелесіп.

Ұмытқан жоқ ол әлі де,
Сені есіне жиі алады.
Жүздесуге обалы не,
Баяғыдай ұялады.

* * *

Күрсіне көрме аяулым,
Күрсініп мені налытпа.
Түсірме жанға қаяу-мұн.
Тарынған кейіп танытпа.

Қабак түйме, жадыра,
Көзіңде күлкі ойнасын.
Қуаныш гүлдеп, жадырап,
Кеудеде құстар сайрасын.

Жабырқай көрме, жарқылда,
Жүректі жырға бөлейін.
Өзінді ашық қалпында,
Қашанда еркем көрейін.

* * *

Бұлбұл боп шіркін тусамшы,
Бөлейтін өнге бақшанды.
Жанбыр боп шіркін жусамшы,
Үстіне қонған дақ, шанды.

Жұпар сеуіп, жүзінді,
Самал боп сүйіп өтсемші.
Өкшелеп басқан ізінді,
Көгал боп өсіп кетсемші.

Алдыңнан жайып қанатын,
Таң болып күліп атсамшы.
Кеудеңе үзіп тағатын,
Жолыңда гүл боп жатсамшы.

БИДЕ

Биді көріп таусылып шыдамым-ай,
Қарап тұра алмадым шырағым-ай.
Кеудемді гүлдендіріп уыз сезім,
Бардым қызға, киіктің лағындай.

Ракмет,
Қайтармады ол талабымды,
Жанымда түсінді ме нала-мұңды.
Өн сазына тербеліп кеттім билеп,
Қуанамын құшаққа ап лала гүлді.

Тағдыры жаратпаған төзімді ғып,

Мендегі болмас бұл кез сезімді ұғып.
Қыз демі аймалайды жалын болып,
Бас айналып барады, көзім тұнып...

Қунаышқа тұрғаннан ба мен бөленіп,
Енді билер алмаспын жөнге келіп.
Қыз білегі жандырып иығымды,
Дүние бара жатыр дөңгеленіп...

МЕНІ ОЙҒА АЛАСЫҢ БА

Қалғанда оңашада,
Қиялға бойлайсың ба?
Отырсаң тамашада
Мен жайлы ойлайсың ба?

Шакырса биге біреу,
Сен шыға қоймайсың ба?
Сол шақта құрбым дереу,
Мен жайлы ойлайсың ба?

Бір ұшқын кадалғанда,
Қымсынып қаласың ба?
Тұрам ба көз алдында
Мені ойға аласың ба?

Сағынып кейде жүдеп,
Аңсап өн саласың ба?
Тезірек келсеші деп
Мені ойға аласың ба?

* * *

Мен комағай көздеріме жинадым,
Келісімді дидарың мен нұрыңды.
Жүрекке ұксас бір сақина сыйладым,
Жігіттердің дәстүрімен бұрынғы.

Тұңғыш рет бозбаладан сый алып,
Ақша жүзін қызыл нұрға боялды.
Екеуміз де тұрдық үнсіз ұялып,

Кеудемізде тәтті қылық оянды.

СЕНБЕ МАҒАН

Мені босқа алаңдатпа сен бикеш,
Терезеңнен жымия қарап әрбір кеш.
Аударылып түскенменен жүрегім,
Жеңіл сезім билемейді еркімді еш.

Бәлкім мені ұнатарсың ес кетіп,
Онда өлгені көп уақыттың босқа өтіп.
Онда үйде күтеді төрт балапан,
Терезеңді қалай қағам кештетіп.

Сезімсіз деп мазақ етіп күл мейлің,
Мен мылқаумын шындығы түк білмеймін.
Май тамызда тынып жатқан шоқ едім,
Қапияда жанып кетіп жүрмейін.

Тамылжыған жақсы әніңмен арбама,
Сыймай кетіп тасымайын арнама.
Беймаза күйге шырмалған ерке бұлбұлым.
Сенбе маған өзіңді босқа алдама.

МҮМКІН ЕМЕС

Еске түсіп күндерім бір өткізген
Өтеді бейнең беріп әр күн елес.
Тұңғыш рет жүректі дір еткізген,
Өзіңді ұмытуым мүмкін емес. мүмкін емес.

Көңілде көктеменің шалқиды әні.
Әлі де шақырады гүлді белес.
Мен ұсынған шымшық көз сақинаны,
Сенің де ұмытуың мүмкін емес, мүмкін емес.

Сені ойласам кетеді кеудем кеңіп,
Еске түсіп тәтті шақ қайта келмес.
Төсегінде көзің жұм қиялға еріп,
Түс көрмеуің мен жайлы мүмкін емес, мүмкін емес.

Төкпесең де аппақ нұр, көңілге арай,
Тұра алмаймын бір сәтте сені ойламай.
Сен десем шабытыма қанат бітіп,
Ашылады сара жол өлеңге бай.

Өзің десем ес қалмай Күн шуағың,
Жүрегімде маздатып жыр шырағың.
Қиял қуып, бөленіп ерек күйге,
Өмірге құмартамын, құлшынамын.

Бір өзіңе арналып тілек жырым,
Бір өзің деп білемін тірек шыңым.
Бір өзіңсіз күн кешу мүмкін емес,
Қалай ғана ұқтырам жүрек сырын.

Өзгеден ойы ерек,
Ең жақын кісімдейсің.
Әйтсе де тереңірек,
Жаныма түсінбейсің.

Алдыңа гүл тасуға,
Арасы жастың алшақ.
Көңілден сыр ашуға,
Батыл жок, тіл ұялшақ.

Ұстаймын білегіңнен,
Таусылып төзімділік.
Дүрсілдеп жүрегімде,
Салады сезім бүлік.

Шуакты дидарыңа,
Көлеңке түсірмес ем...
Арайлым қиналдың ә,
Ойыма түсінбей сен.

Қыдырам гүлзәр алаңын,

Құлпырып гүлдей өзім де.
Сүрініп кейде қаламын,
Елтіген жандай сезімге.

Сүрінсем сүйе, құрбыжан,
Қарауытты көзім талды ма?
Өттең-ай, бақта толы жан,
Құлайын десем алдына.

* * *

Салқын тарттың, көңілді
Суытайын дедің бе?
Өзің деген теңді,
Ұмытайын дедің бе?

Жүрегіңнен шуақты,
Жазды алайын дедің бе?
Түк білмеген сияқты,
Назданайын дедің бе?

Әлде әдейі бір сынап,
Көрейінші дедің бе?
Сары уайымға "шымшылап"
Бөлейінші дедің бе?

Сезім гүлдеп жанында,
Бүршік жарсын дедің бе?
Сағынып от-жалынға,
Күйіп-жансын дедің бе?

* * *

Кездер көп жанға өмірдің мұңы батқан,
Талай бұлақ тартылды сылдыр қаққан.
Аман ба екен сағындым ауыл жақта,
Бір көгершін бар еді мен ұнатқан.

Соны ойласам кеудемде күн шығады,
Бір өксік өзегімде тұншығады.
Соны ойласам төсекте дөңбекшимін,
Таба алатын емеспін тыншу өлі.

Соған жаным ұмытпай сәлемдеші,
Тегін емес жанымның елеңдесі.
Өзің десе ес қалмай елпелектеп,
Ағыл-тегіл жазады өлең деші.

Құдірет ынтық қылған бұлай неге,
Өзінді барған сайын сұрайды де.
Атың сенің аталса сырт айналып,
Көзіне ерік беріп жылайды де.

* * *

Мені ұмытқан жоқ шығарсың,
Сенемін,
Саған арнап лала гүлдер теремін.
Берік сіңіп, ұя салған санама.
Елесінді көз жұмсам да көремін.
Ғашық едім өзіңе мен өлердей.
Сол сезімім
Сол қалпында көнермей.
Жүрмін өлі.
Сәл шығарсам сені ойдан,
Үміт-шырақ мәңгілікке сөнердей.

СЕН ДЕГЕНДЕ

Сен дегенде жалын болып маздаған,
Сен дегенде жаның кете жаздағам.
Сен дегенде жаным бөлек, бұл тағдыр,
Сені маған ұмытуды жазбаған.

Сен дегенде жүрек тыным білмейді,
Сезім отын шаттық лебі үрлейді.
Сен дегенде ақ сүт ойдан нәр алып,
Арманымның абат бағы гүлдейді.

Сен дегенде құйылып таң шуағы,
Кеудемдегі қалың бұлтты қуады.
Сен дегенде арайланып дүние,
Жарық жұлдыз қарсы алдымнан туады.

Сен дегенде қонған бақыт аз маған,
Сен дегенде жалын болып маздағам.
Сен дегенде жаным бөлек, бұл тағдыр,
Сені маған ұмытудан жазбаған.

* * *

Қайтейін енді сені іздегенде
Таусылып күдерімді үзбегенде.
Бұрынғыдай көктемге қызықпаймын,
Бауыр басып барамын күзге мүлде.

Гүл емес іздері енді назардың да,
Тойы тарқап барады базардың да.
Кешегі қызғалдақтар қырды жапқан,
Қашық тартып барады көз алдымда.

Алыс тартып барады тамаша да,
(Көңіл шіркін құмартып қаласа да)
Мен енді жақсы көрем у-шуы жоқ,
Ойланып отырғанды оңашада.

* * *

Гүлім едің
Мені қатты сыйлайтын.
Жамандыққа
беті аулақ, қыймайтын.
Өзің десем әнші құстар
Кеудемде,
таңдай безеп,
Тамылжытып жырлайтын.

Қайсы бірін,
Жаза берем тізіп мен,
Кезіміз көп
Көріспесек үздіккен.
Деп ойладың,
Жары болсам ақынның.
Он саусағым
Көрінбейді жүзіктен.

Дәмеленіп,
Мәуелі зор бақыттан,
Қиялыңды
атақ пен даңқ шалқытқан.
Деп ойладың:
Жары болсам ақынның,
Алма мойыным
Көрінбейді жақұттан.

Ақталмады сендік сенім
қиыны,
Сері боп мен
Кеттім бітпес жиыны.
Сырт айналдың,
Ойладың ба көйтем деп,
Сорлы ақынды
Құралмайтын тиыны.

Дұрыс қылдың
Толық екен ақылың.
(Жарыр емес
жалаң аяқ ақының).
Қызыл түлкі -
қызыл ақша ұстатпай,
Қашты менен
Сен түгілі жақыным...

* * *

Уақыт зулап, жас ұлғайып келеді,
Өткен күндер түске жиі енеді.
Қатар өскен қара қызы көрші үйдің
Еске түсіп ойымды көп бөледі.

Ол жайында талай өлең толғағам,
Оны талай "бұзықтардан" қорғағам.
Екеумізге ортақ еді бір кітап,
Арадағы достықта шек болмаған.

Сол қыз маған "ұстағайсың есте" деп,

Бір орамал сыйлап еді кестелеп.
Сол қыз қайда хабар берші атқан таң,
Сол қыз қайда хабар берші ескен леп?

* * *

Мен сені есіме алдым,
Кеудеме ақ арманнан бұлақ тұнып.
Мен сені есіме алдым.
Баса алмай өксігімді жылап тұрып.

Мен сені есіме алдым,
Төсегімде дөңбекшіп көзімді ілмей.
Мен сені есіме алдым,
Елес беріп өтті де кезің гүлдей.

Мен сені есіме алдым,
Таңертең де, түсте де, кешкілік те.
Мен сені есіме алдым,
Орын берме жүректен еш күдікке.

* * *

Жігіт боп өстім ұяң мен,
Жүретін іштей мұңға еріп.
Құшақтап сені қиялмен,
Түсімде тұрдым гүл беріп.

Жаздым да саған бір хатты,
Бере алмай қойдым жасқанып.
Тұмардай оны қымбатты,
Басыма жаттым жастанып.

Сен кеттің үй боп бір күні,
Сөнгендей болды жан нұрлы.
Токтатып ойын-күлкіні,
Төгілттім көздің жаңбырын.

Бере алмай жүрген хатымды,
бере алмай қалдым кешігіп.
Өзіндік махаббатымды,
Осылай алдым өшіріп...

* * *

Осынау албырт жасымда,
Ойнақы түрлі күйге еніп.
Жақындап барып қасына,
Жалт беріп жүрдім именіп.

Шығардым естен қалай мен,
Шынайы сырды айта алмай.
Соңыңнан қарап талай мен.
Тұрғамын үйге қайта алмай.

Өзіңе жазған өлеңмен,
Өзіңе терген гүлді де.
Бере алмай, іштей ерен мен,
Алыскам күшпен білдің бе?

Уақыттың жоқ қой тұрағы,
Алмасқан тынбай толқыны.
Бүгінде сағындырады
Балалық шақтың сол күні.

* * *

Менімен бағың жанды ма,
Ризамысың бұл күнге.
Обалыңа өлде қалдым ба,
Олай да болу мүмкін бе.

Көдіріңе сенің жеттім бе,
Көңіліңнен шыға алдым ба.
Жаныңа шуақ төктім бе,
Жоқ өлде қаяу салдым ба.

Өкпелі емес, шатпысың,
Менімен өткен әр жылға,
Реніш айтқан жоқпысың,
Біздерді қосқан тағдырға.

О, баста құлай сүйіп ем,
Сұйылтып алған жоқпын ба.

Шынардай тіп-тік биік ен,
Иіліп алған жоқпын ба.

Ойланып қалам ұзаққа,
Сыйлаймын қанша гүл өлі.
Маңдайыңа түскен сызатқа,
Мен емеспін бе кінәлі.

Мен үшін бақыт сен ғана,
Сен барда мұңды білмеймін.
Жанымда жүрсен нұрлана,
Жапырақтап ылғи гүлдеймін.

* * *

Кәдіріңді тұрайын көйтіп ұқпай,
Асыл жаным, өзіме кір жуытпай.
Қанатыңмен су бүркіп оттан қорғап,
Келдің мендік сезімді бір суытпай.

Өзінді еске түссе жасытқаным,
Шығады басыма ойнап тасып қаным.
Өр кеудемде сол сәтте аласарып,
Мұң тұрады кеудені басып қалың.

Бүгінде ұл-қыз сүйіп, гүл өсіріп,
Келеміз бақ шыңына бірге шығып.
Қаншама кесір мінез кетті менен,
Көтере білдің бәрін сен кешіріп.

Сен екенсің түсіндім асыл ием,
Саған бар жақсылықты тасып үйем.
Сен екенсің шын серік жаны бірге,
Жанашырым алдында басымды ием.

* * *

Рас біздер мәңгілікке қосылдық,
Сәл ересек болды деме "не сұмдық".
Оңай қоныс тебе алған ба бір жерден,
Табиғаты бөлек екі өсімдік.

Бәлкім біз де төкаппар қос шынармыз,
Екі түрлі жайда өскен шығармыз.
Алдағы күн желі жайып жарасып,
Өмір сырын тереңірек ұғармыз.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ.

КҮЛІМДЕ, БӨПЕМ!

АРМЫСЫҢДАР, БАЛАЛАР!

Былдырлаған тілдері,
Бал шекерге барабар.
Өмірімнің гүлдері,
Армысыңдар балалар!

Жүздеріңнен көрем мен,
Шаттық, шуак, күлкі, бақ.
Жазып шықтым өлеңмен,
Сендерге арнап бір кітап.

Жаратсаңдар болғаны,
Оның түйген жемісін.
Еңбегімнің жанғаны-
Үлкен бақыт мен үшін.

САПҚА ТҰР, ЖАС ҰЛАН.

Өмірге бақыт әкелер,
Шаттығы шалқып тасыған.
Бүгінгі бала- ертеңгі ер,
Сапқа тұр, көне жас ұлан!

Мереке күнін қарсы алып,
Гүл ұстап қызыл жасылдан.
Көңілді асқақ ән салып,
Сапқа тұр, көне жас ұлан!

Ағалар бастап ілгері,
Өсірген сені жасыңнан.
Өмірдің жайсаң гүлдері-
Сапқа тұр, көне жас ұлан!

ЖАСЫРЫНБАҚ

"Таптырмауға тырысқан,
Құлығыңды көрем", - деп.
Інім қуыс, бұрыштан,

Мені іздеп жүр елендеп.

Тұрған жоқ ол түк көріп,
Әй, өзім де қатырдым.
Күшігімнің
Бүктеліп
Күркесінде жатырмын.

КҮШІГІМ

Күшігім бар ақылды,
Менен қалмай жүреді.
Бөтен жанға батылдық,
Көрсетпек боп үреді.

Жақтырмаймын ондағы,
Бір мінезді қауіпті.
Жақындаса болғаны,
Бас салады тауықты.

"СӘУЛЕ"

Жылап, көнбей Ырыққа,
Бір қыз жерді тепкілеп.
Көрсетті бізге: құдыққа,
Сәуле түсіп кетті,- деп.

Шошып кетті аналар,
(Шықты ащы не бір үн).
Құдыққа шапты ағалар,
Сақтауға сәби өмірін.

Кенет, кенет сейілді,
Көңілдегі нала мұң.
Су бетінен көрінді,
Қуыршағы баланың.

Сөйтсек жұртты әурелеп,
Бұлап жасын көзінің.
Қуыршағын "Сәуле" деп,

Атайды екен өзінің.

ҚАРЫНДАСЫМ БАР МЕНІҢ.

Апам жоқта бөлмені,
Қоятұғын тазалап.
Білгісі кеп өрнені,
Жүргені ылғи мазалап,
Қарындасым бар менің.

Ұнатпайтын ешкімді,
Қалса егер өкпелеп
Кигізеді шекпенді
Көңілі келсе шөткелеп
Қарындасым бар менің.

Қолына алса томдарды
Жолдастарым үйге кеп.
Ескертетін:- Бұл бәрі
Төтемдікі, тие!- деп.
Қарындасым бар менің.

Қуыршаққа тамаша
Тыңдататын ән салып.
Үйде қалса оңаша
Төтті іздейтін тамсанып
Қарындасым бар менің.

ЕРІНШЕК

- Жүр, Бақытжан, моншаға,
- Кір емеспін соншама.
- Жүр, түсейік бұлаққа.
- Не бар шаршап жырақта?!
- Бұл не тұрыс сазарып,
Керек қой бір тазалық.
Құлағың кір, мойның кір,
Жуынуды қойдың бір.
"Жүр" дегенде көнбесең,
Үйде жуын онда сен.

Түр Бакытжан есінеп
- Жуынамын несін? - деп.

ӨРІМТАЛ

Есік алды өрімтал,
Келеді бой түзетіп.
Сындырған жоқ бірін мал,
Жүрдім ылғи күзетіп.

Өзін күтіп аялап
Шөліркетпей суарам
Бойлап өссе, сая бак
Болады деп қуанам.

ҚОШ БОЛ, БАЛАБАҚШАМЫЗ!

Құшағында көктедік,
Қимас ұя бақшамыз.
Білім - көлге беттедік,
Толып жеті жасқа біз.

Мақсатымыз жақсы, айқын-
Оқып, білім аламыз.
Жақсы істерге бастайтын,
Жақсы азамат боламыз.

ҚАТАР ӨСТІК БӘРІМІЗ

Қызыл гүлдей құлпырып,
Қатар өстік бәріміз.
Бірге жүріп, бір тұрып,
Бір шырқалды өніміз.

Балабақша ішінде,
Таптық достық, туыстық.
Болсақ та әр пішінде,
Тез-ақ біздер ұғыстық.

Білмедік біз таласты,

Кейіс, керіс болмады.
Арамызда жарасты,
Жақсы достық орнады.

Аштық тұңғыш әліппе,
Бөлінбеді іргеміз.
Бір үніліп өріпке,
Отырдық қатар бірге біз.

ӨТІРІК ӨРГЕ БАСПАЙДЫ

Сабақты жазбай бүгінгі,
Алса да Сәуле екілік.
Алдым деп "бесті" бұрынғы,
Айтып келді өтірік.

Ашылды бірақ шаласы,
Ойламай айтқан ақырын.
Дәптерін көріп анасы,
Айтты жайлап ақылын:

"Аулақ бол алдау әдеттен,
Өтірік өрге баспайды.
Шындыққа, қалқам, әдептен,
Ол сені шыңға бастайды".

ҚАЛСЫН АНАМ ҚУАНЫП.

Апамызды сыйлайық,
Үйдің ішін жинайық.
Бұрынғыдай егесіп,
Тақымдасып тұрмайық.

Қалмау үшін керісіп,
Кел алайық келісіп.
Атқарайық үйдегі
Жұмысты тең бөлісіп.

Кел самаурын қайнатып,
Дастарханды жайнатып.

Отырайық қасында,
Бөлемізді ойнатып.

Гүлдерді де суарып,
Еденді де жуалық.
Келген кезде жұмыстан,
Қалсын анам қуанып.

АЛМА БИІ

Етегіме теремін,
Қызыл алма, ләй, ләй.
Дәмін татып көремін,
Қызығам да ләй, ләй.

Жеміс толы тал басы,
Тұр тұнып ләй, ләй.
Бал татиды алмасы
Тіл үйіріп ләй, ләй.

Көзің қызып қарасаң,
Сыйлай берем, ләй, ләй.
Ал көбірек қаласаң,
Жинап берем, ләй, ләй.

ЖЕҢІС

Ұшымен күректің,
Жер қазып гүл ектім.
Күшімен білектің,
Су тасып, гүл ектім.

Өсті гүл тамаша,
Ұзартып жемісін.
Бұл менің алғашқы-
Еңбекте жемісім.

ГҮЛДЕР

Қызыл гүлдер, ақ гүлдер,

Сары гүлдер, көк гүлдер.
Суарып ем күн сайын,
Сұлуланып кеттіңдер.

Келеді өсіп гүлім көп,
Үзуге әзір қимаймын.
Мерекеде біртіндеп,
Достарыма сыйлаймын.

АТТЫҢ СУРЕТІ

Мақсатына жетуге
Білем құштар әркім-ақ
Үлкен қағаз бетіне
Салдым сұлу арғымақ.

Көтерді дос көңілді
- Ой жарайсың, азамат!
Деді, - жалы төгілген,
Мұның нағыз қазан ат.

Қосылып бұл құрметке,
Күлімдеді төтем де.
Көз тоқтатып суретке,
Қарай қалды әкем де.

Деді: мінін, сені аяп,
Айтпай көңіл толмайды.
Жылқыда бар төрт аяқ,
Алты аяқты болмайды.

Тұрсам да іштей ұғынып,
Жауап таптым құтылып:
- Табылмаса басқа мін,
Бұған несін бөгелем.
Екі аяқты қосқаным,
Желдей ұшсын деген ем!

ҚЫЗЫҚ БҰЛТТАР ҚАЗ БАУЫР

Көк шалғын сүйіп арқамнан,
Мен жатырмын шалқамнан.
Сурет тізіп сан қилы,
Көкте бұлттар қалқиды.

Бірде жортқан жолда алыс,
Секілді бұлт жолбарыс.
Бірде суда жалықпай,
Жүзген кілең балықтай.

Бірде аккумуляр аумаған
Таранып көлде аунаған.
Бірде аласың есіңе,
Ақ көбік шығып төсіне.

Будақтата ақ қарды,
Шапқан ақ боз аттарды.
Қарап тұрсаң жазда бір
Бұлттар ғажап қаз бауыр.

ҚУЛЫҚ

- Күнде келер жер емес,
Тұрасыңдар қашықта,
Мына ініңе бер кенес
Бір қонып кет асықпа,
Деді анам ағайға,
- Асықпай қайт жарай ма?

- Уақыт қайда тыныстар
Бастан асқан жұмыс бар,-
Деп көнбейді ағайым,
Айтып себеп, жағдайын.

Мен отырмын алайда,
Қулығымды асырып.
Ағайымның сарайға
Туфлин жасырып

БАҒБАН

Бойда қайрат, жігері,
Атай әлі күшінде.
Қашан көрсең жүреді,
Алма бақтың ішінде.

Ақ сақалы желбіреп,
Жүзінде нұр ойнайды,
Алма бақты елжіреп,
Аралауын қоймайды.

Онда жұмыс көп, тегі,
Бәрін өзі істейді.
Ертелі кеш кетпені,
Иығынан түспейді.

Қамқор кісі ол әр талға,
Өзі өсірген бақ қандай!
Жемісі оның атайға
Қуат беріп жатқандай.

ЖАРЫС

Көтеріліп жалаулар,
Көз ұшынан көрінді.
Қарап тұр халық қыруар,
Жарысқа старт берілді.

Ұмтылдықыз біз де ілгері,
Қамшы басып намысқа.
Алсақ-ау деп жүлдені,
Озып осы жарыста.

Озу мақсат,
Бәріміз
Жарысқа түстік құлшынып.
Келеміз білмей әлі біз,
Кетерін алға кім шығып.

САҚШЫ

Астында айдың арайлы,
Соғады бетке жел баяу.
Жымындап жұлдыз қарайды,
Тапжылмай сақшы тұр ояу.

Қасында иті "Саққұлақ",
Жүгіртіп көзін алысқа.
Кетсе де таудан тас құлап
Елендер шыққан дауысқа.

Басқызбай тауын, өзенін,
Өзгеге бөтен пейілі жат.
Күзетіп туған өз елін
Кірпігін қақпай тұр солдат.

МЕНІ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ

Бөпем барлық баладан,
Мені жақсы көреді.
Қолындағы алмадан,
Сұратпай-ақ береді.

Жақсы бала ашық қол,
Бөпем жомарт, мырза екен.
Тұрса тәтті тасып ол
Ағасы да риза екен.

ТЫШҚАН

Тышқан тамақ пісірді,
Пісірді де түсірді.
Балаларын жинады,
Бір- бір қасық сыйлады.
Өзі дәмін татпаған,
Түк қалмады ботқадан.

ӨТКЕНШЕК

Қолыңды бер жасқанба,
Кел, өткеншек тебейік.
Қалықтайық аспанда,
Бас айналды демейік.

Өткеншекте шамалы,
Желпініп бір алайық.
Жаңғыртып кең даланы,
Асқақ өнге салайық.

ҚОРАЗ

Қоқиланған қоразбын,
Лас баламен аразбын.
Тазалыққа сүйінем,
Қоңсық көрсем күйінем.
Ку-ка-ре-ку!...

Күл қоқысты көргенде,
Жетіп барам мен демде.
Қатты айқайға басамын,
Астан-кестен шашамын.

Ку-ка-ре-ку!...
Көрсем бала кір, лас,
Қайтіп жаным қынжылмас.
Қуып "аттан" саламын,
Жетсем, шоқып аламын.
Ку-ка-ре-ку!...

ҚАЗДАРЫМ

- Қаңқ-қаңқ, қаздарым,
Неге мұнша дүрлігіп,
Келесіндер жүгіріп?

- Қаңқ-қаңқ, көлде түк
Су ішпедік, шөлдедік,
- Қаңқ-қаңқ қаздарым,
Нағып ерте келдіңдер.

Қику сала бердіңдер?
- Қаңқ-қаңқ, жем,- дейміз,-
Қарын ашты жем жейміз.
-Қаңқ-қаңқ, қаздарым,
Жемің даяр болады,
Қарындарың тояды!

ҚОЯН

Түбіртектің түбінде
Бұғып жатыр ақ қоян.
Құлағын жел үніне
Тігіп жатыр сақ қоян.

Қорқақ қоян қалтырақ,
Тағдырына не шара?
Сыбдыр етсе жапырақ,
Селк етеді бейшара.

ТЫРНАЛАР

Тырау, тырау тырналар,
Көкте жасап серуен.
Қикулап ән айтады
Тізіле тартқан керуен
Секілденіп қайтады.

Тырау, тырау, тырналар,
Қызықтырған біздерді
Керуенің керемет,
Біздің бақша гүлдерді,
Мейман болып көре кет.

КҮШІК ПЕН МЫСЫҚ

Күшігім ыр етіп,
"Аулақ" деп зекірді.
Мысығым дір етіп,
Бұтаққа секірді.

...Қауіптен құтылып,
Қу мысық күліп тұр.
Күшігім ұтылып,
Ыза боп үріп тұр.

ТҮЛКІ

Түлкі деген қу өткен,
Жүрген жерін шу еткен.
Түздің жылпос бұл аңы,
Артында көп ылаңы.
Сүп- сүйір боп ауызы,
Аңдардың қу, жауызы
Бір амалын тапсақ қой,
Ұстап тісін қақсақ қой.
Терісінен көрікті,
Киер ек бір бөрікті.

ЛАҒЫМ

Тау-тасқа секіріп,
Селтиіп құлағың.
Қаларсың мертігіп,
Ойнама, лағым.

Одан да өзекке
Байлайын, ақ лақ.
Жүгіріп боз өкпе,
Болмағын ақымақ.

Тындамай сөзімді,
Асыр сап ұрынып,
Қорқытат өзімді,
Ақ лак бұрылып:

"Тұрам ба күн ұзын,
Жібіңді үземін".
Көрсетіп мүйізін,
Дегендей сүземін.

ҚҰЛЫНШАҚ-ҰРЫНШАҚ

Көкке бір тойды ма -
Көңілі бүгін шат,
Қырды да
Ойды да
Шандатты құлыншақ.

Исінген енесін,
Шабады ол ембей.
Ширатып денесін,
Алайын дегендей.

Енесі кісінеп,
Айтады ақылын:
"Қасқырдың тісіне
Түсесің, ақырын".

Шаңдатып маңайды,
Шабады құлыншақ,
Абайла, абайла,
Құлыншақ, ұрыншақ!

АРАЛАР

Тереземнің түбінде
Өскен алша гүліне
Көп аралар қонады
Ұшып келіп күніге.

Бұларда жоқ іштарлық,
Бар өмірге құштарлық.
Сөлден шырын жасауға
Жұмсалады күш барлық.

Гүлді артық сыйлайды
Жапырағын қимайды.
Көзге ілінбес тозаңнан
Ерінбей бал жинайды.

Өздері тек келісті
Білмейді ұрыс-керісті.
Ынтымағы жарасқан
Еңбегі де жемісті.

ТАҢ

Сахнаны ашқандай,
Шымылдығын сырды түн.
Сәулелі оның шамындай,
Шығыстан шығып күлді күн.

Құбылтып құстар сайрайды,
Ұйытып шексіз аспанды.
Кең дала күліп жайдары,
Өндерін тыңдай бастады.

Гүл біткен жапқан даланы,
Шыққандай қырга от өріп,
Балалар шулап барады,
Көшені басқа көтеріп.

ЖАЗ СУРЕТІ

Жасыл тоғай түрленіп,
Өніне басты тағы да.
Жеріне Жамбыл түр еніп,
Құлпырды алма бағы да.

Теңізше толқып егін де.
Аймақ та байтақ шалқыды.
Аққу-қаз аспан көгінде,
Шарықтап ұшып, қалқыды.

Жаңбыр да кейде шамалы
Төгіп бір жасын кетеді.
Аңқыған таудың самалы
Бетінен сүйіп өтеді.

Жайқала түсіп жасыл бақ,

Шұлғиды басын жай ғана,
Жамылған түрлі қызғалдақ,
Көз тартады айнала.

Суреті көлдің бетінде,
Жағада өскен тал ағаш.
Қызынып өзен шетінде,
Балалар жатыр жалаңаш.

КҮЗ

Өлден-ак үлгерді,
Ағарып тау үсті.
Суық жел гүлдерді,
Сарғайтып тауысты.

Жасыл шөп қурады,
Жойды түс, ажарын.
Тарқатып шулады,
Қалың күс базарын.

Түсті алтын жапырақ,
Ағаштан үзіліп.
Ұшты ұзақ сапарға,
Тырналар тізіліп.

ЖАҢА ЖЫЛ

Жасыл шырша үкілі,
Түрлі ойыншақ тағынған.
Бүлдіршіндер бұл күнді,
Көптен күтіп сағынған.

Келді сыйлық арқалап,
Аяз- ата алақай!
Қол ұстасып, өн шырқап,
Қуанды көп балақай.

Балалардың көңілге,
Бал құяды төтті үні.

Бұзылмасын өмірде,
Бейбітшілік - бақ күні...

ҚАР ЖАУЫП ТҰР

Қар жауып тұр далада,
Қол соғамыз шаттана,
Аппак, аппак тау, дала!
Тұрғызымаз аққала
Ұйымдасып аулаға.

Қар жауып тұр далада,
Шығып алып жотаға,
Мөз- мейрам боп шулаймыз,
Отырып ап шанаға,
Төмен қарай зулаймыз...

БОРАН

Алай- түлей борады,
Алды-артымды орады.
Қарыс адым бастырмай,
Көзімді тұр аштырмай.

ЖАУ. ЖАУ. ЖАҢБЫР,

Жау, жау, жаңбыр, жау жаңбыр
Дала еркін тыныстап,
Көктесін жер, жайнасын.
Халық күткен ырыс, бақ-
Көк егін дән байласын.

Жауып тез өт, жау, жаңбыр,
Күн кірпігін ашқанда,
Жайқалсын тал, гүлім де.
Керілсін бір аспанда
Кемпіркосақ бүгін де.

ҚҰЛЫН

Қарғып міндім үстіне,

Құлын қарап тұрмады.
Мойнын алып ішіне,
Тулады кеп, тулады.

Қикар екен мінезі,
Екі аяқтан тік тұрып,
Алып ұрып мені өзі
Көрсетпекші мықтылық.

Жығылмадым не керек,
Жалдан ұстап жабысып.
Кеттік кенет керемет,
Жүйрік желмен жарысып.

ҚУЫСПАҚ

Кешке дейін жалықпай,
Ойын ойнап шуладық.
Бұлт- бұлт етіп балықтай,
Қолда тұрмай туладық.

Бірақ қалай білмегем,
Көйлегімді құртыппын:
Түк қалмапты түймеден
Жағаны да жыртыппын.

Қуыспағы құрысын,
Үйге қалай қайтамын?
Ұят болды- ау бұл ісім,
Анама не айтамын?...

МЫСЫҒЫМ

I.
- Көзің жұмып қалғыма,
Қарның ашып қалды ма?
Дастарханға жақында,
Жеміс қоям алдыңа.

Көріп пе едің жеп бұрын
Мынау төтті итмұрын

Мына қызыл шиені,
Барлық бала сүйеді.

Міне, алма, міне, өрік,
Неге отырсың түнеріп?
Шетінен жеп, тоя ғой,
Өкпелеуді қоя ғой!

МЫСЫҒЫМ

II.

Жылы- жылы сөзімді,
Тыңдайды да ұғады.
"Жұм, десем-ақ,- көзінді",-
Екі айтқызбай жұмады.

Өзінің бар ақылы,
"Мышым" десе, тыңдайды:
Көзін ашып ақырын,
Құйрығын жай бұлғайды.

Оған айтқан бұйрығым,
Әсте екі болмайды.
Бұлғандағын құйрығын,
Жылан етіп ойнайды.

БАЛА МЕН КІРПІ

- Тоныңды ылғи жиырып,
Дөнгелене түсесің.
Жата берме бұйығып,
Қандай тамақ ішесің?-

Ашу бойын қысқанмен,
Кенет кірпі қуанды.
Деді:- Жеуге тышқан мен
Жақсы көрем жыланды.

- Онда қайта орманға
Тастайын ба апарып?
- Жаным құмар сол маңға,

Көп ұстама қапа қып.

- Жем боларсың онда сен,
Жүре берші үйде де.
- Салып жібер жолға сен,
Мен сенемін инеме.

ТҮН

Түн. Тыныштық айнала,
Токтатқан тірлік әуресін.
Аспанда қалқып Ай ғана,
Тегеді күміс сәулесін.

Ауыл түгел қалғиды,
От жанбайды алаулап.
Жиып дала өн күйді,
Жатыр ойда манаурап.

Дыбысы талып жетеді,
Өзекте аттар пыскырып.
Оқта- текте өтеді,
Жылқышы бала ысқырып.

Шұламайды жас құрак,
Еспейді жел сыбдырап.
Ұйқысы бал бұлақ,
Сөйлеп жатыр былдырап.

КӨКТЕМ ӘУЕНДЕРІ

Пердесі таңның түріліп,
Шықты күн нұрын шашқалы.
Балапан шыбық тіріліп,
Бүршігін жара бастады.

Жүздесті бізбен көңілді,
Көктемнің тағы бір күні.
Будактап көкке өрілді,
Ауылдың көкшіл түтіні.

Самалды таңы әр үйдің,
Күлімдеп ашты есігін.
Ұйқыдағы сәбидің,
Тербеді әнмен бесігін.

Гүлін шашып, бақ гүлдеп,
Ауыл түгел жайнады.
Ақ тамағы бүлкілдеп,
Қарлығаштар сайрады...

ҰЯ ЖАСАДЫМ

Жинап алып жәшіктерді босаған,
Торғайларға арнап ұя жасағам.

Құс біткенді қамқоршы боп қорғаймын,
Пайдалы құс, білем, қара торғайым.

Талға ілінген ұяны ол көріп жүр,
Құрт-құмырсқа тасып онда келіп жүр.

СЫБЫЗҒЫ

Қуанышпен қарсы алып,
Жаздың жарқын әр таңын.
Сан құбылта өн салып,
Сыбызғымды тартамын.

Сөйтіп сұлу таңыма,
Сызылтып өн сыйлаймын.
Сыбызғыммен маңыма
Достарымды жинаймын.

АНА

Ақылды ана,
Ақ пейіл ана.
Өмірлік маған,
Өзіңсің пана.

Күшағың қорған,
Шуаққа толған.
Жоқ сендей жақын,
Жанашыр болған.

Анашым менің,
Тіршілік демі.
Қайда да жүрер,
Аймалап лебің.

Сен үшін мәнді,
Шырқайын әнді.
Аман сау жүрші,
Анашым мәңгі!

КӨЛ ЖАҒАСЫНДА

Жағасы жайсаң айнала,
Жамылып жасыл келісті.
Жалтыраған айнаға,
Жатыр ұқсап көл үсті.

Ұшады әсем шағала,
Бауырымен сызып су бетін.
Тербеліп талдар жағада
Көреді көлден суретін.

Көйлектерін шешіп ап,
Бастарына жамылып.
Бір топ бала жүр шұбап,
Жұмыртқа іздеп сабылып.

Қиқулап құстар тынымсыз,
Қарайды "азық" жылғадан.
Балықшы қарт түр үнсіз,
Төніп көлге жағадан.

Жағасы жайсаң, айнала,
Жамылған жасыл келісті,

Жалтыраған айнаға
Жатыр ұқсап көл үсті.

КӨЗМОНШАҚ

Қолға ұстауға қиын ақ,
Алақанда аунайды.
Ортасында түйір ақ,
Құс көзінен аумайды.
Көзмоншақ бұл,
Қарасак,
Көздің жауын алады,
Өңіріңе қадасаң,
Жарасып-ақ қалады.

СЫРНАЙ

Сәмбі талдан жақсылап,
шыбық кесіп тамаша.
Сырнай жасап,
Бақ сынап,
Көрдім ойнап оңаша.

Сырнайымның өнінен
Төңірек түгел оянды.
Түз гүлі келіп сәніне,
Күн нұрына боянды.

Қораз қағып қанатын,
Қоқилана шақырды.
- Жүретұғын баптанып,
баласың,- деп ақылды.

Басылды жел,
Шайқалмай
Тұрып қалды құрақтар.
Ағысы да байқалмай,
Тынып қалды бұлақтар.

Сіңіп жатты өн қойнауға,

Қанат қағып көкке өрлеп.
Құлақ тосты қойлар да,
Тауды жатқан бөктерлеп

Күшігім де шәуілдеп,
Тұрды өнге қосылып.
- Сырнай сазы тәуір,- деп
Көшті бұлттар жосылып.

Жолаушы да тамсанып,
Тыңдап әнді бөгелді.
Тау да, тас та өн салып,
Әнді қоштай жөнелді.

ҮЙРЕГІМ

- Жалаң аяқ үйрегім,
Жарасама жүргенің.
Табаныңнан дыз етіп,
Тұр-ау дымқыл сыз өтіп.

Қайда жұмсақ башпағың,
Неге шешіп тастадың.

Деп ем,
Жазып қанатын,
- Ақылдысың бала тым,
Мен емеспін күйрегің,-
деді күйттай үйрегім,
- Күнде суға шомылам,
Башпақ киіп не ғылам?!

КӨНБЕЙДІ

Не көрсе де сұрайды,
Жөні барма осының
- Бермейді,- деп жылайды,
Ойыншығын досының.

Тәртіпке біз шақырып,

Айтсақ ақыл көнбейді.
Жер тепкілеп, бақырып,
- Өзімдікі жөн,- дейді./

ЖЕЛ МЕН БҰЛТ

Дос болып көңілді,
Жел мен бұлт қуанып.
Жүрді ылғи өңірді
Гүл, бақты суарып.

Тиісті жел бұлтқа,
Бір күні желігіп.
"Қаласың ұмытпа,
Шаңыма көміліп".

Ұнатпай шамданып,
Бұлт жайлап сырғыды.
Қалықтап тау барып,
Қойнына тығылды.
Қай жаққа кетті деп,
Серігін жоқтамай.
Соқты жел екпіндеп,
Күні-түні тоқтамай.

Көңілдің жазып ап,
Жел тұрды күнімен.
Тынымсыз азынап,
Жел тұрды түнімен.

Ажар- түс қалмады,
Жүдеді гүл азып.
Бұрқады шаңдағы,
Кең дала құлазып.

Шашу ғып жапырақ
Сынсыды тал ағаш.
Шулады жарқын бак,
Қалдық деп жалаңаш.

Сокқан бір аңырап,
Токтады шаршап жел.
Түтікті қаңырап,
Жауынды аңсап жер.

Жел тұрды қан жылап:
Бұл өзі не сұмдық?
Неліктен қалжырап,
Қуарды өсімдік?

Бұлт менен күшті ме ең,
Бұл жерге не болған?
Кең дала үстінен,
Әсемдік жоғалған.

Деді жел: бұлт досым,
Жанашыр ақылдым
Жер үсті құт болсын,
Көмек бер шақырдым.

Бұлт оған тырысып,
Өкпелеп жатпады.
Іске тез кірісіп,
Көк төсін қаптады.

Нажағай атойлап,
Аттан сап дүркіреп.
Аспанда от ойнап,
Күн жауды сіркіреп.

Жаңбырмен түледі,
Жаңғырып жер беті.
Құлпырып гүл өні,
Жайнады келбеті.

Қайтадан тал, қайың,
Жапырақ байлады.
Құс безеп таңдайын
Бақтарда сайрады.

- Көтердің көңілді,
Рахмет, бұл саған.
Жайқалттың егінді,
Дән риза жұрт саған.

Деді жел:- Мен есер,
Тым алыс сермеппін.
Сенімен теңдесер,
Күш жоғын білмеппін.

- Жок,- деді бұлт күліп,
Сөз айтпа құр мәнсіз.
Достықта мықтылық,
Доссыз жан дәрменсіз.

Достасып қайтадан,
Жел мен бұлт қуанып.
Бір жүріп айтады өн,
Жер бетін суарып.

САНАМАҚТАР

Саусақтарды саралап,
Кел ойнайық санамақ

Жалқауланба, бас бармақ,
Жұмыс сенен басталмақ.
Босқа қарап отырма,
Барып қайтшы отынға.

Балалы үйрек, керілме,
Еңбекті сүй, ерінбе.
Кетер бақты талқандап,
Бұзауды кел арқандап.

Ортан терек, байыпты,
Саған мынау лайықты:
Бақшаға бол қарауыл,
Сенім артты бар ауыл.

Шылдыр шүмек, тыңдағын,
Бой тасалап тұрмағын.
Жүдемесін қуарып,
Гүлдерді шық суарып.

Кішкене бөбек сүйкімді,
Қандырдың ба ұйқыңды!
Үлкен сөзін сыйлай ғой
Үйдің ішін жинай ғой.

Жемін жеп тауысқан,
Бір жалқы сауысқан,
Көріп жұп тауықты,
Соларға ауысқан.

Қосылды бұларға,
Келіп қос ұлар да.
Тыңқиған бедеге,
Келді екі бөдене.

Сусырап, қаталап,
Келді ұшып жапалақ.
Ал санап көрейік.
Олар да ұшқанша.
Қалыпты көбейіп,
Отырған құс құнша.

Бір бұтаққа бала торғай,
Келесісінде ала торғай.
Оқшауырақ қос бұтақта
Отыр алты қара торғай.
Ал есепте, шотынды ал да,
Қанша торғай отыр талда?

КІМ ҚАНША ЖАСТА

Салтанат болса екіде,
Бақытжан болса жетіде,
Екеуін қоссаң шырағым,

Сәулеттің жасы шығады.

Саусақпен санап егер сен,
Сәулеттен үш жас шегерсең,
Сағаттың жасы соншада
Білгенің айтшы; ол қаншада?

Қызылдауын Қымбатқа
Сарғыштауын Сымбатқа,
Ақшылдауын Анарға,
Көкшілдеуін Жанарға,
Бер, - дегенге көндім де.
Үйге жылдам келдім де.
Үлестіріп алманы,
Өзіме түк қалмады.
Көне есепте талаптың,
Қанша алма тараттым?

ҚЫЗЫҚ СӨЗДЕР

"Қ" - дан бастап оқысаң,
Қаптап жатам өңірді.
"Қ" орнына "Т" қойсаң,
Көтеремін көңілді.

(Қой - Той)

"Қ" өрпінен бастасаң,
Шайға салып еріттің.
"Қ" - ны алып тастасаң
Берген сертке берікпін.

(Қант - Ант)

"Қ" - дан бастап оқысаң,
Қызыл отқа табынам.
"Қ" орнына "С" қойсаң,
Су ішінен табылам.

(Қазан - Сазан)

"Ж" - дан бастап оқысаң,

Күнде алдыңнан кезігем.
"Ж" орнына "Қ" қойсаң,
Бір мүшемін өзіңе.

(Жол - Қол)

"А" әрпінен бастасаң,
Жеміс болып жетемін.
"А"- ны алып тастасаң,
Түлік болып кетемін.

(Анар - Нар)

"К" әрпінен бастасаң,
Суда өмір сүреді.
"К"- ні алып тастасаң
Үй күзетіп, үреді.

(Кит - Ит)

"Ш" әрпінен бастасаң,
Мен бір ыдыс боламын.
"Ш"- ны алып тастасаң,
Кейде шағып аламын.

(Шара - Ара)

"Қ"- дан бастап оқысаң
Көлде өсемін танысың.
"Қ" орнына "Н" қойсаң
Жігеріңді жанысың.

(Қамыс - Намыс)

"Ж" әрпінен бастасаң.
Жатарыңда керекпін.
"Ж"- ны алып тастасаң
Дүйім елге қорекпін.

(Жастық - Астық)

ЖҰМБАҚТАР

Суды жақсы көреді,
Одан шықса өледі.

(Балық)

Қыста ұйқыға батады,
Тысқа шықпай аң аулап.
Табанын сорып жатады,
Жылы інінде манаурап.

(Аю)

Бір орнында тұрады,
Санайды ол күшті өзін.
Кезек- кезек жұмады,
Маңдайдағы үш көзін.

(Светофор)

Көрген емес өмірге,
Құштарлығын бұл тыйып.
Қар кете сап өңірге,
Шыға келер қылтиып.

(Бәйшешек)

* * *

Күні-түні көз ілмей,
Үйінде тұрады.
Жүрісі сезілмей,
Жүрегі ұрады.

(Сағат)

Пілге ұқсап тұмсығын,
Тас төбемнен иіп тұр.
Судың суық, ыстығын,
Жаңбырлатып құйып тұр.

(Душ)

Көп пернелі, қос шекті,
Домбыра емес бірақ та.
Арқаға сап ауыр жүкті,
Жеткізеді жыраққа.

(Темір жол)

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ПОЭМАЛАР, БАЛЛАДАЛАР

МОЙНАҚ (Баллада)

Кеудеде гүлдер жатқан жыр - сән бағым,
Қанатты кенге жайып бір самғағын.
Жаңбыр емес оқ жауған кешегі күн,
Соғыстың көтермеді кім салмағын.

Сол күннен шертелік бір сырды қозғап,
Тұла бойда намыстың оты қоздап.
Есімдері бүгінде тасқа түскен,
Еске түссін қыршын жас, небір боздақ.

Кім сүймейді өмірде сыршылдықты,
Кім тыңдамас болса егер жыр шын мықты.
Оқушым, құлағың тос паш етейін,
Баяндап берген ағай бір шындықты.

Оны ойласам бойыма толады айбын,
Соғыс еккен сыздайды жара қайғым.
Бояп, өрлеп жатпай ақ өңімені,
Баяндайын өзімен сол ағайдың.

...Еске алсам мұң жанымды кетеді үгіп,
Оны қалу мен үшін күнә бүгіп.
Қасына ала мойнақ күшік ерткен,
Алғы шепке кеп түсті бір жас жігіт.

Серігім Ақтөбеден, мен - Жамбылдық,
Ашылмаған қалмады ой жанда тұнық.
Тар окопта бөлісіп қасық суды,
Тар окопта шинелді бір жамылдық.

Жайдары жүз, кішілеу көзі қысық,
Бойы сұңғақ ашандау, сөзі пысық.
Ол өзін таныстырды Ардақпын деп,
Екеуміз дос боп кеттік тез ұғысып.

Күшігі тым сүйкімді ала мойнақ,

Солдаттарды жат көрмей, салады ойнақ.
Кейбіреу тіл катады өжуалап,
-Келдің бе,-деп ит ертіп бала тойлап.

Мұндайда серігімнің сағы сынбай,
Сөзімен заһар шашар бал ұсынбай.
Сендерде болса намыс жақсы дейтін
Дәл осы Мойнағымның намысындай.

Бұл сөзге қалса біреу ызаланып,
Бірі еріксіз жер шұқып қызарады.
Егесуге орын жоқ, тәртіп қатал,
Ол тәртіпті қай солдат бұза алады.

Мұндайда мойнақ ойнап ұрынбайтын,
Ұқтырып қос көзімен мұңын айқын
Жауғаң- жауғаң қарағыштап солдаттарға
Ағат сөзді ұққандай ырылдайтын.

Осылай ой сезімін аңдататын,
Бұл жүректі тырнайтын, шын бататын.
Барлық солдат амалсыз төмен қарап,
Арада жан қалмайтын тіл қататын.

Сәл үнсіздік... қайтадан жадыраймыз,
Шертеміз текті иттер жайлы аңыз.
Адамның ит жолдасы айнымайтын,
Ардактікі дұрыс деп жамыраймыз.

Манадан сұлық қалған тым қуарып,
Жанарына ойнақы күлкі дарып.
Мойнағының мойнынан сипап Ардақ,
-Жауынгер бұл да, дейтін шын қуанып.

Мойнақ та кеудесіне тұрған батып,
Өкпесі сөйілгенін бізге аңдатып.
Қуанышын паш етіп, шәу-шәу етіп,
Еркелейтін күйірігін бұлғаңдатып.

-Мен мұны ілестіргем жоқ еріккеннен,

Өрлігін жетті көкке көріп төбем.
Дейтін Ардақ,- бермейді бұған паяз,
Өзімнің несібемнен бөліп берем.

Кеткен бе маған басып шіркін бауыр,
Ойласам әрекетін бұл күн ауыр.
Ұрып та, қорқытып та, байлап- матап,
Мұны алып қала алмады бүкіл ауыл.

Қалды өкем, қалды шешем еңіресіп,
Қалды далам, өскен жер- кіндік кесіп:
Отан үшін қолына қару алған,
Маған Мойнақ ауылдан келді ілесіп.

Сол күннен біз Мойнақты жақсы көріп,
Аяладық ауыздағы астан беріп.
Тамып кетті мөлдіреп көзімізден,
Елге деген сағыныш жас боп еріп.

...Таң атып келе жатқан қызыл қанат,
Басталды қанды шайқас бір алапат.
Қорғасын оқ борады айқыш-ұйқыш,
Талай боздақ мезгілсіз болды опат.

Айнала қара түнек, қара түтін,
Сенеді бұған көрген соғыс өртін.
Жарылған бомбалардан жер солқылдап,
Қалмастай ыңыранды дала бүтін.

Жалмап жатыр тілсіз өрт тал ағашты,
Ақ қайыңнан мөлтек жас тамады ащы.
Ажал сепкен азалы, аждаһа үнін,
Естігісі келмей жел тұра қашты.

Түйіліп жұдырықтай тізе қосып,
Тобықтан кешіп жатқан қанды жосып,
Біз тұрмыз фашистердің құтын алып,
Отан үшін кеудені оққа тосып.

Көп айтып қайтем соғыс мен күйігін,

Баяндасам сол күннің ең түйінін.
Бұйрық алдық төтенше, командирден
- Жойыңдар,- деген шұғыл Н. биігін.

...Н биігі,
Бекінген жау қамал қиын,
Оқ борап тұрғызып тұр ала құйын.
Ұмтылып неше мәрте ала алмадық,
Тартуға тура келді нала күйін.

Бұйрық қатал,
еңсеміз түсті ауырлап.
Кеудеде алай-түлей кек те тулап.
Кенет қайта түйіліп сілкінгенде,
Мойнақ алға ытқыды жер бауырлап.

Жанымызға түскендей жара сызат,
Қалт қарадық ауырлап тыныс біз ап.
Белі толы жарылғыш ала Мойнақ
Басын тігіп өлімге барады ұзап.

Тұла бой сала берді аса мұздап,
Жүректі ауыр сезім баса сыздап.
Ардақ тұрды серт ұстап автоматын,
Екі бетін жып-жылы жас айғыздап.

Солдаттар кадалды алға көзін алмай,
Ішке тартып демдерін, тісін жармай.
Дүние кетті кенет аударылып,
Н. Биігі көкке ұшты күлі қалмай.

...Мойнақ өлді, өшпейтін ерлік сыйлап,
Оған қатты қамығып көндік жылап.
Талай жанды өлімнен алып қалған,
Ит сүйегін ардақтап көмдік жинап.

Іштей сездік Ардақтың ауыр күйін,
Жұбатар сөз мұндайда табу қиын.
Ерке мойнақ әркімге жүруші еді,
Еске салып туған жер, ауыл үйін.

Басына ескерткішке тақта қойып,
Өшпестей жаздық оған атын ойып.
Үш дүркін автоматтан салют беріп,
-Кек аламыз, - деп жаудан көзін жойып,

...Шырағым осы жайдың болғаны шын,
Қойсайшы ондағы жан толғанысын.
Ардақ жүрді әрдайым алғы шепте,
Атой салып туған ел, Отан үшін!

ДӘРІГЕР (шағын поэма)

Отыр өксіп келіншек басын алмай,
Күйзелісін жанының жасыра алмай.
Мұң болып атануы тұңғыш ана,
Қиналады гүл жарып ашыла алмай.

Жанарынан мөлдіреп жас тамады.
Қайтсін жоқ қолдан келер басқа амалы.
Көрші әйелдер абыржып, абыр- сабыр,
Мұндайда мықты болсаң саспа көні?

Жақтауына сүйенген босағаның,
Ащы даусы шығады жас ананың
Жасап жатыр кемпірлер ырымдарын,
Жалынып, атын атап "жасағанның".

Үрейден өң-жүзінің қаны қашқан,
Әйелдер отқа "жарыс қазан" асқан.
Иістен жын шайтандар үріксіз деп,
Шокқа сап қонырсытты адыраспан.

Шырақ жағып тоңмайға малып шиді,
Күн бұрын бір кемпір тұр алып "сыйды"
Көре алмай еш ырымнан құттай көмек,
Келіншек қиналады, талықсиды.

Қолданып түрлі ырымды әбден көріп,

Меселі қайтқан соң жұрт әбігерленіп,
Жұмсады үй иесін,- шақыр,- деп тез,
Сол шақта естеріне дәрігер келіп.

Түн көрпесі бүркенген қымтап бәрін,
Кең даланы, түйе жон қыр қатпарын.
...Жұмыстан кеш келсе де отыр дәрігер,
Кітапты қолына алып бір қал-қалың.

Қажулық жоқ жайдары өңі күліп,
Қалың томға қарайды ол үңіліп.
Ара кідік оқиды газет-журнал,
Жаңалықтың алмақ па бәрін біліп.

Ашып бір қалғанында таныс бетті.
Көп жайлар еске түсіп алыс кетті.
Елестеп өтті күндер студенттік,
Елестеп өтті жазған конспекті.

Ләззат ап бұл елестен қызық түрлі,
Ойланды маңдайына сызық тұрды.
Осындай тыныштықты белмедегі,
Бір дауыс кенет сырттан бұзып кірді.

...Беймезгіл түннің біраз болды уағы,
Тартты екен кімнің жүдеп солғын бағы?
Медикамент арқалап жеті түнде,
Шықты дәрігер асығыс жолға тағы.

Жас келіншек гүліндей атыраптың,
Қолды-аяққа тұрмай тұр "аңылап" тым,
Ажарынан айырылған алма жүзі,
Түсіндей бейне күзгі жапырақтың.

-Япырау, Жәмиләш па мынау шыннан,
Дәрігер ажырата алмай тұр даусынан.
Ол кеше жайраң қағып жүруші еді,
Бақшаның сияқтанып гүлі ашылған.

Шынымен сол ма әлде басқама бұл,

Тасытып өтті қанды баста дауыл.
Осы сәт жас жігітті тұрды жаншып,
Нешедегілді ойлар тастан ауыр.

Дәл өзі, Жәмилаш қой, қарады айқын,
Кешегі қимасына бағалайтын.
Екеуі қол ұстасып сонау күндер,
Аққулы айдын көлді жағалайтын.

Жол етіп сай мен қырдың аралығын,
Даланың бірге теріп лала гүлін.
Бауырында бір ауылдың қатар өсті,
Екеуі бірге тастап балалығын.

Қыз бірақ серттен айнып, тайып сөзден,
Болған-ды бір күн мүлде ғайып көзден.
Бұл болса махаббаттың күйігіне,
Өртеніп кете жаздап жанып төзген.

Саялы өтті елестеп жайқалып тал,
Сыр шерткен кездер тілден май тамып бал.
Соның бәрі жігітті тұрды қайрап
Дегендей кеткен өшті қайтарып қал.

Сүймесе өуре қылды текке несін?
Жігіттің өтті шарпып от денесін
Езіліп ауыр ойда тұрды дәрігер,
Еске алды ма бұл қызда кеткен өшін

Жәмилә кеше ғана тұрса күліп,
Бүгін түсті халге тым мүсәпірлік,
Жанына қайғы жамап кейде осылай,
Пендені етеді ғой құса тірлік.

Деді Ары: Төмендетпе бағыңды шын,
Жәрдем бер, жас құрбыңның ал алғысын.
Қолыңнан келсе сыйла жаз шуақты,
Тағдырдың сыйлай көрме оған қысын.

Кеудесінде кек пенен таласып Ар,

Орны бар ит жығыс боп аласұрар.
Жүрегі деді: "Сыйла ананы сен
Тағдырдан бақтан бұрын бала сұрар".

Түсінсең сен де ананың төсін емдің,
Нәр алып содан көктеп өсіп-өндің.
Сол үшін тіршілікке қарсы шықпа,
Өткенді ала көрме есіңе енді".

Күрсініп дәрігер қалды тағы ойлана,
Бармақшы қиянатқа қалай ғана.
Жаныңа ара түсер медет көріп,
Жаутандап есін жиса қарайды ана.

Қарайды дегендей-ақ кешір мені,
Дәл қазір аулақтатпа еш іргені.
Білем ғой өтінемін, ұмыта көр
Көлеңкелі жайларды есіндегі.

Атану қиын ба еді тұңғыш ана,
Таянды таусылуға құрғыр шама.
Кешегі отты армандар, төтті елестер,
Кім білсін мұң құшама, гүл құшама.

Кешегі көп қызықтар, қуанған шак,
Кім білсін адастырып кете ме алшак.
Әйтеуір бір жақындап, бір алыстап
Сағымдай көз ұшында тұр болашақ.

Дәрігер де тілек сырды отыр ұғып,
Жетектеп ойын алға небір үміт.
Құралын қолына алды, ол қашанғы
Сазармақ өткенді ойлап "опырылып".

Оған көп сенім арта жұрт қарады,
Ойынан қараулық та кілт тарады.
Бекінді ол қолын жайған қос өмірді
Қыл үстінен қалайда құтқарады.

Қалайда сәтті өтіп бұл сын өлі,

Қақ жарып қалың бұлтты күн шығады.
Қалайда жас нәресте жарық көріп,
Қалайда жайсаң ана тыншығады.

Орнынан бір сілкініп түрегелді,
Отырудың жөні жоқ жүдеп енді.
Жасауға буды белін операция,
Сүйетін адам ғой бұл жүрегі елді.

Қабакқа қырау қонып, мұз кептеліп,
Бір ойға бір ой жатты тізбектеліп
Бола ма адамшылық науқас жанды,
Ажалдан ап қалмаса іздеп келіп.

Көзір ол қалай ғана аласарар,
Жүрегі жақсылықты дара санар.
Бұл өзі ақ халатты абзал жан ғой,
Адамды хас ажалдан арашалар.

Сағаттың жылжи берді алға тілі,
Жігіттің жыли түсті жаңа түрі.
Ел тілегі: операция сәтті шығып,
Қалса екен ана тірі, бала тірі.

Биікке көтеріліп үміт талмай,
Ақ шуағын шашса екен күліп таңдай.
Есін жиса бір сәтке бала дейді,
Басқаны абзал ана ұмытқандай.

Беу, бала, неткен сонша ыстық едің,
Гүлдегер ата-ананың, дос тілегін.
Аузына алып жатыр ана сені,
Елемей ажалдың да сұсты лебін.

Алтын табак балқыған ару күнім,
Төгуде терезеден лағыл нұрын.
Сол нұрға бойы балқып бала емізіп,
Жәмилә отыр еске ап бәрін бүгін.

Алма жүзі албырып арайланып,

Сәбиін бір толғанып, бір айналып,
Кеудесіне қысқанда құшырланып,
Үй ішіне қуаныш тарайды анық.

Дейді: ерекше жақсы жан қорған бар да,
Бақыт нәрін болады мол қармауға,
Сонан соң ризалық білдіреді,
Ажалға арашашы болған жанға.

Оны баста әурелеттім текке несін,
Деп бірде мұз қариды от денесін.
Шынында нағыз жігіт сондай болмақ,
Жақсылықпен қайырды кеткен өшін.

Алтын табак балқыған- ару күнім,
Төгуде терезеден лағыл нұрын.
Сол нұрға бойы балкып, бала емізіп,
Жәмилә отыр еске ап бәрін бүгін...

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР (өлең-очерк)

Пай-пай, шіркін, сәукелелі тау қандай,
Сылдырлаған бұлақтары саумалдай.
Себелейді айналаға сүт нұрын,
Қойлы ауылдың төбесінен туған ай,

Малға, дөнге таудың толы құшағы,
Қарлығаштар су қақпайлап ұшады.
Сұлу екен колхозды ауыл даласы.
Сұлу екен дүниенің бұл шағы.

Бала, дала... неткен сұлу даласың,
Ау, сағымдар, қайда маңып барасың.
Иығына қондырып ап маялар,
Көтереді таңның шапақ баласын.

Кең жазықта етек- жеңін түрініп,
Бағаналар бара жатыр жүгіріп
Сұлу қыздай күн кірпігін қадайды,

Жайлау дейміз малы толы бұл сайды,
Отқа тойған қой-қозылар жусайды.
Тау етегі.

Жотадағы ақ бидай
Сарғыш түсті алжапқышқа ұқсайды.
Неткен байлық...
Жазираның ұрты май,
Адам, адам тіршілікке шын құдай.
Іскер қолдан бүйірі шыққан мына жер,
Ыңырсиды жемге тойған жылқыдай.

О, Жер-ана! Адамзаттың тұрағы,
Өзіңсің ғой тіршіліктің бұлағы.
Адам қолы ажарынды кіргізіп,
Дарияны тың жерлерге бұрады.

Адам ісі - Болашақтың мүлкі ғой,
Біздің өмір қуанышты күлкі- той.
Адам жаны асығады арманға,
Адам қолы- молшылықтың кілті ғой.

Ауыл орнап, Жер бетіне сән қонып,
Адам тері Жерде өседі дән болып,
Адам ойы- Космоста да жүр кезіп,
Адам ісі- шырқалады ән болып.

Малға, дөнге таудың толы құшағы,
Қарлығаштар су қақпалай ұшады.
Қандай сұлу колхозды ауыл даласы,
Қандай сұлу дүниенің бұл шағы

Ақын- қиял кетті шарлап Меркені,
Сол туралы бір хикая шертелі.
Еңбек сүйгіш бұл аймақтың, бұл жұрттың,
Нұрлы екен бүгіннен де ертеңі.

Жасыл жайлау "Сүлүтөр" мен "Сусамыр":
Ризамын олар жайлы туса жыр.
Сұлуланып кетеді екен тамаша.

Таң шығымен бұжыр бетін жуса қыр.

Бастамасы- Адам, Еңбек тіл сөздің,
Құшақ жайып, Еңбеккерлерге қол создым.
Танысыңыз нысыпы- Оспан Үмбетов,
Бастығы ол Жамбыл атты колхоздың.

Каталдық пен биязылық онда бар,
Өмірінен өлең- жырды томдап ал,
Әр адамның таразылап мінезін,
Әр адамның жүрегіне жол табар.

Бұл ағаның жұрт біледі ойшылын,
Жақын досы қырдағы ол қойшының.
Дихандармен қап қолдасып қырманда,
Шопандармен қырқысады қой жүнін.

Шабындықта пішен ору өнбей ме,
Қызылшаға жетіспейді қол дей ме...
Коммунистік жанарменен бір барлай,
Штурвалға отырады ол кейде.

Ұнатады ол дүйім жұрттың күлкісін,
Ұнатпайды ол жауқаулардың күйкі ісін.
Қырдағы астық, жайлаудағы қалың мал,
Осағанның күнде ұрлайды ұйқысын.

Жігері жок, қуыс кеуде, бос арман,
Жақтырмайды ол, жігіттерді босалаң.
Сменасыз еңбек етіп келеді,
Өз халқының депутаты Осаған.

Қызылшаны семіртеді күн нұры,
Әндетеді- колхоздың бар бұлбұлы.
Шелек- шелек сүт фонтанын шапшытып,
Келеді алда Нұрия мен Нұрбібі.

Сиыр сүтті қанша уыз, қанша май,
(Қаймақ көрсем тұра алам ба тамсанбай)
Сүт сауғанда саусақ қалай билепті,

Сахнада билейді олар дәл солай.

Қойшы Дәмен, Сағат, тыным тапқан ба,
Жауында да қой бақты олар шатқалда:
Осылар ғой күнге күйген шілдеде,
Осылар ғой күзеткен қой ақпанда.

Қанат жайып, өсіп жатқан өркені,
Ақын - қиял кетті шарлап Меркені.
Еңбек сүйгіш бұл аймақтың, бұл жұрттың,
Бүгіннен де нұрлы екен ертеңі.

* * *

Соғыс кезі...

Бұдан талай жыл бұрын,
Көк аспанда күңіреніп тұрды күн.
Оқтын- оқтын айырына сүйеніп,
Пішен жинап, бүкірейіп жүрді кім?

Мезгіл қауырт жатады кім шалқиып,
Жетім-жесір жүрегінде бар күйік.
Астық артқан ескі арбаның үстінде,
Отыр өне, кара бала қалқиып.

Жетіспейді тасуға астық сан арба,
Жетіспейді адам күші, қанар да.
-Майдан үшін, Жеңіс үшін бәрі де,
Ыза, кек бар жарқыраған жанарда.

Таудан көшіп келе жатыр бұлттар,
Болмау керек сәтсіздікке кіріптар.
Баданадай құрсағында әр дәннің,
Колхозшының тері тамған тірлік бар.

Маңдай терсіз тегін жатқан ас барма,
Қыбырлайды кәрі- құртан, жастар да.
Күні-түні қауырт жұмыс қырманда
Күні-түні іс басында басқарма...

... Неге бүгін тым кеңілсіз Осаға,

Көңілсіздік іске жігер қоса ма?
«Бригадирлер» қап жоқ» дейді қырманда,
Ал, уақыт жоқ дегенді тоса ма?

Үйге келген Оспан аға аптығып,
Жұбайына айтты сөзін нақты ғып.
Төр үйдегі алашаның бәрін де
Ал, бәйбіше, тігіп жібер қап қылып...

-Өз дүниесін қап жасаған кім өзі,
Деп Қалбүбі күйбің қағып жүр өзі,
Дүниеге жақын келер бір елі,
Әйелдердің бар ғой қызық мінезі.

-Қой бәйбіше, бұрыс жаққа кетпе есіп,
Ел ішінде күн көрерміз ептесіп,
Құрысын мүлік, қан майданда адамның,
Көкірегін жатқанында оқ тесіп.

* * *

Бүгінгі өскен зәулім үйлер, көше кең,
Жамбыл атты дархан колхоз осы екен.
Осы ауылда азамат боп өткерді,
Қиын- Шатқал кезеңді Осекең.

Жамағатпен біте қайнап төл өскен,
Ләззат тапқан достық- ақыл кеңестен.
Оспан жүрген жердің бәрі молшылық,
Оспан шыққан белес биік, белес кең.

Сұлулыққа мейір тіпті тұр қанбай,
Көк теректер көңілге жыр құйғандай.
Маужыратқан колхоздың көк аспанын
Құрманғазы құйқылжытқан күй қандай.

Қандай сұлу колхозды ауыл өңірі,
Қандай жарқын адамдардың көңілі.
Өлең- жыр ғой батыр қолдар қабарған,
Өлең- жыр ғой жақсы адамның өмірі.

...Айдың, жүзі жасырынды тасаға,
Мәжілістен қайтты үйіне Осаға.
Үлкен бақыт- еңбек ету ол үшін,
Үлкен бақыт- семья, төр, босаға.

Ол отырды өткенді ойлап алғашқы,
Жүрегіне кенет шаттық жалғасты.
-Папа, шаршап келдің бе,- деп Ырымбек
Етігіне томпаңдап кеп жармасты.

Шіркін сәби өз көмегін ұсынбақ,
Дәу етікті тартып жатыр пысылдап.
Бүйрек беттен сүйді құшып әкесі,
Бүлдіршінін көкірегіне қысып ап.

Ол осылай туған жерде бір шың боп,
Ауылының көшін алға жүр сүйреп.
Күндіз- түні шапқылайды, "Колхоздың,
Әр адамы бақытты өмір сүрсін" деп.

Ол айнымай жұмыс басты қалпынан,
Ол айнымай Коммунистік салтынан.
Өндірісте командир боп келеді,
Алғыс алып арқа сүйер халқынан.

АҚЫН
(Ілияс Жансүгіровке)

Елестеп өткен күннің өткендері,
Жанымды тебірентіп жүр көптен бері.
Шіркін-ай, неге үсікке ұрынады,
Өмірдің гүл жамылған көктемдері.

Неліктен жазды қуып қыс келеді,
Неге гүл кейде жүдеу түске енеді.
Неліктен тек жақсылық жасауға тек,
Қолдармен қиянаттық істеледі.

Неліктен бұл дүние аса қызық,
Неге жел жапырақты қашады үзіп.

Неліктен өмір кейде қату келіп,
Көзіңнен жібереді жас ағызып.

Нұрлы күн мені біліп жымиясың,
Неңдей күш талқандады жыр ұясын.
Достардан қандай дауыл ажыратты,
Халқымның қасиетті ілиясын...

* * *

Бөлмеде тек өзіне жарасымды,
Жыр етіп отыр ақын жаңа сырды.
Уақыт өте берді алға сырғып,
Таудан шығып аспанға ай асылды.

Отыр ақын өлеңнен лағыл есіп,
Биіктеп арманы да бағы да өсіп,
Кенет бұзып осы бір тыныштықты,
Үсті- үстіне асығыс қағылды есік.

Отырған жақын жаңын жыр мекендеп,
Ойлап жатпай сыртта кім тұрды екен деп.
Есігін ашты жедел күлімсіреп,
Өзіне келген достың бірі екен деп.

Сол-ақ екен қос адам өктем кірді,
Суалды жақ қуарып төккен нұрды.
Сол-ақ екен жайдары ақын жүзі,
Бірте- бірте жамылды көк теңбілді.

Жүздерінен мейірім кеткен қашып,
Кіре берді өлгілер өктем басып.
Осы сәт үй іші де жүдеу тартып,
Қуаныш уайымға жатты алмасып.

* * *

Қуып шығып ізгі ойдың бар асылын,
Бұлт торлады көңілдің жарасымын.
Тұрды ақын бірер минут тоймай қарап,
Жүзіне жатқан ұйықтап баласының.

Жүректің ыстық қанын тасыттырып,
Сүйеді ол жарын төске басып тұрып.
Жүзі суық келгендер ойлы ақынды,
"Жүр-жүрдің" алды астына асықтырып.

Қалмады сезім ойда саябыр түк,
Дүние кетті сол сәт алабұртып.
Ақынның:- Қайтып келем,- дегеніне,
Сенбей жары, жаутандап қарады үркіп.

Осылайша талайды өмір өкпелетті,
(Қайтем жазып бұл жайлы көп деректі).
Білмеді ақын сол түні зайыбының
Босанғанын құшақтап көк теректі.

Күрсініп жасын төгіп "жаралы" аймақ,
Жылады жұртта қалған анадай нақ.
Амал не, кейде шындық кеудесіне,
Жалғандық осылайша салады ойнақ...

* * *

Өтті жылдар...өзекті от қармады,
Қайта кеп ақын жұмыс атқармады.
Ортаға ертең оны достарының:
-Келеді,- деген ойы ақталмады.

Өтті жылдар, алға озып талай шұбап,
Келмеді ақын көрмеді арай шуақ.
Айтындаршы құм болып жаншылмастан,
Бұған жүрек тұрады қалай шыдап.

Ол келіп, қайта тысқа таңнан шығып,
Құс өнін тыңдамады алғанша ұғып.
Әйтсе дағы ақынның топан жыры,
Біз үшін терең тамыр жайған шыбық.

Жыр-Ту ол,
Осыны шын сезем де мен.
Жүздесем қилы- қилы кезеңменен.
Түсінем патшаның да өшпек аты,

Тек ақынның қуаныш- сөзі өлмеген.

Есімі ұқсап оның нұрлы асылға,
Жазира заманымның жүр басында.
Ақынның тұлпар- жыры жете бермек,
Топ жарып бір ғасырдан бір ғасырға...

ЖАЗИРА
(Сыр)

Балалық, сені баладан,
Қызғанам әлі бар сырым.
Қиғысы келмес сан адам,
Балалық неткен бал шырын.

Келмеді қиғым күнәсіз,
Менің де бала шағымды.
Зулады алға күн әзиз,
Уақытқа жаным бағынды.

Жыл өте берді өнін сап,
Бір жастан шықтық бір жасқа.
Айналды енді жалынсақ,
Балалық мойын бүрмасқа.

Ұзаттық жазды, күзді де,
Таң атып неше күн батты.
Айырды уақыт бізді де,
Балалық шақтан қымбатты.

Сияқты бейне жұлдыздар,
Жарығын төккен далаға.
Бізбенен құрдас көп қыздар,
Болды ана екі- үш балаға.

Кей құрдас "қызық" күйге еніп,
Өткізіп мәнсіз күндерді.
Қиналмай қызға үйленіп,
Қиналмай бөлініп үлгерді.

Сияқты ертек біз айтсақ,
Балалық күндер бастапқы.
Маңдайға қазір сызат сап,
Әжімдер түсе бастапты.

Көшеде достар кез келсек,
Жас шақты еске аламыз.
Құралай сынды қыз көрсек,
Қадала қарап қаламыз.

Дегендей іштей ұрынып,
Бара ма бізді күлкі етіп.
Қараса қыздар бұрылып,
Қалады бүйір бүлк етіп.

Қанатты құсы көңілдің,
Адамды ұшпас қайда алып.
Сөйлейді өзі өмірдің,
Жалынды жырға айналып.

Асыра түсіп мерейін,
Өтуде уақыт тынбастан.
Тыңдаңдар шертіп берейін;
Балалық шақтан бір дастан.

Жанымның сырын ұғатын,
Жазира-ау, қайдан жүрсің сен.
Сағыныш жас боп шығатын,
Өзіңді ойлап күрсінсем.

Құшағын жайып саялы,
Жазира, келдің несіне?
Өткен бір күндер баяғы,
Кетті ғой түсіп есіме.

Ашқандай болдың ұйқымды,
Екен ғой қиын көзкөрген.
Аққусың әлі сүйкімді,
Қалпың жоқ ешбір өзгерген.

Шашып түр өлі шуағын,
Сол қалпы- нұрың көздегі.
Ерекше толқып қуандым,
Жазымсың бала кездегі.

Жауқазын жарған қызғалдақ,
Сияқты жайсаң бақтағы,
Мінезің, көркің бәз қалпы,
Жазымсың бала шақтағы.

Өзінді, мөлдір күлкінді,
Жүрсем де еске ап қия алмай.
Болып ең маған бір түрлі,
Қол жетпес биік қиялдай.

Бұрмас ем мойын өзгеге,
Кеттім ғой түлеп жасарып,
Қуаныштан толқып көзге де,
Қалыппын білмей жас алып.

Жатыр ғой жүрек түбінде,
Екеуміз көрген іс толып.
Ойға алып мені бүгінде,
Келдің бе ұшып құс болып.

Еске алдым сонау кезімді,
Жырымнан кетті от өріп.
Келді ме екен өзінді
Махаббат, бақыт көтеріп.

Іздеуші ек кеше тек гүлді,
Қол ұстасып қырды асып,
Ұйқысыз талай көп түнді,
Ұзатқан едік сырласып.

Ұмытқан ол бір түндерді,
Жаңылсам айтып толықтыр.
Өзіңмен өткен күндерді,
Шығайын жырмен шолып бір.

* * *

Достықтың сырын жақсы ұғып,
Көрші боп тұрдық талай жыл.
Сені апаң маған тапсырып,
Деуші еді, ылғи, қарай жүр.

Көп доспен саған бола мен,
Жақсылы, жаман дестім де,
Неше ме о жар баламен,
Сен үшін төбелестім де.

Өткен күн сағым емес пе?
Қайбірі есте қалады?
Сен үшін талай егесте,
Білдің бе мұрыным қанады.

Көктемде тауға бардым да,
Көк жасыл гүлдер жинадым.
Берін өкеп алдыңа,
Берін саған сыйладым.

Босатып алып ұн салған,
Жәшікті жонып көп өңдеп,
Азапқа түстім мен саған.
Ойыншық жасап берем деп.

Шегені неше түсіріп,
Ұстамай дұрыс қолға мен.
Бармақты алдым ісіріп,
Сōғып ап қатты балғамен.

Шытпадым қабақ онда да,
Көрсетіп мінез байыпты,
Ұстаттым өкеп қолына,
Кішкентай ағаш қайықты.

Қолымнан алғаш сый алып,
Қызықтап біраз бөгелдің,
Қалдың ба кенет ұялып,
Көл жаққа қаша жөнелдің.

Оныа сенің мәз болып,
Жадырап күндей қабағым,
Соңынан тұңғыш жаз болып,
Қиылып ұзақ қарадым.

* * *

Маңдайдан ыстық күн өтіп,
Тілгізіп тасқа табанды,
Тұрғыздық мая көп етіп,
Мал үшін жинап сабанды.

Шаршауды білмей күн- түні,
Жеңгейлер мықты боп алды.
Ұмытты ел ойын-күлкіні,
Балалық бізден жоғалды.

Көрмеді төсек- жастықты,
Қабакты қарттар шарт түйіп,
Бастырып таспен астықты,
Тау ғылып олар жатты үйіп.

Қырманнан астық тасуға,
Жетпей де жатты сан арба,
Көкірек толды ашуға,
Ыза-кек толды жанарға.

Азабы аз ба ол жылдың,
Еске алып бәрін нетелік?
Біздерге келіп сен жүрдің,
Торсықпен сусын әкеліп.

Ол жылға әлі қапамыз,
Қызғанған тойын шат-қызық.
Жұмыстан келсек апамыз,
Қойды ғой талқан тартқызып.

Айтқанды істеу міндетін,
Күйінгін, мейлі күйінбе.
Әкесіз қалған кіл жетім,

Жарымай қойдық киімге.

Кетті жұрт болып саналы,
Бір-бірін көзбен түсінді.
Кей жанды қағаз қаралы,
Қайғылы халге түсірді.

Почташы қартты көргенде,
Қап жүрді жүрек дір етіп,
Кей үйге ол тосын кіргенде,
Шошыды бөбек шыр етіп.

Саған да хабар әкелді,
Жазығы қанша о қарттың,
Майданға кеткен өкенді,
Мәңгілік енді жоғалттың.

Жан досын басса салқындық,
Күйзелмей ғана кетер кім,
Сол шақта сені жарқын ғып,
Қайғынды келді көтергім.

Қайтейін бірақ мұнымды,
Тілекті тағдыр бермеді.
Зіл батпан сенің мұңыңды,
Таркату қолдан келмеді.

Күтіп бір жеңіс сағатын,
Көп жанға жүрген айға ұсап.
Кетті ғой соғыс апаты,
Жазылмас мәңгі қайы сап.

Ақ көйлек алғаш кидің де,
Түзеттің сәндеп шашыңды.
Сәулеті еніп үйдің де,
Ажары мүлдем ашылды.

Жетсем деп қызыл лентаға,
Күрсіндің сонда бір налып,
Ақшасы болмай қалтада,

Қалды анаң оған қиналып.

Ойыңды осы білдім де,
Қабыржып қабақ шыттым мен.
Бір сырды ішке түйдім де,
Дүкенге қарай зыттым мен.

Тұрдым да мұнда лентаның,
Көрмек боп ұстап бірін көп.
Түбіне кенет қалтаның,
Сүңгіттім оны дірілдеп.

Түнеріп кетіп келді де,
Дүкенші кенет алдыма,
Жіберді мені перді де,
Ісімді сезіп қалды ма?...

Дөңгелеп кетті жер деген,
Жылауға шамам келмеді.
Шұрқырай қалды ел деген,
Жанарым түкті көрмеді.

Шапалақ тиді қу жаққа,
Кінәлі өзім не шара.
Мені алды біреу құшаққа,
Өлді-ау деп сорлы бейшара.

Өлтірмей тіпті аз қалдың,
Болмап па ең бала өзің де.
Май- құртын ауылдастардың,
Қоймайтын ұрлап кезінде.

Ашумен не ісің өнеді,
Жасаған болар балалық.
Жасауың сенің жөн еді,
Ұрмай-ақ бұған ағалық.

Деді ренжіп біреулер,
Атып оны көзбенен.
Жабыла сөгіп жіберді ел,

Дүкеншіні сөзбенен.

Мейірімді екен әйелі,
Еріне қатты түнерді.
Лентаның бірін әдемі
Ақшасыз беріп жіберді.

Басымнан сипап және көп,
Жылама жаным бар-деді.
Баламен болдың бала деп,
Күйеуін қатты жерледі.

Есімді жидым жедел мен,
Жұбанып оның сөзіне.
Осындай жолмен әкелгем,
Бір сыйды кеше өзіңе...

* * *

Жүр әлі менің жадымда,
Көлге де барған кездерім.
Тұрушы ең қарап жанымда,
Мөлдіреп қара көздерің.

Кетуші ең кейде жүгіріп,
Елікке ұқсап елеңдеп.
Көк шалғын шөпті қыдырып,
Көбелек ұстап келем деп.

Жасаған қолдан қармақпен,
Күн бойы тұтсам бір балық.
Өзіңе сый деп арнап мен,
Беруші ем жүзім нұрланып.

Есінде шығар өзінді,
Қорқыту үшін кейде мен.
Тас жұмып екі көзімді,
Сүңгуші ем көлге жейдемен.

Ербейтіп екі қолымды,
Бір батып суға, бір шығып.

Көрсетіп қана жонымды,
Барамын десем тұншығып.

Жағалап көлді жүгіріп,
Шынымен сеніп сөзіме.
Қалушы ең шошып шыңғырып,
Мен үшін ап жас көзіңе.

Ойға алып ол бір кезді мен,
Қиялға тәтті бағындым.
Күндерді өткен өзіңмен,
Аяулым, қатты сағындым.

* * *

Татулық ақты селге енді,
Ортайтып көңіл сабасын.
Бір күні келіп сендерді,
Көшіріп кетті нағашың.

Сыңарынан ажырап,
Лағындай қалған киіктің.
Өзінді қимай мен жылап,
Қамықтым қатты, сүйіктім.

Жаутандап қарап жолыңа,
Уайымға бойды алдырып.
Көп тұрдым ұстап қолыма,
Айнаңды кеткен қалдырып.

Қабакқа қайғы мұң іліп,
Көңіліңнің жүдеп гүл бағы.
Артыңа қарай бұрылып,
Жаутандай бердің сен-дағы.

Жас кетті көзден моншақтап,
Бар еді сенде күш қандай?
Көрінді маған сол шақта,
Арманым алыс ұшқандай.

Жазираш, шіркін, не жетсін,

Жүргенге еркін далада.
Жан құрбың тыңда сөз етсін,
Жатқанын ауруханада.

Бұлаңы көп қой қыруар,
Байқасаң өмір жолының.
Сол сынды ғажап сыры бар,
Ораулы менің қолымның.

Таратқан күнге шапағын,
Жадырай қарап кеше мен.
Жұмысқа келе жатқанмын,
Алаңсыз жаяу көшемен.

Отырды ойнап қос ұлан,
Алдында жолдың бойында.
Ел өтіп жатты қасынан,
Күдік жоқ ешбір ойында.

Құстарды кенет үркітіп,
Жол шаңы қою өрілді.
Келе жатқан күйғытып,
Бір машина көрінді.

Машина зулап бұрылмай,
Екпіні желмен бара-бар.
Келеді, бұған ұрынбай,
Сау қалмақ қалай балалар?

Мені үрей шыннан жеңді ме,
Жолға келмей алға өлім.
Айқаулауға көрдің бе,
Үнімнің шықпай қалғанын.

Қашатын емес балалар,
Ойыңға енген бір қызық.
Мәз болып күлді әне олар,
Тастардан сарай тұрғызып.

Сан ойлар келді басыма,

Балаға көзім түскенде.
Жақындап қалды машина.
Шоферы сау ма, ішкен бе?

Қос гүлдің көз алдында,
Солғанын қалай көргейсің?
Көмекке қапы қалдың ба?
Қос жұлдыз сәнді дегейсің.

Бойыма толды батылдық,
Көңілден ұшты үрей мұң.
Алға мен оқтай атылдым,
Адамға өмір тілеймін.

...Құлатты бір күш өзімді,
Білмеймін одан арғысын.
Бір кезде ашсам көзімді,
Қос ана айтып алғысын.

Айналдым деп біреуі,
Алдыма келіп құлады.
Басымды сүйеп біреуі,
Солжылдап тұрып жылады.

Қараңғылық кім білсін өңің?
Алған ба торлап көңілді,
Көк талдар сонда бүлдіршін,
Қап-қара болып көрінді.

Шалғандай ашық көңілін кір,
Тұнжырап қапты халайық.
Аспан сондай көгілдір,
Көрінді маған қарайып.

Машина екі қолымды,
Біліктен қанға малыпты.
Тағдырым, оң ғып жолымды,
Қос бала тірі қалыпты.

Кешқұрым ауруханада,

Әйтеуір толық ес білдім.
Қос қолды қос жас балаға,
Құрбандық етіп кестірдім.

Демеймін ренжіп хал жаман,
Өкінбен өсте мұныма.
Қос азамат қалды аман,
Қос қолымның құнына.

* * *

Жазира көзің мөлдіреп,
Жанымда үнсіз тұрдың көп.
Жатқаныңды мұнда кеп,
Достардан естіп білдім мен.

Көңілімнің көңіл аспаны,
Қалықтап көкте жүзді әнім.
Сақайтып мені тастады.
Әкелген сенің тұз-дәмің.

Жасырмай айтсам бүгінде,
Өзіне көп жыр арнаппын.
Әйтседе оның бірінде.
Сүйем деп айта алмаппын.

Ұяндық шығар бәлкім бұл,
Амал не болсам ұяң мен.
Әйтседе саған әр күн гүл.
Тапсырып жүрдім қиялмен.

Бірақ сен қайтем басқаның,
Бакыты болдың баянды.
Өз гүлін үнсіз ашпады.
Мендегі сезім аяулы.

Салғанын басқа тағдырдың,
Міндет қой алу көтеріп.
Амал не енді, жан құрбым,
Дос болып қана өтелік.

Тілерім жарың сезімді,
Жан болып менше күйсе екен.
Мәңгілік жаным өзінді.
: Мендей боп қана сүйсе екен.

Ойлаймын болашағыңды,
Жүгіріп алға бұл күнде.
Өйтсе де бала шағыңды,
Ұмыту, сірә, мүмкін бе.

ЖАРАСҚАН ЖАНДАР
(Баллада)

"Жүргенде хабар күтіп сағынып шын,
Келді ұшып кептер хаты сағыныштың.
Міне, енді сәті түсіп өзін жакқа,
Мен дағы бал шаттықты алып ұштым.

Кәмелетке жетті жас қуанамын,
Кел деген тілегінді құп аламын.
Өйткені мен де аса ынтызармын,
Гүлді баққа бөлеуге тың алабын.

Жеңіл іс емес әсте іздегенім,
Жеңілге құштар емес қыз дегенің.
Маған төн нәзіктікті олқысынба,
Қөресің еңбегімді түзде менің.

Болушы ем сенен өзге гүлі кімнің,
Сенсіз жоқтай осынау құны күннің.
Құшағыңды аш ақ адал ниетіңмен,
Жайнайын жұлдызы боп үмітіңнің..."

Ләззаттан осындай бір хат алғалы,
Қырғызбай тағат тауып жата алмады.
Ұйқысыз бір түн өтсе сағынышпен,
Күтеді келер таңды атар тағы.

Сәт еді аспан шайдай ашық тұрған,

Қайда да жұпар иісін шашып тұр маң.
Үстінде отыр жастар ән шырқаған,
Келеді бір машина асып қырдан.

Бәрі мәз, көңілдерін көктем еткен,
Шаттықтан төбелері көкке жеткен.
Машина күтпегенде бұрылып кілт,
Ауа жаздап тоқтадың уһ, кенеттен.

Аууға аз-ақ қалған машинадан,
Құлады жер үстінде шашылды адам.
Бәрі аман, тек бір ару тұра алмады.
Он екіде бір гүлі ашылмаған.

Ол Ләззат, тым қинала ыңырсыды,
Жайдары жанарынан мұң ыршыды.
Дариға-ай, Құралай қыз қайтпек енді,
Сыныпты оң аяқтың жіліншігі.

Шұрқырап жастар қызға төне қалды,
Ғайып боп көңілдерден ән ырғағы.
Әп-сәтте жүздерінен тайып шаттық,
Әбігерге түсті барлық құрбылары.

Қысқарып қою түннің қанаты әні,
Келеді жайлап атып дала таңы.
Аурухана. Осында жатыр Ләззат,
Амалсыз мекен етіп палатаны.

Аурухана. Мұнда көп жан қысылған,
Қайғып қайғырудан жүзі сынған.
Бір шеткі төсектегі Ләззаттың да,
Денесі жүз суынып, жүз ысынған.

О, неткен тағдыр - азап үстем еді,
Кей шақта жаншылып қыз тістенеді.
Албырап екі жүзі алма кезек,
Бірде боз, бірде қызғылт түске енеді.

Мөлтүлдөп жанарынан тамшы үзіліп,
Қарайды бір нүктеге құр сүзіліп.
Дамылсыз өтіп жатыр көз алдынан,
Бір жүрген Қырғызбаймен күн тізіліп.

...Есінде үй маңына гүл еккені,
Арманын есінде өнмен түлеткені.
Есінде жігіт қолын ұсынғанда,
Ең алғаш жүрегінің дір еткені.

Есінде ауылының нұрлы аспаны,
Ұзақ түн Қырғызбаймен сырласқаны.
Есінде күні кеше өзімен бір,
Қуанышын бөліскен құрдастары.

Есінде асығып та аптығысып,
Жігітпен тілдескені "қақтығысып".
Есінде күні кеше уайымсыз,
Жүргені жанарынан шаттық ұшып.

"Ертең де кешегідей жүрем бе енді",
Деп бір сәт тұрмақ болып жігерленді.
Әйтседе гипстегі сынған аяқ,
Дариға-ай, қызды еркіне жібермеді.

Даланың жұта түстім тұщы лебін,
Кеудемнен өлең- құсым ұшты менің.
Тілегін тоғыстырған екі жастың,
Жарасты шын махаббат күшті ме едің?..

ГҮЛШАТ (поэма)

Осы қыз туралы өсерлі әңгімелеп берген
Ұлы Отан соғысына қатысушы партизан
Әліпбай Балдыбековке арнадым.

Албырап жүзі жайнаған,
Отан деп сокқан жүрегі.
Көзінде күлкі ойнаған,
Көп жастың Гүлшат бірі еді.

Кең жайған өркен, желісін,
Арманы, ойы, тілегі.
Арнаған барын ел үшін,
Отаншыл жастың бірі еді.

Өзгедей ол да гүлдеді,
Ұшырып биік қиялын.
Өзінің бірақ білмеді,
Өмірін ерте қиярын.

Қуана қарсы ап әр жылды,
Бой түзеп өсіп, өрімдей.
Достары қатар ол жүрді,
Еленіп ерек көрінбей.

Талпынып шыңға өрледі,
Қызығын көрер ол аңсап.
Кетер деп ойлап көрмеді,
Бір жылдар жанға қаяу сап.

Сый-құрмет көріп елінен,
Білмеді өршіл, бұл қыз боп.
Мезгілсіз өмір көгінен,
Түсерін ағып жұлдыз боп.

Білмеді нұрлы жолынан,
Зұлымдық отын көрерін.
Өзінің дұшпан қолынан,
Қасқайып тұрып өлерін.

Білмеді мәңгі от болып,
Алаулап кейін жанарын.
Басына өшпес бақ қонып,
Атының өшпей қаларын.

Бүгінде таудың тасына,
Құйылған оның мүсіні.
Тұрады тартып қасына,
Жүгіткіп барлық кісіні.

Жатады тербеп сезімді,
Жан-жағы толып гүлдерге.
Жетектеп кетер өзінді,
Жалын-от шашқан күндерге.

* * *

Жеткізді жайсыз жаңалық,
Болмады бақыт мына таң.
Эфирден үні таралып,
Сөйледі диктор Левитан.

Сөйледі ол таңнан жар сала,
"Тыңдандар, бөрің тыңдандар.
Тілі басқа болса да,
Тілегі бір туғандар.

Өрт алды байтақ даланы,
Қасиетті жерге жау кіріп.
Талқандап жатыр қаланы,
Жаңбырша оқты жаудырып.

Өрт алып жатыр бар манды,
Аспанда самсап самолет.
Жоймақ боп асқақ арманды,
Бомбалап бүлік салады от.

Келеді таптап құлшына,
Фашистер жайпап әр үйді.
Найзаның іліп ұшына,
Тірідей балғын сәбиді.

Паналап сайды, төбені,
Талайлар кетті қаңғырып.
Басқыншы жаулар келеді,
Жерлерін жүрген қан қылып.

Бұрын-соңды болмаған,
Келеді өртті жандырып.
Жиырмаға әлі толмаған,
Аруды жесір қалдырып.

Әлі де гүлін жармаған,
Келеді отап бақтарды.
Жауына қарғыс арнаған,
Тірідей көміп қарттарды.

Жатқан ба ерлер бұйығып,
Алапат бұлтын жайғанда.
Дұшпанға қарсы түйіліп,
Ұл-қыздар, аттан майданға!"

* * *

Жайылды тұман жер-көкке,
Көңілде күлкі тыйылып.
Шымырлап барлық жүрекке,
Ыза-кек жатты құйылып.

Зіл қара ауыр тастардай,
Иыққа қайғы батты алып.
Ауылда көрі-жас қалмай,
Майданға жатты аттанып.

Жүрекке салды қайғы ізін,
Армандар қанша үгіліп.
Ұзатып тұрып жалғызын,
Шал-кемпір қалды бүгіліп.

Телміріп ерлер жолына,
Қараған кезде мұң тұнып,
Қаншама ана қолында,
Бөбектер қалды ұмтылып.

Есігі мәңгі жабылып,
Қалған үй қанша қаңырап.
Тілегі тасқа шағылып,
Жан қанша қалған аңырап.

Дауылды жылғы тақсірет,
Таңбасын басты баршаға.
Мезгілсіз шегіп қасірет,

Қартайды жандар қаншама.

Қалайша естен шықпақ бұл,
Қыздарға бақыт құсындай.
Азамат қанша бір шоқ гүл,
Арманда кеткен ұсынбай.

Тынымсыз қызыл вагондар,
Батысқа қарай зулады.
Қарс жауып қабақ адамдар,
Кеудеде намыс тұрады.

Таратты Гүлшат әр үйге,
Жалынды ұран қуатты.
Қарттармен балғын сәбиді,
- Жакын,- деп жеңіс жұбатты.

Қыран боп жауға шүйлігіп,
Көрсетті ерлік ол нағыз.
Достары жүрді сүйініп,
Ерлігі ғажап болды аңыз.

Жасқанып жаудың күшінен,
Жүрмеді өзін қалқалап.
Сан өрттің шықты ішінен,
Жаралы жанды арқалап.

Окопта қалған қансырап,
Көрсетіп көмек талайға.
Топырақтан аршып ап,
Арқалап барды тоғайға.

Мылтықпен ұрып шүйдеден,
Сақшысын жаудың талдырып.
Поезды дәрі, оқ тиеген,
Құлатты жолдан тайдырып.

Таңертең алыс, жақынға,
Тұрсын деп шашып алауын.
Қадады биік шатырға,

Елінің қызыл жалауын.

Қол соғып бұл жеңіске ел,
Білді оны барлық атырап.
Гүлшат десе немістер,
Тік тұрды шошып, қалтырап.

Айқайлап, дұшпан дүрлігіп,
Жынданбай енді жетеді.
Қараңғы түссе сап бүлік,
Тандырып естен кетеді.

Келеді үдеп қауіптер,
Әр кеште ойран тұр төніп.
Түн болса қирап танктер,
Жатады қойма өртеніп.

* * *

Аңырап отыр аңша ұлып,
Алапат соғыс басталды.
Жатты үйлер жер боп жаншылып,
Аспаннан бомба тасталды.

Көрсетіп жарқын маңайды,
Жауды да кетті оқ борап.
Партизан жатқан тоғайды,
Өртеді жауыз отқа орап.

Пулемет, пушке, автомат,
От құсып тынбай сайрады.
Төксе де күшін қат-қабат,
Жау жақтан көп жан жайрады.

Сонда да өршіп жауыздар,
Танкті алға шұбатты.
Жер бетін орап қарлы ызғар,
Ысырды терек шуақты.

Боздата айтып дала әнін,
Гүлдерін өртке тонатты.

Фашистер жинап бар әлін,
Орманға оқты боратты.

Он шақты қалған партизан,
Атысып жатты беріспей.
Деді, олар қатал бізде заң,
Түспейміз қолға өліспей.

Дүние кенет дөңгелеп,
Күй төгіп өтті қаралы.
Атысқан жаумен жол бөгеп,
Гүлшат қыз болды жаралы.

Суық жел басты салтына,
Азалы өнге салатын.
Көгершін құстың қапыда,
Ол қиып өтті қанатын.

* * *

Гүлшатты фриц сұраққа ап,
Бастады қайта "әуенді".
Келеді көрің жуықтап,
Айтасың ба, ал енді.

Айтып бер тірі қаласың,
Партизандар ұясын.
Әйтпесе жазаланасың,
Өміріңді қиясың.

Шындықты айт, көне болмаса,
Қазық қып жерге қағамын.
Құтылу қиын ал жаса,
Әйтпесе бір-ақ шабамын.

- Жок,- деді Гүлшат,- түкті де,
Сұрама менен білмеймін.
Сұрағың құзғын бітті ме,
Найзаңа түйреп іл мейлің.

Жас қызға тұрған бас ұрмай,

Офицер көрін текті кеп.
Шыныңды айт деп жасырмай,
Ақырды жерді тепкілеп.

- Партизан қайда, қай жақта,
Қай жолмен оған өтеді.
Жарылғыш тастап бей уақта,
Штабты кімдер өртеді.

Айкайлап жендет ызбарлы,
Көзіне қанды сұс толды.
Қасына қыздың жүз барды,
Жұдырықтап ұрып столды.

Долданды қызды жазғырып,
- Қасарып, байқа, көремін!
Өзіңе көрді қаздырып,
Тірідей жерге көлемін.

Аламын сылып терінді,
Шыныңды қоймай айтқызам.
Бүлікшіл серіктеріңді,
Біртіндеп тұрып атқызам.

Әйтсе де Гүлшат қасқайып,
Қаймықпай тұрды тергеуде.
Жанарын мөлдір жас шайып,
Түспеді төмен өр кеуде.

Өзгерді жендет мінезі,
- Өрлікті таста сен бикеш.
Әңгіме қиын бұл өзі,
Барасың қайда әрбір кеш.

Болсаң да қанша төзімді,
Мойныға бәрін алғызып.
Түсірем екі көзіңді,
Алдыңа ойып, ағызып.

- Не үшін келдің бұл маңға,

Айт анығын, бұлданба.
Неліктен түн болғанда,
Тартасың қалың орманға?

Достарың қайда?

- Білмеймін.
- Жоспары қандай?
- Білмеймін.

- Сөйлеме, жалған, шындықты айт,
Шындықты айт, тірі қаласың.
Демегің бізді сырды ұқпайт,
Түсінгін, зерек баласың.

- Алып ең қандай тапсырма?
- Ешқандай.
- Оларда бар күш қандай?
- Ешқандай.

Булығып фриц долданып,
Өз шашын өзі жұлды кеп.
Көзәйнегін қолға алып,
Безгегі ұстап жүрді көп.

Қайтадан кенет ақырды,
Шақшиып көзі жыны ұстап.
Ашынып қызды жаққа ұрды,
- Жауап бер, кане, дұрыстап.

- Жок,- деді Гүлшат,- аңшап отып,
Түтіп же мейлі көнемін.
Аяққа біздің жаншылып,
Жатасың ертең сенемін.

- Не дейді, айтқан сөзінен,
Таймай ма, әлде тая ма?
Кел, енді бітті төзімнен,
Жазала, саба, аяма.

Аяма, тебен инемен,

Піскіле бармақ, денесін.
Көрейін басты имесін,
Ажырат тырнақ көбесін.

Сокқыла, тандыр есінен,
Ағызып түсір жанарын.
Төкаппар қайқы төсінен
Кесіп ап лақтыр анарын.

Аяма, қайтсын өшім бір,
Түншықтыр суға батырып.
Далаға апар, шешіндір,
тірідей таста қатырып.

Көрейін мұндық сұсты мен,
Мойнына қамыт сал ағаш.
Көктайғақ қардың үстімен,
Дүрелеп жүргіз жалаңаш.

...Жендеттің айтқан өмірі,
Шетінен жатты істеліп.
Көрмеген жайды өмірі,
Көтерді Гүлшат тістеніп.

Қаршадай қыздың ерлігі,
Жерледі жауын күйінтіп.
Жазуға қиын ерлігі,
Жылатты жұртты сүйінтіп.

Жас қызға азап бұл аз ба,
Башпайын қарға тілгізіп.
Далада тұрды аязға,
Жалаңаш төсін сүйгізіп.

Қанынан жатты қақ тұрып,
Үстінен аққан тамшылап.
Айналды теріс, бет бұрып,
Қарауға батпай жан шыдап.

Бір тамшы қан жоқ бетінде,

Бозарып ерін кезеріп,
Аязда, желдің өтінде,
Тіл қатпай тұрды безеріп.

Ол қашан мұны көксеп ед,
Жасырмай жаны тұрды өсіп.
Денесі бейне көк цемент,
Қақайып қалды сіресіп.

Күзғындар қатты ашынды,
Отпен де оны жасқады.
Маңдайы шокқа басылды,
Сонда да жағын ашпады.

Беріспей іштей шайқасып,
Азаппен қанша алысып.
Тісімен тісі айқасып,
жағы да қалды қарысып.

Қоң өтке штық сүңгітті,
Тамаққа пышақ тақады.
- Айттың ба деді шындықты,
Батыр қыз басын шайқады.

Еңсені Гүлшат түсірмей,
Тайсалмай қарап тұрды өктем.
Жендеттер қойды түсінбей,
Жан еді темір бұл неткен?

Түк істей алмай ақыры,
Қамауға қызды жүрді алып.
Ауысып есі, ақылы,
Эс-эс-тер жатты жынданып.

* * *

Қақаған аяз қыс күні,
Құрылды бір дар алаңға.
Шығады жаудың сұсты үні,
Жан-жағы толы адамға.

Білмеді жайын жөндеп те ел,
Көрмеген сұмдық қалды ма?
Гүлшатты айдап жендеттер,
Әкелді дардың алдына.

Батыр қыз қайтпай шыдады,
Қалмады азап жармасып.
Фашистер үкім шығарды,
Жоюға оны дарға асып.

Жатса да ісі оңға аспай,
Жасқанып қыз жоқ қорыққан.
Қып-қызыл болып он башпай,
Қар кешіп тұрды тобықтан.

Өлімді ол жоқ ойлаған,
Қарап тұр күле миықтан.
Сау тамтық үсте қалмаған,
Әр жерге қатқан ұйып қан.

Бойында ыза кек тасып,
Білетін емес қайғыны.
Қарайды көзі от шашып,
Жасқанып жауды айбыны.

Жүзіне түсті із-айғыз,
Көзінен жұрттың жас тамып.
Ұйқыға кетпек мына қыз,
Мәңгіге жерді жастанып.

Қарайды талмай от шашып,
Жалт та жұлт етіп қос көзі.
Биікке шығып нық басып,
Арқанға мойын тосты өзі.

Азалық күйін шертті жел,
Шерменен мұнды молайтып.
Егіліп іштей кетті ел,
Жеткізе алмас жан айтып.

Келеді әлі нетелік,
Құлақтан кетпей сол дүбір.
Еңсесін Гүлшат көтеріп,
Сөйледі сөзін соңғы бір:

- Демеңдер мені қорқады,
Фашистер айтар жоқ сырын.
Ел үшін өлсем болғаны,
Атанбай сатқын, жексұрын.

Ұлы Отан бізді күні ертен,
Құрметтеп биік қояды.
Қанқұмар жауды күл етіп,
Үстінен жердің жояды.

Таласып таумен шоқтығы,
Өседі ұрпақ жайқалып.
Көрмейді шалқар шаттығы,
Тұрғанда ерлер шайқалып.

Төгіліп бейбіт шуағы,
Әлдилеп әні жер үстін.
Алаулап толқын тұрады,
Советтік туы жеңістің.

Ерлік бар бізде жыр етіп,
Үлгі ғып ұрпақ айта алар.
Сендерді жауыз жер етіп,
Кегімді елім қайтарар.

Дарға асып мені өлтіріп,
Жандарың сұмдар жай табар.
Алдыңа бірақ келтіріп,
Кегімді елім қайтарар.

Мақсатқа жетіп тоқтайтын,
Болсаңдар мені құртыңдар.
Артымда мені жоқтайтын,
200 миллион жұртым бар.

Жиылып мұнда тұрғандар,
Еліме менің сәлем де.
Жеңістің туын туғандар,
Қадасын барлық әлемге.

Ырқына жаудың көнбеңдер,
Біздікі жеңіс сеніңдер.
Тірілсін десен өлгендер,
Тірліктің дәнін себіңдер.

Бұршігін өртке шалдырмай,
Жапырақ жайсын армандар.
Фашистің бірін қалдырмай,
Жойыңдар артта қалғандар.

"Тоқтат, сонша әндеттің",
Қыз сөзін осы үн кетті үзіп.
Түкірді Гүлшат жеңдеттің,
Бетіне былш еткізіп.

...Күйзеліп кетті ел жүдеп,
Күңгірене шығып жатты үні.
Мезгілсіз тоқтап бір жүрек,
Бір жанның солды бақ гүлі.

Жап-жаңа өрши сөйлеген,
Жап-жас қыз жүзі албырап.
Қобырап шашы желменен,
Биікте қалды салбырап.

Гүл ұстау үшін жаралған,
Он саусақ тас боп түйілді.
Жас парлап мың сан жанардан,
Мың сан бас төмен иілді.

Жайқала өсіп бас жарар,
Сабақтан бір гүл жұлынды.
Ақ таңға құмар қос жанар,
Ұйқыға кетті жұмылды.

Бұл қыздың таудың тасына,
Қойылған қола мүсіні.
Тұрады тартып қасына,
Табынтып барлық кісіні.

Жатады тербеп сезімді,
Жан-жағы толы гүлдерге.
Жетектеп кетед өзінді,
Жалын от шашқан күндерге...

Жаңадан көркі ашылып,
Бастаған кезде өрлене.
Сағаттан дарға асылып,
Салбырап қалды бал дене.

Жүректі жылытып тастаған,
Токтады суып жас қан да.
Қыршын қыз дарға асылған,
Тербеліп тұрды аспанда.

Кім білген мұндай қайсарды,
Көрмесе адам сенбейтін.
Бұзбастан қалпын байсалды,
Сапарға кетті келмейтін.

Қанатын қомдап бара құс,
Жап-жаңа тұрған нұрланып.
Бойынан кетіп бұла құш,
Биікте қалды ырғалып.

МАЗМҰНЫ

Ә. Қалдыбаев, Асқан ақын	5
Ә. Асылбеков, Ақынын ардақтаған біздің халық	7
БІРІНШІ БӨЛІМ	
ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӨР ТАСЫ ҚЫМБАТ МАҒАН	8
Сәлем туған ауылым	9
Ауылым	-
Ауылға келгенде	10
Луговойым	13
Өзінді ылғи көргенде	14
Асыр салып төрінде	15
Қарасу	-
Мен туған үй	16
Дала	17
Қойлы ауыл кеші	-
Көл жиегінде	18
Сусамыр	-
Домбыра	19
Ескерткіш	20
Жеңіс күні	21
Мылтық	22
Диқан	23
Диқан қуанышы	24
Көктем таңы	25
Қыз қуу	-
Гүлдер сынды қаулап шыққан өңірге	26
Жеңілтек су өрден құлап алға ақты	-
Табиғатқа қояр кінә бар ма айып	27
Табиғат та кетті қалғып тыныстап	-
Күз келіп қалған ба?	-
Күз	28
Дауыл	29
Түн	-
Ақша бұлт	30
Жалғыз қайын	-
Қамшы	31
Жаңа жылға тілек	-
Жаңа жыл құтты болсын	32
Ақсақалдар	33

Біздің қарттар	-
Ардагерлер	33
Армысың ауылымның адамдары	37
Әкеме	-
Анама	38
Дәрігерге тілек	39
Отырар едің, жарықтық	-
Жазсам жақсы өлеңді	40
Әжелер	41
Аға	-
Қызыма	42
Жеңешеме	43
Әйелдер	-
Достарға	44
Достар, достар	45
Аурухана дәптерінен	50
Күйші досыма	53
Домбырашы досыма	54
Мұқағалиға	55
Құлан (Тұманбайға)	-
Әлдиханға	56
Өзіл (күрдасым Базарға)	57
Бір күрдасқа	58
Бір ініме	-
Құла айғыр	59
Қасқалдақ	60
Қыран	61
Қасқыр	-
Қарақұйрық	62
Еліктің лағы	-
Аққу	63
Жалғыз қаз	64
Тырналар	-
Бозторғай	65
ЕКІНШІ БӨЛІМ	
ОҢАША ОЙМЕН ҚАЛҒАНДА	
Жүрегімді тыңдашы	67
Жүрегім менің жаралған ыстық сезімнен	68
Қысылу жанға қиын ба	-
Түсінгеннен түсінбеген көп мені	69
	69

Шалқы көңіл	70
Бала кезде мейірімге кенде ме ем	-
Өзіңе ілесуді талап етіп	71
Мөңгілік саналатын жаныма азық	-
Кездер көп жанға өмірдің мұны батқан	72
Сенің жасып жүргенің маған батты	-
Бақыт қонса өмірде тасымайық	73
Тілек	-
Календардың ұшып жатыр парағы	74
Тағдыр мейлі бақытыңды қимадың	75
Күндер өтіп барады сусылдаған	-
Елімнің еркін өскен баласымын	-
Жандар бар...	76
Арман көп...	77
Жанымда жарады көп гүлін дарын	-
Тілеймін бақыт	-
Жүрегім менің жырлайды	78
Өз өзімнен	-
Кешір мені	79
Ақын деген	-
Жырларым асырайды	80
Айтысымыз қорғасын ел намысын	-
Сезім ұшқындары (Төрттағандар)	81
ҮШІНШІ БӨЛІМ	
МАХАББАТСЫЗ ДҮНИЕ БОС. Абай.	
Хат (сыр)	85
Өзің жайлы өлеңдер	86
I. Іздеймін сені	91
II. Күттім сені	-
III. Сыр шертетін өзің боп	92
V. Есіңнен шығып кеттім бе?	-
Есінде ме	93
Ораласың ба, көктемім	94
Терезеңнен телміріп	-
Көрші қыз	95
Көкшіл альбом	-
Сурет	96
Мен сені сүйдім бе, сүймедім бе	-
Келіспедік	97
Ол кезде қызық еді-ау	-
	98

Сен кешіктің	98
Жүрсін десең алаңсыз мені егерде	99
Ұмытып кетпе мені	100
Төзім керек	-
Онашада	-
Көктем күні	101
Сені іздедім	-
Күрсіне көрме	102
Керемет	-
Қайдасың, құрбым, бұл күнде	103
Қара қыз, қайдасың?	-
Сүйді ме екен	-
Бір қыз көрдім	105
Қол айна	106
Беторамал	107
Есіңе ал	108
Ойға шомдым	-
Бұзылмасын тыныштығым	110
Есіңе мені алдың ба?	-
Би кешінде	111
Басында сұлу еді!..	-
Ақ тілек	112
Той әсері	113
Ұмыта алман	114
Күту	-
Есінде ме?	115
Күрсінбеші	-
Арман	116
Биде	-
Мені ойға аласың ба?	117
Тұңғыш сый	-
Сенбе маған	118
Мүмкін емес	-
Бір өзіңсің	119
Түсінбедің	-
Өкініш	-
Түсініксіз	120
Сәлем айт	-
Мені ұмытқан жоқ шығарсың	121
Сен дегенде	121

Қайтейін...	122
Дұрыс қылдың	-
Қайда екен?	123
Есіме алдым	124
Ұяндық	-
Сағыныш	125
Шыныңды айтшы	-
Басымды ием	126
Ұғысармыз	-
ТӨРТІНШІ БӨЛІМ	
КҮЛІМДЕ, БӨПЕМ!	
Армысындар, балалар!	128
Сапқа тұр, жас ұлан!	129
Жасырынбақ	-
Күшігім	130
"Сәуле"	-
Қарындасым бар менің	131
Еріншек	-
Өрімтал	132
Қош бол, балабақшамыз!	-
Қатар өстік бәріміз	-
Өтірік өрге баспайды	133
Қалсын анам қуанып	-
Алма биі	134
Жеңіс	-
Гүлдер	-
Аттың суреті	135
Қызық бұлттар қаз бауыр	136
Құлық	-
Бағбан	137
Жарыс	-
Сақшы	138
Мені жақсы көреді	-
Тышқан	-
Өткеншек	139
Қораз	-
Қаздарым	-
Қоян	140
Тырналар	-
Күшік пен мысық	-

Түлкі	141
Лағым	-
Құлыншақ-ұрыншақ	142
Аралар	-
Таң	143
Жаз суреті	-
Күз	144
Жаңа жыл	-
Қар жауып тұр	145
Боран	-
Жау-жау, жаңбыр	-
Құлын	-
Қуыспақ	146
Мысығым (I)	-
Мысығым (II)	147
Бала мен кірпі	-
Түн	148
Көктем әуендері	-
Ұя жасадым	149
Сыбызғы	-
Ана	-
Көл жағасында	150
Көзмоншақ	151
Сырнай	-
Үйрегім	152
Көнбейді	-
Жел мен бұлт	153
Санамақтар	155
Кім қанша жаста?	156
Қызық сөздер	157
Жұмбақтар	158

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ПОЭМАЛАР, БАЛЛАДАЛАР

Мойнақ (баллада)	161
Дәрігер (шағын поэма)	165
Өнегелі өмір (өлең-очерк)	170
Ақын (Ілияс Жансүгіровке)	175
Жазира (сыр)	178
Жарасқан жандар (баллада)	190
Гүлшат (поэма)	192

Редактор Болат Жаппарұлы
Техникалық редактор Берікжан Батыршаев
Корректор Күләш Телетаева

Теруге 29.06.98 жылы берілді. Басылымға 26.07.98 жылы қол
қойылды. Пішімі 60х90, 1/16. Компьютерлік теру. Гарнитура Prag-
matica kazakh. Шартты баспа табағы 7,4. Басылым офсеттік.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 1417. Бағасы келісім бойынша.

Жамбыл облыстық баспаханасы.
484000, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 22
тел. 33284, 31664.